

Э. Сариков, Б.Хайдаров

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІ

9

*Ўзбекистан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі жалпы орта білім беретін мектептердің
9 сыныбы үшін оқулық ретінде ұсынған*

Төртінші басылым



ТАШКЕНТ – 2019

УДК 37.015.6(075)
ББК 65.01ya7
S-32

Пікір білдірушілер:

А.Н. Саттаров – Республикалық білім орталығы “Экономикалық білім негіздері” пәнінің әдіскері;

Х.Т. Жуманов — Низами атындағы ТМПУ “Экономикалық білім негіздері пәнін оқыту әдістемесі” кафедрасының доценті.

**Республикалық мақсатты кітап қоры қаржысы есебінен жалға беру үшін
басылды.**

© «**Huquq va Jamiyat**» баспасы, 2019.

ISBN 978-9943-07-297-8



МАЗМҰНЫ

Оқулықты пайдалану бойынша жалпы нұсқаулар..... 5

I тарау. Іскерлік және өндіріс

1-тақырып. Кәсіпкерлік	8
2-тақырып. Фирма және оның түрлері	12
3-тақырып. Акционерлік қоғам	16
4-тақырып. Фирма ұйымдастыру	21
5-тақырып. Фирманың қаржылары және қаражаттары	25
6-тақырып. Жалпы табыс, пайда және зиян	29
7-тақырып. Экономикалық қызметті талдау.....	33
8-тақырып. Фирманы басқару — менеджмент	37
9-тақырып. Маркетинг	41
10-тақырып. Өндіріс және экология	45
I тарауды қайталауға арналған сұрақ және тапсырмалар.....	49

II тарау. Мемлекет және экономика

11-тақырып. Мемлекеттің экономикалық міндеттері	56
12-тақырып. Мемлекеттік бюджет.....	60
13-тақырып. Банк жүйесі	64
14-тақырып. Мемлекеттің экономикадағы рөлі.....	68
II тарауды қайталауға арналған сұрақ және тапсырмалар.....	72

III тарау. Салық түрлері

15-тақырып. Табыс салығы	78
16-тақырып. Мүлік салығы	82
17-тақырып. Жер салығы	86
18-тақырып. Акциз және қосымша құн салығы	90
III тарауды қайталауға арналған сұрақ және тапсырмалар.....	94





IV тарау. Экономикалық өсу

19-тақырып. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер.....	98
20-тақырып. Экономикалық өсу және даму	102
21-тақырып. Өзбекстан Республикасының экономикалық әлеуеті.....	106
IV тарауды қайталауға арналған сұрақ және тапсырмалар.....	110

V тарау. Инфляция және жұмыссыздық

22-тақырып. Инфляция және оның түрлері.....	114
23-тақырып. Инфляция салдарлары.....	118
24-тақырып. Еңбек биржасы және жұмыссыздық.....	122
25-тақырып. Әлеуметтік қорғау құралдары.....	126
V тарауды қайталауға арналған сұрақ және тапсырмалар.....	130

VI тарау. Әлемдік экономика

26-тақырып. Халықаралық сауда	134
27-тақырып. Халықаралық экономикалық қатынастар	138
28-тақырып. Валюта курсы	142
29-тақырып. Әлемдік экономиканың ділгірліктері	146
30-тақырып. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс	150
VI тарауды қайталауға арналған сұрақ және тапсырмалар	154
9-сыныпта өтілгендерді қайталау және тест жұмыстары.....	156





ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҮСҚАУЛАР

Оқулықтың әрбір тақырыбына тиісті материалдар төмендегі бөлімдерге бөлінген және оқулық беттерінде белгілі тәртіппен орналасқан, кейбір бөлім белгілі бір белгімен ажыратып берілген.

1. Сабақтың реттік саны мен тақырыптың аты.
2. Сабақтың тақырыбын ашып беруге көмектесетін ділгірлікті жағдайға тиісті көрнекі мәлімет, сурет, кесте, диаграмма және тағы басқалар.
3. Тақырыпқа сай, негізінен үйде оқуға берілген негізгі мәтін.
-  4. Берілген ділгірлік жағдайға тиісті белсенділікті арттырушы сұрақ және тапсырмалар.
-  5. Сабақта пайдаланылатын тірек ұғымдардың сипаты.
-  6. Меңгерілген білімді тереңдету, қайталау және өзін-өзі тексеру үшін берілген сұрақтар.
-  7. Есептеуді талап ететін іс жүзіндік жаттығулар мен сабақтар.
-  8. Іздену және шағын тәжірибе өткізу үшін оқушыларға жеке-жеке берілетін дербес жұмыс істеу тапсырмалары.
-  9. Өз бетінше ойлау және білімдерін тереңдету үшін берілген сұрақтар.
-  10. Тақырыптың есте сақтау тиіс болған сабақтың өзекті үзінділері.
-  11. Елімізге тән шығыстық құндылықтар, ғылым тарихына байланысты сұрақ және тапсырмалар.
-  12. Тақырыпқа тиісті дүниетанымды кеңейтетін қосымша мәліметтер.
-  13. Баға белгілеулер.
-  14. Экономикалық түсініктерді өзара байланыстыратын формулалар.
-  15. «Өзіндік жұмыс» айдарындағы қосымша материалдар.





Оқулық бойынша Экономикалық білім негіздері пәні 9- сыныпта 30 тақырыпқа бөліп берілген. Әрбір тақырыпқа тиісті материалдарды бір сабақ барысында және үйде үйрену керек.

Жаңа тақырыпты түсіндіруде, негізінен жоғарыда сипатталған 2–5 бөлім материалдарымен істеу керек.

3-бөлімде берілген материалдарды, негізінен үйде оқу және үйрену үшін пайдалану керек.

Сабақтың тақырыбын бекітуді 6-бөлімдегі сұрақ пен тапсырмалар және 7-бөлімдегі жаттығулар арқылы іске асырған жөн.

8-бөлімдегі тапсырмалар шағын іздену және тәжірибе ретінде оқушыларға дербес жұмыс істеуге берілген.

9–12 бөлімдердегі сұрақтар, өзекті пікірлер және құндылықтар өз бетінше пікірлеу, білімдерін байыту, іс жүзінде қолданып көру және өзін тексеру мақсатында жұмсалғаны жақсы.

Оқушылардың назарын 4-бөлімдегі кілт атаулар мен 10-бөлімдегі тақырыптың өзекті пікірлеріне аудару керек.

Үйге тапсырма сабақта талқыланбаған 9–10 бөлімдегі сұрақ және тапсырмалар негізінде берілгені жақсы.

Әрбір тарау соңында берілген қайталау үшін сұрақ және тапсырмаларды өтілгендерді өз бетінше қайталау және аралық бақылау жұмыстарына дайындалу мақсатында пайдалану ұсынылады. Берілген тест жұмыстары аралық бақылауды жүзеге асыру үшін тест дайындауға үлгі ретінде қызмет етеді.

Оқулықтан, сонымен қатар «Өзіндік жұмыс» айдарындағы материалдар да орын алған. Бұл материалдарды оқушылар сабақтан тыс уақыттарда үйренулері мақсатқа сай. Бұл материалдар оқушыларды еркін пікірлеуге, ізденуге, зерттеуге үндейді. Оларға елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформалар туралы мәлімет береді. Бұл материалдармен жұмыс істеуде, әрине, ұстаздардың және ата-аналардың көмегін, кеңестерін пайдалану қажет.



*Кәсіпкерлік қызметті қолдап-қуаттау бойынша жұмыстар
жедел жалғасады.*

Шавкат Мирзияев



I тарау. Іскерлік және өндіріс





1-ТАҚЫРЫП

КӘСІПКЕРЛІК



? БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Суреттегі адамдар кәсіпкерліктің қандай түрлерімен шұғылданады? Бұл адамдардың қандай ортақ және өзіне тән ерекшеліктері бар?

2. Кәсіпкер адамдардан кімдерді білесің? Олар қандай қызметпен шұғылданады? Олар қандай кісілер?

Кәсіпкерлік дегенде, адамдардың пайда алу мақсатында тәуекел негізінде өз қаржысын, мүлкін, білімі мен мүмкіндіктерін іске қосып, тауар өндіру және қызмет көрсету қызметі түсініледі. Кәсіпкерлікті басқаша айтқанда іскерлік немесе бизнес деп те атайды. Мұндай қызметпен шұғылданушыларды *кәсіпкерлікке қабілетті, іскер* немесе *бизнесмендер* деп атайды.



Кәсіпкерлік — адамдардың пайда алу мақсатында, тәуекел негізінде, өз қаржысын, меншігін, білімі мен мүмкіндіктерін бағыттап тауар өндіру және қызмет көрсету қызметі.

Кәсіпкерлер – пайда алу мақсатында тауар және қызметтер жарату үшін тәуекелді мойнына жүктейтін тұлға.

Іскерлік қызметі адамнан:

- бастапқы меншік пен қаржыны іске қосуды;
- еркін экономикалық қызмет жүргізуді;
- пайда алуға ұмтылуды;
- еңбексүйгіштік пен қайраттылықты;
- барлық жауапкершілікті өз мойнына алуды;
- заңға мойынсұнған күйде жұмыс жүргізуді;
- адал бәсекелестікке қатысу сияқты ерекшеліктерді талап етеді.

Іскерлікті дамытудың ең маңызды шарттарының бірі – жеке меншікке негізделген еркін бәсеке ортасының пайда болуы.



Кәсіпкерлік базар экономикасына тән қызмет. Базар экономикасы жағдайында кәсіпкерлік – табиғи, капитал және еңбек факторларымен бірге өндірістің негізгі факторына айналады. Өйткені өндірістің осы іскерлік факторы қалған үш факторды біріктіру мүмкіндігін береді. Кәсіпкерлік қоғам үшін қажет, өйткені бұл қызметтің нәтижесінде жаңа, қосымша жұмыс орындары жасалады. Іскерлік тек тұтынушылар үшін ғана емес, мемлекет үшін де қажет әрі пайдалы қызмет. Мемлекет кәсіпкерлікке кең жол ашып бере отырып, халықты жұмысқа орналастыру, көп тұтынатын тауарлар және қызметтермен қамтамасыз ету міндетінен белгілі бір мағынада өзін азат етеді. Сонымен қатар кәсіпкерлік қызметтен алынатын салықтың есебінен мемлекет қазынасы байиды. Сондықтан мемлекет іскерлікті жан-жақты қолдайды.



Құндылықтар

Сайыпқыран Әмір Темірдің “Іскер, мәрттік пен сабырлылық иесі, шешімі қатты, іскер де сергек адам, мыңдаған жұмыссыз, жарамсыз адамдардан жақсы” деген насихатын түсіндір.

Кәсіпкерлік *бизнес-идеядан* басталады. Бизнес-идеяның қаншалықты дұрыс таңдалғаны – бизнес жетістіктерінің ең негізгі және бастапқы алғышарттарының бірі болып саналады. Бірақ бизнес идеяның өзі ғана табысты бизнес үшін жеткілікті емес. Ол үшін анық есеп-қисапқа негізделген жоспар түзу қажет болады. *Бизнес-жоспар* – бизнес-идеяны жүзеге асыру мақсатында орындау қажет болған, өзара сәйкестендірілген іс-әрекеттер бағдарламасынан құрылған құжат. Мәселен, ойыңа тамаша бір бизнес идея келді. Оны жүзеге асыру үшін саған қаржы керек. Қаржыны банктен немесе танысыңды серік етіп табуың мүмкін. Олар қаржысын “бос” сөзге бермейді. Сен өз идеяңды қағазға түсіріп, есептеп, шынында пайдалы екенін дәлелдеуің керек болады. Бір сөзбен айтқанда, бизнес-жоспар түзуің, оның табысты болуына, алдымен өзің сенуің және серіктеріңді де сендіруің керек. Ал бизнес жоспар, бірінші кезекте, іскердің өзі үшін қажет.

Әдетте, бизнес-жоспар:

- кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы;
- өндірілетін тауар немесе қызметтің сипаты;
- өндірісті ұйымдастыру және басқару принциптері;
- өндірістің қаражаттары, түсім, жоспарланған пайда және оның бөлінуі;
- өндірілетін тауар немесе қызмет базарының талдауы;





– соңғы қорытындылар секілді мәліметтерден құралады.




Бизнес жоспар – бизнес-идеяны жүзеге асыру мақсатында жасалуы қажет өзара сәйкестендірілген іс-әрекеттердің бағдарламасы.

Олардың кейбіреуімен танысып шығамыз.

Өндіріс қызметіне негізделген іскерлікте өндірістің табиғи, капитал және еңбек факторлары бірігіп әрекет жасайды. Кәсіпкер өндіріс факторларын – жер, ғимарат, құрал-саймандар, құрылым, шикізат сатып алады, жұмысшы жалдайды. Әртүрлі тауарлар өндіреді және тұтынушыларға сатады. Әдетте іскерліктің мұндай түрімен беделді, бизнесте жақсы абыройға ие болған, болашақты көздеп жұмыс істейтін іскерлер ғана шұғылданады. Іскерліктің коммерциялық түрімен айналысатындар тауарларды сатып алады, кейін тұтынушыларға сатады. Әрине, мұнда тауардың сатылу бағасы, оның сатып алған бағасынан жоғары болады. Бағалардың арасындағы айырмашылық іскердің пайдасына қалады.



Сауда (коммерция) – тауарды белгілі бір бағамен сатып алып кейін басқаларға өз пайдасын көздеп қымбат бағада сатудан құралған кәсіпкерлік қызметі.



Кәсіпкерліктің коммерциялық түрі экономикада маңызды орын алады. Коммерсанттар өндірісшілер мен тұтынушылар арасындағы байланысты жеңілдетеді, алып-сату қатынастарды жандандырады. Өндірісшілер мен тұтынушылар арасындағы, 1.1-сызбада коммерсантсыз, 1.2-сызбада коммерсант жәрдеміндегі байланыстар сызбасы мұны айқын көрсетіп тұр. Сызбаларда өндірісшілер мен тұтынушылар саны төртеу болған жағдай берілген. Енді олардың саны он, жүз немесе одан да көп жағдайды ойлап көрші.

Қаржылық кәсіпкерлік коммерцияға ұқсайды. Тек финанстық





іскерлікте тауар алып-сатудың орнына ақша және бағалы қағаздарды алып-сату жүзеге асырылады. Ақша қаржылары қарызға беріледі. Шет ел валюталары, акция және басқа бағалы қағаздар сатып алынады және сатылады. Финанстық іскерлікте қарыз берілгенде пайыз көрінісінде, ал бағалы қағаздар алып-сатылғанда оларды сату және сатып алу бағалары арасындағы айырмашылық көрінісіндегі пайда игеріледі.



Қаржылық кәсіпкерлік — ақша және бағалы қағаздарды алып-сатумен байланысты кәсіпкерлік қызметі.

Іскерліктің сақтандыру түрі қазіргі күнде кең тараған. Мұндай қызметпен жоғары беделге ие іскерлер шұғылданады, өйткені ол үлкен бастапқы қаржыны талап етеді. Іскер түрлі кездейсоқ жағдайлардан көрген зиянды толтыруға белгілі ақы есесіне кепілдік беретін тұлға ретінде қызмет көрсетеді. Қазір несие сақтандыру, меншікті сақтандыру, өмірді сақтандыру, медициналық сақтандыру сияқты сақтандыру түрлері бар. Мұндай сақтандыру түрлерінде үздіксіз төленетін сақтандыру төлемдері есесіне, төтенше бір жағдай болып қалғанда көретін зиян немесе жоғалтудың орны толтырылады.



Сақтандыру — әртүрлі кездейсоқ жағдайлардың нәтижесінде пайда болатын қаржылық ділгірліктерден қорғау қызметі.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Кәсіпкерлік дегенде нені түсінесіңдер?
2. Кәсіпкерлікке қабілетті адамды сипаттап беріңдер.
3. Кәсіпкерлер саны артып келе жатқанының себебі не деп ойлайсыңдар?
4. Кәсіпкерлік әрқашан да пайда алып келе ме?
5. Кәсіпкерлік қызметтің түрлерін санап өтіңдер.
6. Коммерциялық және қаржылық кәсіпкерліктің ұқсастықтығы мен ерекшелігі қандай?
7. Сақтандыру дегеніміз не және оның өміріміздегі маңызы қандай?
8. Кәсіпкерлік қызметтің қай түрі қоғамымыз үшін маңызды деп санайсыңдар?
9. Кәсіпкерлік қызметтен мемлекет, кәсіпкердің өзі және тұтынушылар қандай мүдде көретінін санап өтіңдер.



Мұны есіңде сақта!

- Кәсіпкерлік қызмет пайда табуды көздейді және ол тәуекел етуді талап етеді.





2- ТАҚЫРЫП

ФИРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Суреттердегі кәсіпкерлік қызметтердің қай бірін ұйымдастыру күрделірек? Неліктен?
2. Олардың қайсысын бір адамның жалғыз өзі ұйымдастыруы және жүргізуі оншалықты қиын емес?
3. Қайсысын серіктестікте ұйымдастырған жөн?
4. Суреттердегі кәсіпорындарды жүргізу үшін нендей ұйымдас- тырушылық қызметтерді жүзеге асыру қажет деп ойлайысыңдар?

Тауар өндіру және қызмет көрсету үдерісі кәсіпорындарда жүзеге асырылатыны белгілі. Мемлекет меншігі негізінде құрылған кәсіпорындар – *мемлекеттік кәсіпорындар*, жеке меншік негізінде құрылған кәсіпорындар *жекеменшік кәсіпорындар* деп аталады. Сонымен қатар мемлекеттік және жеке мүлікке негізделген аралас түрдегі кәсіпорындар да болуы мүмкін.



Кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын кәсіпорын *фирма* деп аталады. Фирмада әртүрлі тауарлар пайда алу мақсатында өндіріледі. Фирмалар көбінесе жеке мүлік негізінде ұйымдастырылады. Фирмалар қандай мүлік негізінде ұйымдастырылуына, кім қалай басқаруына, фирманың табысы қалай бөлінуіне және фирма қызметінің нәтижесіне кім және қалай жауап беруіне қарай әртүрлі формаларда болады.

Жеке тәртіптегі фирманың иесі жеке тұлға болып, фирма оның мүлкі мен қаржысына ұйымдастырылады және тікелей сол меншік иесі басқарады. Фирмадан түскен пайда да, зиян да тек фирма иесіне тиесілі, ол фирма ісіне толық жауап береді.



Кәсіпорын – тауар өндіру және қызмет көрсетуді жүзеге асыратын шаруашылық ұйым.

Фирма – іскерлік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорын.



Жеке меншік фирма – жеке тұлға меншігі негізінде ұйымдастырылатын және басқарылатын фирма.



**Әбу Райхан
Мұхаммед ибн
Ахмед әл-Беруни**
(973 – 1048)

Ұлы ғалым әрі ойшыл Әбу Райхан Берунидің көптеген шығармаларында ғұламаның экономикалық көзқарастары көрініс тапқан. Ол экономикалық қызмет — еңбек, жасампаздық негізінде адамның қажеттілігін қамтамасыз етуге деген ұмтылысы жатады, деп санаған. Ол өз шығармаларында дене еңбегімен қатар ақыл-ой еңбегі де маңызды екенін айтады. Ол жалақы еңбектің ауыр немесе өнімділігіне байланысты болуы керектігін тілге тиек етеді. Ғалымның шығармаларында еңбек бөлінісіне қатысты да пікірлер орын алған. Ғұлама сол кездің өзінде-ақ экономика саласындағы адам факторының маңызы туралы құнды пікірлерін жазып қалдырған.

Екі немесе одан да көп адамдардың меншігі негізінде бірге қызмет көрсету мақсатында ұйымдастырылған фирма – *шіркет* деп аталады. Шіркет өз мүшелерінің мүддесіне қызмет етеді. Шіркетте мүшелердің жұмыс істеуі шарт, жалпы қызмет нәтижесі – пайда олардың арасында өзара келісім бойынша бөлінеді. Сонымен бірге, шіркет мүшелері шіркет міндеттемелеріне толық жауапты. Бұл, егер, шіркеттің жұмысы жүрмей қарызданып құлдыраса, қарызды шіркет мүшелері шіркетті ұйымдастыру үшін қосқан мал-мүліктері және қаржылары есебінен, ол





да жетпесе, жеке мүліктері есебінен төлеуге мәжбүр дегені. Шіркетке ауыл шаруашылығындағы *фермерлік шаруашылықтарды* мысалға келтіруге болады.



Шіркет – бірге қызмет көрсету мақсатында екі немесе одан көп адам-ның меншігі негізінде ұйымдастырылған және қызмет нәтижесіне бірге толық жауап беретін фирма.

Үлкен көлемдегі іскерлікті ұйымдастыру үлкен бастапқы қаржыны талап ететіні белгілі. Ол үшін, бірнеше адамның немесе кәсіпорындардың серіктестікте жұмыс жүргізіп, мал-мүлкін біріктіруіне тура келеді. Осы мақсатта *серіктестік фирмалар* ұйымдастырылады. Серіктестік негізінде құрылған фирманың ұйымдастырушылары оның *құрылтайшылары* деп аталады. Құрылтайшылар фирманың бастапқы капиталына – *жарғы қорына* өз мал-мүлкімен, ақшалай қаржысымен үлес қосады. Құрылтайшылар фирманың иелері саналып, фирманың күнделікті жұмысына және басқаруға тікелей қатыспаулары да мүмкін. Бұдан алынатын пайда да, зиян да *құрылтайшылар келісімшартында* көрсетілген, келісілген ережеге сай бөлінеді.

Серіктестік негізінде құрылған фирмалардың жұмысы көрілген зиянды құрылтайшылар қалай қамтуына қарай әртүрлі атпен жүргізіледі. Мұндай фирмалардың ең көп таралған түрі — бұл жауапкершілігі шектеулі серіктестік фирмасы. Егер құрылтайшылар көрген зиянды тек фирманы ұйымдастыруға қосқан үлестері көлемінде ғана төлесе, онда мұндай фирмалар – *жауапкершілігі шектеулі серіктестік* фирмасы деп аталады. “Ltd” қосымшасы, ағылшынша “Limited” (шектелген) сөзінің қысқарған түрі, әдетте жауапкершілігі шектелген фирмалардың атына қосылып айтылады. Ал *Жауапкершілігі шектелмеген серіктестіктің* құрылтайшылары көрген зиянды толық көлемде бірге төлейді. Тіпті, қажеттілік туындаса, өздерінің жекеменшік мүліктерін сатып болса да, фирма қаражатын толтырады.



Серіктестік фирмасы – екі немесе одан да көп тұлғалардың (адам және кәсіпорындардың) қаржылары негізінде ұйымдастырылған және белгілі келісім шарттары бойынша иелік ететін, басқарылатын әрі қызмет нәтижесіне жауап беретін фирма.

Фирманың жарғы қоры – фирма қызметін жүргізу үшін оның ұйымдастырушылары тарапынан қосылатын үлес – мал-мүлік және қаржы.





Искерлікпен фирма ашпастан бұрын да шұғылдану мүмкін. Ол үшін әкімшіліктен “*Жеке тәртіптегі жекеменшік кәсіпкер*” деген статус алу және қызмет нәтижесіне қарай белгіленген тәртіппен салық төлеп тұру жеткілікті. Мемлекет экономикасында басқа түрдегі фирмалар да болуы мүмкін. Экономикалық жағдайға қарай фирма түрлері дамып, экономикаға сәйкестеніп келеді.

Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік статистика комитетінің мәліметі бойынша елімізде 2019 жылғы 1 қаңтар жағдайына орай жұмыс жүргізетін кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 323 мыңды құрады. Олардың 72,4 мыңы жекеменшік кәсіпорын, 15,5 мыңы жанұялық кәсіпкерлік, 170,2 мыңы жауапкершілігі шектеулі қоғам, 64,9 мыңы тағы басқа кәсіпорын және ұйымдар.



БІЛІМІНДІ СЫНАП КӨР

1. Фирмалар қандай ерекшеліктеріне қарай түрлерге бөлінеді?
2. Фирманың әртүріне аумағындағы фирмалардан мысал келтір.
3. Әр фирманың артықшылық және кемшілік жақтарын айтыңдар.
4. Шіркет және серіктестік фирмасының ұқсастығы мен ерекшелігі қандай?
5. Мемлекеттік кәсіпорындар мен жекеменшік фирмалар қалай ерекшеленеді?
6. Жауапкершілігі шектеулі және жауапкершілігі шектелмеген фирмалар арасындағы айырмашылықты айтып бер.



Тапсырма

Фирма туралы сұрақтар	Жеке меншік фирма	Шіркет	Серіктестік фирмасы
а) Кім иелік етеді?			
б) Мүлік қалай қалыптасады?			
б) Қалай басқарылады?			
г) Пайда қалай бөлінеді?			
д) Қызмет нәтижесінде жауапкерлік міндеті қандай?			

1. Кестені дәптеріңе көшіріңдер және бірінші бағандағы сұрақтарға жауап беру негізінде кестенің бос торкөздерін толтырыңдар.
2. а) дүкен; б) шағын наубайхана; д) ірі кондитерлік цех; е) ірі ұн зауытын ашпақ болсаң, фирманың қай түрін таңдаған болар едің?





3- ТАҚЫРЫП

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

- 1-суретте акциялар бейнеленген. Олар қандай қағаздар? Білгенінді сыныптастарыңа айт.
- 2-суреттегі кор индексі туралы телевидение арқылы берілген мәліметтерді есіңе түсіре аласың ба? Олардың қайсысын білесің және ол жайлы не айта аласың?
- 3-суреттегі зауыт, 4-суреттегі банк сияқты ірі компанияның кәсіпкерлік қызметін ұйымдастыру мен басқаруда қандай қиыншылықтарға тап боламын деп ойлайсың?

Жауапкершілігі шектеулі фирмалар ірі кәсіпорындар деңгейінде—*акционерлік қоғам* көрінісінде ұйымдастырылады. Акционерлік қоғам бастапқы жарғы қорының көлеміне тең мөлшерде өз *акцияларын* шығарады және сатады. Бұл акцияны сатып алған әрбір адам қоғамның *акционеріне* айналады. Қоғам акционерге әр жылғы пайдасынан сатып алған акциясына қарай ақы —*дивиденд* төлейді. Акционерлік қоғамды шет елдерде *акционерлік компания* немесе *корпорациялар* деп те атайды. Егер акционерлік қоғамның акциялары қалаған адамға сатылса, мұндай қоғам — *ашық түрдегі акционерлік қоғам* деп, егер тек алдын ала белгіленген адамдар тобына (мәселен,





қоғамның құрылтайшылары немесе қызметкерлеріне) сатылса, онда ол *жабық түрдегі акционерлік қоғам* деп аталады.

Бірінші акционерлік қоғам XVI ғасырда Нидерландыда құрылған “Ост-Инд” компаниясы болған, ол Үндістанмен сауда жұмыстарын жүргізген.

Акционер сатып алған акцияларының санына қарай акционерлік қоғамды басқаруға дауыс беру жолымен қатысады. Ол қанша акция сатып алған болса, акционерлік қоғамның жалпы жиналысында сонша дауысқа ие болып, белгілі шешімді қабылдауда, қоғам басшыларын сайлауда өз дауысымен ықпал жасауы мүмкін. Сондықтан акционерде акция қанша көп болса, ол кәсіпорынды басқару істеріне соншама көбірек ықпал жасай алады. Егер акционер акциялардың жартысынан көбін, яғни акцияларды *бақылау пакетін* қолына алса, ол кәсіпорынның жеке қожайынына айналады. Өйткені акционерлердің жалпы жиналысында әрбір шешімнің қабылдануында оның пікірі – даусы шешуші дауыс болады.



Акционерлік қоғам – жарғы қоры акциялар сатудан қалыптасатын, жауапкершілігі шектеулі ірі фирма.

Акция – фирманың жарғы қорына үлес қосқанын дәлелдеуші және иесіне фирма пайдасынан белгілі бір табыс алу құқын беретін құжат – бағалы қағаз.

Ашық түрдегі акционерлік қоғам – акциялары қалаған тұлғаға сатылатын қоғам.

Жабық түрдегі акционерлік қоғам – акциялары тек алдын ала белгіленген тұлғалар тобына сатылатын қоғам.

Акциялар екі түрлі – қарапайым және жеңілдетілген болады. *Қарапайым акциялар* олардан түсетін табыс – дивидендке кепілдік бермейді. Бірақ акционерлік қоғамның жалпы мәжілісінде дауыс беру құқын, басқаруға өатысу құқын береді. Ал *жеңілдетілген акциялар* олардан түсетін әр жылғы дивидендті акция құнының белгілі пайыз мөлшерінде кепілдейді. Жеңілдетілген акция иесі акционерлік қоғамды басқаруға қатыса алмайды, өйткені ол акционерлердің жалпы жиналысында дауысқа ие болмайды. Акционерлік қоғам жұмысына қатысты ең маңызды мәселелерді акционерлердің жалпы жиналысында сайланатын *директорлар кеңесі* шешеді. Ал қоғамды басқару жалданған *менеджерлер* тарапынан іске асырылады.

Акция – бағалы қағаз, оның бетіне бағасы – *номиналдық құны* жазылған болады. Акцияны акционер басқа адамға сатуы немесе сыйға тартуы мүмкін. Акциялар әдетте *қор биржаларында* сатылады және сатып алынады. Акциядан оның иесіне түсетін табыс - дивидендтің көп немесе





аздығына қарай, акцияның қор биржасындағы базар бағасы – *акцияның курсы* өзгеріп тұрады. Мысалы, акцияның номиналдық құны 10000 сум болса, 12000 сумға немесе 9000 сумға сатылуы мүмкін. Мұндай жағдайда акция курсының көтерілгені немесе төмендегені туралы айтылады. Акция курсының өзгеруі оның базар бағасының номиналдық құнына қатынасы пайызбен өлшенеді. Жоғарыдағы мысалда, бірінші жағдайда акция курсы 120%-ды, ал екінші жағдайда 90%-ды құрағанын көреміз.



Акцияның номиналдық құны – акцияның үстіне жазып қойылған баға.

Акция курсы – акцияның базардағы бағасы.

Дивиденд – акция иесінің фирма пайдасынан алатын үлесі.



Жаттығу

Абдуллаев акционерлік қоғамның 16 қарапайым акциясына ие. Жыл соңында қоғам – 20000000 сум пайда тапты және барлығын дивиденд есебінде бөлуге шешім қабылдады. Егер қоғам тек 2000 дана қарапайым акция шығарып сатқаны белгілі болса, биыл Абдуллаев өз акцияларынан қанша дивиденд табады?



БІЛІМІНДІ СЫНАП КӨР!

1. Акционерлік қоғамды толық сипатта.
2. Ашық және жабық акционерлік қоғамдардың бір-бірінен айырмашылығы неде?
3. Қарапайым және жеңілдетілген акциялардың артықшылығы мен кем тұстарын айт.
4. Акционерлік қоғамның жауапкершілігі шектеулі серіктестік фирмасынан қандай артықшылығы мен кемшіліктері бар?
5. Аумағындағы қандай акционерлік қоғамдарды білесің?
6. Акционерлік қоғамның акцияларын мемлекет немесе шетел фирмалары сатып алуы мүмкін бе?
7. Акционер қоғамды басқаруға қандай ықпал жасауы мүмкін?
8. Акционерлік қоғамның көп пайда табуынан көбірек кім мүдделі: қарапайым акция иесі ме, әлде жеңілдетілген акция иесі ме?
9. Акционерлік қоғамның тоқырауынан кім көп зиян көреді: қарапайым акция иесі ме, әлде жеңілдетілген акция иесі ме?





Тапсырма

“Зия” акционерлік қоғамы

Жарғы қоры – 40 000 000 000 сум.

Акциялардың түрі – қарапайым.

Акциялардың номиналдық құны – 10 000 сум.

Акциялардың саны – 4000 000 даана.

Акционерлері:

- Диларам – 20 % акция иесі;
- Дилшат – 30 % акция иесі;
- Батыр – 35 % акция иесі;
- басқалар (20 адам) – 15 % акция иесі.

Бір жылдық таза пайда – 5 000 000 000 сум.

«Зия» акционерлік қоғамының акционерлері жылдық таза пайданы бөлісу мәселесін талқылауда. Диларамның пікірінше, пайданың барлығын дивиденд ретінде бөлу керек. Дилшат та осындай пікірде. Батырдың пікірінше, пайданың жартысын өндірісті кеңейтуге жұмсап, қалған жартысын акционерлердің арасында теңдей бөлу керек.

1. Сенің ойыңша, кімнің пікірі көбірек дұрыс? Неге?
2. Пайданың барлығы бөліске салынса, қоғамның негізгі акционерлерінің әрбірі қаншадан дивиденд алады?
3. Әрбір акция қаншадан дивиденд көрінісінде табыс келтіреді?
4. Бұл кәсіпорын акцияларының базар бағасы туралы не айта аласың?



Мұны есіңде сақта!

- Акционерлік қоғам – жарғы қоры акцияларды сату арқылы қалыптасатын, жауапкершілігі шектеулі ірі фирма болып, ол ашық немесе жабық түрде құрылады.
- Акционерлік қоғам акциясының иесі – акционерге өз пайдасынан дивиденд төлейді.
- Акциялар қор биржасында еркін сатылуы мүмкін.
- Қарапайым акциялар бойынша дивиденд пайда көрген жағдайда ғана төленеді.
- Жеңілдетілген акциялар бойынша белгілі мөлшерлерде дивиденд кепілденеді.





ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

ҚОР БИРЖАСЫ ИНДЕКСТЕРІ

Қор биржасы (ағылшын.“stock market”) - қаржы базарының бағалы қағаздар сатылатын түрі, мұндай бағалы қағаздардың ең көп тараған түрі акциялар.

Қор базарының ең маңызды институты — қор биржасы.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан “Нью-Йорк қор биржасында индекстер бірден көтерілді”, немесе керісінше “түсті” деген хабарларды естігенбіз. Мұнда көбінесе Доу-Жонс, Никкей, Дакс, Ханг Сенг сияқты индекстердің аттары тілге алынады. Бұл индекстер нені білдіреді?

Бірінші индексті америкалық Эдвард Жонс және Чарлз Доу ойлап тапқан. Олар Нью-Йорк биржасында АҚШ-тың ең ірі 12 кәсіпорны акциялары бағаларының орташа арифметикалық құнынан индекс есептеп шыққан және мұны Доу Жонс (Dow Jones) индексі деп атаған. Содан бері бұл индексті есептеу тәртібі біраз өзгерді, күрделенді. Қазір бұл индекске кіретін кәсіпорындар саны 30-ға жетті. Бұл индекске ең атақты Coca-Cola, IBM, Intel, General Motors сияқты компаниялар кіреді.

Экономикалық жағдайды зерттеу үшін биржа индексі көрсеткіштерінің өзі маңызды емес, осы көрсеткіштерінің өзгеруі маңызды.

Мысалы, биржа индексі өсетін болса, демек осы индекске тиесілі кәсіпорындардың акциялары қымбаттайды, экономиканың осы саласында өсу болады. Егер керісінше индекс төмендесе, бұл салада да құлдырау болады. Кейбір индекстер тек экономиканың белгілі бір саласын ғана емес, бүкіл мемлекет экономикасының жағдайын бейнелейді. Мысалы, S&P 500 индексіне АҚШ-тың ең ірі 500 компаниясы кіреді және олар экономиканың барлық саласын қамтыған. Демек бұл индекстің өзгеруі бүкіл АҚШ-тың экономикасындағы өзгерістерді өзінде бейнелейді.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

Интернеттен: 1. Белгілі бір компания акцияларының ағымдағы құны және оның бір күндік өзгеруін анықта.

2. Жоғарыда аттары аталған индекстердің қазіргі құны және оның бір күндік өзгеруін анықта.

3. Ташкент Республикалық қор биржасында белгілі бір кәсіпорын акциясының қазіргі құны және оның бір күндік өзгеруін анықта.



4- ТАҚЫРЫП

ФИРМА ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жеке тәртіптегі іскерлік

Жауапкершілігі шектеулі қоғам

Акционерлік қоғам

Жеке меншік фирма



Шіркет

Жауапкершілігі шектелмеген қоғам



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. «Фирманың бар екені және жұмыс істеп тұрғаны, әрине белгілі бір құжаттарда көрініс тауып тұруы шарт» деген пікірге өз ойыңды білдір.
2. Әйтпесе қандай кері жағдайлар туындауы мүмкін?
3. Сенің пікіріңше, жоғарыдағы фирмалардың қайсы бірін ұйымдастыру, құжаттарын ресмилендіру қиын? Қайсы бірін керісінше салыстырмалы түрде оңай?

Фирма ашу үшін төмендегі жұмыстарды іске асыру қажет. Алдымен фирма ашуға қажет құжаттарды: фирманың жарғысы мен құрылтай келісімшартын дайындау қажет. Фирманың жарғысындағы фирманың аты, мекенжайы, фирма ашудағы мақсат, фирманың қандай қызмет түрімен шұғылдануы, фирманы кімдер — қандай құрылтайшылар ұйымдастырып





жатқаны, фирманың ұйымдастырушылық формасы, фирма қызметін жүргізу үшін алдымен қанша мөлшерде бастапқы қаржы - жарғы қоры жұмсалатыны, фирма құрылтайшыларының жарғы қорына қосқан үлесі, фирманың мал-мүлкінің құрамы және оны құру тәртібі сияқты мағлұматтар берілуі керек. Фирманың жарғысында көзделген әрбір пункт іскерлік туралы қолданыстағы заңдарға қайшы болмауы шарт. Фирманың жарғысы әдетте іскерліктің осы фирмаға тән жол-жоба және заң ережелер кешенінен құралған, болашақта фирма осы жарғыны басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуі шарт.



Фирманың жарғысы – фирманың ішкі және сыртқы қызметін реттейтін, заңды күшке ие нормативті құжат.

Құрылтай келісімшарты фирма құрылтайшылары екі немесе одан да көп болғанда түзіледі. Фирманың құрылтай келісімшартында фирманы ұйымдастыру, жұмыс жүргізу, фирманы басқару қағидаты мен механизмдері, жарғы қорының құрамы және оған қосылатын үлестер, фирманың табысын құрылтайшылар арасында бөлісу тәртібі, фирманың ішкі басқару жолдары, фирма статусын өзгерту мен оны түзетуге байланысты жол-жобалар мен өзара келісімдер көрсетілуі керек.



Фирманың құрылтай келісімшарты – фирма құрылтайшыларының арасында өзара жұмыс жүргізу бойынша құрылатын келісім құжаты.

Фирманың аты, мөрі және белгілері болады, олар мемлекеттік тіркеуден өткізіледі және фирмаға экономикалық қызметке қатысушы ретінде *заңды тұлға* статусы беріледі. Фирма аты жазылған дөңгелек және бұрышты мөрлерін және іс қағаздарын дайындап, толық мағынадағы өз жұмысын жүзеге асыруға кіріседі. Фирманың ақшамен байланысты барлық жұмыстары банк арқылы жүзеге асырылады. Президент жарлығына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілеріне қызмет көрсету бойынша “бір терезе” орталықтары 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекеттік қызметтер орталығына айналдырылды.

Фирмаларды тіркеуге алу бойынша қызметтер де міне осы орталық арқылы жүзеге асырылатын болды.

2017 жылғы 1-сәуірден бастап Бірыңғай интербелсенді мемлекеттік қызметтердің порталы (my.gov.uz) арқылы кәсіпкерлік субъектілерін онлайн түрінде тіркеуге алу қызметі жолға қойылды. Осы қызмет түрінде





кәсіпкерлерді тіркеуге алу уақыты 30 минут деп белгіленді.

Фирманың аты, таңбасы немесе тауар белгісі *танымалдық белгілері* саналады. Оларды таңдауда фирманың өзіне тән ерекшеліктерін ескерген жөн. Фирманың таңбасы немесе тауар белгісі оның өнімдерін басқа фирманың өнімдерінен ажыратып тұру үшін қызмет етеді. Фирманың тауар белгісі тұтынушылар үшін де қолайлы. Олар сөрелерден, жарнама және хабарландырудан қай фирманың өнімдері екенін тауар белгілеріне қарап тез ажыратады, сондай-ақ фирма өз атын, тауар белгісін белгіленген тәртіппен тиісті ұйымдардан тіркеуден өткізуі шарт. Өйткені басқа бір фирманың атын қоюға, тауар белгілерін пайдалануға әлем бойынша тыйым салынған.

Фирма ашатын тұлға Мемлекеттік статистика комитетінің ресми сайтына кіріп, өзі таңдаған фирманың атын жапастандыруға тапсырыс беруіне болады.

Өзбекстанда кәсіпкерлік қызметімен айналысудың құқықтық негіздері Өзбекстан Республикасының Конституциясында өз көрінісін тапқан. Конституцияның 53-бабында “Мемлекет тұтынушылардың құқықтық үстемдігін ескеріп, экономикалық қызмет, кәсіпкерлік және еңбек ету еркіндігін, барша меншік формаларының тең құқыққа ие екенін және құқықтық тұрғыдан тең қорғалатынын кепілдейді” деп жазылған.

Елімізде кәсіпкерлік ортаны жақсарту, кәсіпкерлерге одан да көп мүмкіндіктер жасау, шағын бизнес пен жеке меншік кәсіпкерлікті ынталандыру мақсатында кең қамтулы реформалар жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары бұл бойынша бірқатар заңдар, Президенттің ондаған жарлығы мен қаулысы қабылданды. Бұлар да кәсіпкерлікті дамыту үшін құқықтық негіз болып қызмет етеді.



Білесің бе?

Республикамызда тіркеуден өткен кәсіпорындар мен ұйымдар саны 2019 жылғы 1 қаңтар жағдайына орай дерлік 323.5 мыңды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 38 мыңға (13.3 %-ға) көп. Сонымен қатар, еліміздегі шетел капиталының қатысуымен ұйымдастырылған кәсіпорындар саны бір жылда 39,3%-ға көбейген және 7,8 мыңды құрайды. Мұнда ең көп кәсіпорындар Ресей, Қытай, Түркия, Оңтүстік Корея, және Қазақстан мемлекеттерінің капиталының қатысуымен құрылған.





Тапсырма

ФИРМА АШАМЫЗ

1. Бірер жаңа идея ойла. Сол негізде фирма түрлерінен бірін таңдап, жеке өзің немесе достарыңмен бірге келісімді фирма ұйымдастыр.
2. Фирмаға сәйкес ат таңда.
3. Фирманың жарғысын жаса. Онда фирманы ашудағы мақсаты, ұйымдастырушылық-құқықтық формасын, құрылтайшылары немен айналысатыны, жарғы қорының мөлшері, орналасқан мекені сияқты мәліметтерді келтір.
4. Фирма ұйымдастырушылары арасында құрылтай келісімшартын жасап және қол қойыңдар. Мұның үшін алдымен кім немен айналысатыны, фирманы кім басқаратыны, жарғы қорының мөлшері және оған кім қанша үлес қосатыны, пайда қалай бөлінетіні сияқты мәселелерді өзара талқылап, келісімшартта көрсетің.
5. Фирманың тауар белгісін сыз және шолу жаса.



БІЛІМДІ СЫНАП КӨР!

1. Фирманы ашу тәртібін түсіндір.
2. Фирманың жарғысы не үшін қажет және жарғыда нелер көрсетіледі?
3. Жарғыда көрсетілмеген қызмет түрлерімен шұғылдану мүмкін бе?
4. Фирманың құрылтай келісімшартында нелер қамтылады?
5. Фирма қай жерде мемлекеттік тіркеуден өткізіледі?
6. Тауар белгісі фирмаға не үшін керек?
7. Неліктен фирмаларға бір-бірінің танымалдылық белгілерін пайдалануға рұқсат берілмейді?



Мұны есінде сақта!

- Фирма ашу алдымен, оның түрі мен атын таңдаудан басталады.
- Фирма жарғысында оның қызмет түрі, фирманы ашудағы мақсат, оның мекенжайы, құрылтайшылары және жарғы қоры туралы мәліметтер келтіріледі.
- Фирманың құрылтай келісімшарты құрылтайшылардың өзара қатынастарын реттейді
- Танымалдық белгілері фирманың аты мен оның тауар белгісі секілділер.



5- ТАҚЫРЫП

ФИРМА ҚАРЖЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТТАРЫ



? БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Жоғарыдағы суретте фирма қаржыларының айналымы бейнеленген. Оған мұқият қарап, шолу жасаңдар.
2. Фирманың қаржылары айналым басқыштарының әрбірінде қандай көріністе болатынын талдап, пікірлеріңді айтыңдар.

Кез келген фирма үшін экономикалық қызметті жүзеге асыруда қаржы керек болатыны белгілі. Әдетте фирманың қаржысы фирма иелерінің ақша қаржыларынан құралады.

Фирманың қаржысы жұмсалыуына, не сатып алынуына қарай екі түрге бөлінеді. Фирмат және құрылымдар, құрал-саймандар сатып алуға жұмсалған қаржылар *негізгі қаржылар* (негізгі капитал) деп аталады. Негізгі қаржы – өндірісте бірнеше жыл және көп рет пайдаланылатын негізгі өндіріс құралдарын сатып алуға арналған қаржы. Бұған фермердің трактор, комбайн сатып алуға немесе егістік тұрағын құруға бөлінген қаржысы мысал болады.

Шикізат, жанармай, энергия, әртүрлі материалдар сатып алуға және жұмысшы күшін жалдауға жұмсалатын қаржылар *айналымдағы қаржылар* (айналымдағы капитал) деп қолданылады. Айналымдағы қаржы өндірісте пайдаланылатын ресурстар сатып алуға бөлінген қаржыдан құралады. Фирма айналымдағы қаржысына ресурстар базарынан шикізат, әртүрлі материалдар сатып алады, еңбек ресурсын жалдайды. Мұнымен фирманың айналымдағы қаржысы ақша формасынан материалдық формаға өтеді. Бұл ресурстардан фирмада тауарлар өндіріледі. Олар сатылған соң тағы да ақша формасындағы



қаржыға айналып фирмаға қайтып келеді.

Осылайша фирманың айналымдағы қаржылары экономикалық қызмет нәтижесінде айналып жүреді. Сондықтан бұл қаржылар *айналымдағы қаржылар* деп аталады. Фирманың айналымдағы қаржыларына мысал ретінде, тұқым, минералды тыңайтқыштар, жанармай және майлайтын өнімдерді келтіруге болады.



Негізгі қаржы – өндірісте ұзақ жыл және көп рет пайдаланылатын негізгі өндіріс құралдарын сатып алуға арналған қаржы.

Айналымдағы қаржы – шикізат, әртүрлі материалдар сатып алуға және жұмысшы күшін жалдауға жұмсалатын қаржы.

Негізгі қаржылар да “айналады”. Олардың айналу кезеңі негізгі өндіріс құралдарының қанша уақыт қолданылуына, қызмет көрсету мерзіміне байланысты болады. Әдетте, ғимараттар мен құрылымдардың пайдалану мерзімі 20 жыл, ал құрал-саймандардікі 5–7 жыл етіп белгіленеді. Бұл мерзім кезінде олар ескіреді, әр жылы алғашқы құнының белгілі бір бөлгігі өндірілген өнімнің құнына өтіп, арзандайды. Міне осы арзандау құны *амортизация құны* деп аталады. Құралдардың арзандаған құны өнім сатылған соң фирмаға ақша түрінде қайтып келеді және фирмадағы арнаулы қорға амортизация қорына бағытталады. Фирманың жалпы ақша түсімінен амортизация қорына бағытталған ақша — *амортизациялық аударым* деп аталады. Әдетте жылдық амортизациялық аударым ғимарат немесе қондырғылар құнының оларды пайдалану мерзіміне бөліп табылады.

$$A = \frac{p}{n}$$

A – жылдық амортизациялық аударым;

p – құрал-жабдықтың бағасы;

n – пайдалану мерзімі.



Амортизациялық аударым – негізгі өндіріс құралдарының тозуы нәтижесінде олардың құнының өндірілген өнім құнына өткен бөлгігі.

Мәселен, кәсіпорын ғимаратының құны 160 млн.сум, оның жарамдылық мерзімі 20 жыл болсын. Демек әр жылы ғимараттың құны $160 : 20 = 8$ млн. сумға арзандап, бұл ақша өнім бағасына өтеді және сатылған соң амортизация қорында жиналып барады.

Фирма жұмысына қаржы енгізу *бизнесті қаржыландыру* деп те аталады. Фирманың ішкі және сыртқы *финанстық қаржы қорлары* болады. Төмендегілер ішкі финанстық қаржы қорларына кіреді:



1. Фирманың таза пайдасы. Фирма пайдасынан барлық төлемдер мен салықтар төленген соң қалған бөлігі фирманың *таза пайдасы* деп аталады. Таза пайда, әдетте, құрылтайшылар арасында бөлінеді. Бірақ фирма құрылтайшылары пайданың барлығын өзара бөліспей, оның белгілі бөлігін фирманың кейінгі жұмыстарын ақшалай қаржыландыру үшін жұмсауы мүмкін.

2. Амортизация қоры. Бұл қор қаржысы тек негізгі қондырғылар сатып алуға жұмсалады.

3. Жарғы қоры. Ол фирма қызметінің бастапқы кезеңінде пайдаланылады. Фирманың ішкі қаржылары жетпей қалса, сыртқы финанстық қаржылар табу қажет болады. Сыртқы қаржыға төмендегілер кіреді:

1. Фирма иелерінің фирманың жарғы капиталын көбейтуге бағыттаған қосымша қаржысы.

2. Банктен немесе басқа фирмалардан алынған қарыз ақшалар

3. Фирманың бағалы қағаздар шығарып сатудан түскен ақша түсімдері.

Сыртқы финанстық қордың ішкі қорлардан айырмашылығы оны сөзсіз қайтару керек болады.

Фирманың белгілі кезең ішінде өнім өндіру үшін жұмсалған қаражаттары **жалпы қаражаттар** деп аталады және TC – ағылшынша “total costs” (жалпы қаражат) сөздерінің бас әріптерімен белгіленеді. Сондай-ақ жалпы қаражаттар тұрақты және өзгермелі қаражаттардан құралады.

Өндіріс көлеміне байланысты емес қаражаттар *тұрақты қаражаттар* (ағылшын тілінде – fixed costs) деп аталады және FC әріптерімен белгіленеді. Тұрақты қаражаттарға жалақы, қарыз пайызы, сақтандыру ақысы, амортизациялық аударым, әкімшілік қаражаттар сияқты қаражаттар енеді. Мұндай қаражаттар өнім көп мөлшерде өндірілуіне қарамай, тіпті өнім өндірілмей қалса да фирма бұл қаражаттарды қамтуы қажет болады.

Өзгермелі қаражаттарға (ағылшынша – variable costs) өнім өндіру көлеміне байланысты болған қаражаттар енгізіледі және VC әріптерімен белгіленеді. Мұндай қаражаттарға шикізат, жалақы, жанармай, энергия көздері, әртүрлі материалды сатып алу қаражаттары енеді. Қанша көп өнім өндірілсе, бұл қаражаттардың мөлшері де соншама көп болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей тұрақты және өзгермелі қаражаттар жиынтығы жалпы қаражаттарды белгілейді.

Жалпы қаражат: $TC = FC + VC$

TC – жалпы қаражат; FC – тұрақты қаражат; VC – өзгермелі қаражат.

Көп жағдайларда өндірушіні, іскерді белгілі бір уақыт аралығында өндіру қаражаттарының жалпы мөлшері емес, бір бірлік өнімді өндіру үшін





жұмсалған орташа қаражаты (ағылшынша -“average cost”) қызықтырады және АС әріптерімен белгіленеді. Бұл мөлшерді кейде *өнімнің құны* деп те атайды.

Орташа қаражат мөлшері жалпы қаражат мөлшерін өндірілген өнім мөлшеріне бөлгенде шығады:

Орташа қаражат: $AC = TC : q$ *AC — орташа қаражат;*
q – өнім мөлшері.

Мәселен, фирма бір ай ішінде 5000 дана өнім өндіру үшін 350 000 000 сум мөлшерінде жалпы қаражат жұмсауды жоспарлаған болсын. Онда бір дана өнімді өндіру үшін жұмсалатын орташа жалпы қаражат 70000 сумды құрайды. ($AC = TC : q = 350\,000\,000 \text{ сум} : 5000 \text{ дана} = 70\,000 \text{ сум}$) Бұл көрсеткіш іскерге, осы жағдайда өнімді 70 000 сумнан кем болмаған бағада сатқан жағдайда ғана пайда алу мүмкіндігін көрсетіп тұр. Өнімнің шартты, *өндірістік бағасы* 70 000 сумға белгілі бір пайда қосылғаннан пайда болған мөлшерге тең болады.

Кейбір жағдайларда бірлік өнімге жұмсалған орташа қаражатты көбірек мөлшерде өнім өндіру есебінен кемеитудің мүмкіндігі табылады. Бірақ өнімді өндіру көлемі белгілі бір мөлшерден асқаннан кейін, қанша көп өндірілсе де орташа шығын төмендеудің орнына арта түседі. Өнім өндіру көлемінің осы мөлшері, фирма үшін ең мақұл көрсеткіш болып саналады.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Фирманың негізгі және айналымдағы қаржыларына сипаттама жаса.
2. Фирманың ішкі және сыртқы қаржыландыру қорларын ата.
3. Амортизациялық аударым дегеніміз не?
4. Қаражат қандай ерекшеліктерге орай тұрақты және өзгермелі деп аталады?
5. Наубайдың тұрақты және өзгермелі қаражаттарын санап бер.
6. Орташа қаражат қалай есептеледі?
7. Есеп: Кәсіпорын 400 000 000 сум жалпы шығын жұмсаған. Оның 38%-ы өзгермелі қаражаттар. Тұрақты және өзгермелі шығындарды тап.




Мұны есіңде сақта!

- Фирманың негізгі және айналымдағы қаржылары болады.
- Фирма қаржыларының ішкі және сыртқы көздері бар.
- Фирма негізгі құралдарды жаңарту және негізгі қаржыларды толтыру үшін фирманың амортизация қорын құрады.



6- ТАҚЫРЫП

ЖАЛПЫ ТАБЫС, ПАЙДА ЖӘНЕ ЗИЯН



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Әнуар аға және Жәмила апа шұғылдану үшін кәсіпкерлік түрін таңдау мақсатында кәсіпкерлік бөлімшесінің қызмет нәтижелерін үйреніп шықты және оларды өзара салыстырды.

Әнуар аға: "Фотостудия аз табыс әкеледі екен, дегенмен алған пайдасы біраз жақсы, кондитерлік цехының табысы салыстырмалы түрде көп, бірақ соған жараса қаражаты да мол екен" деді. Жәмила апа: "Той киімдері салонының қаражаты көп, бірақ табысы да соған сәйкес көп болады екен. Сән салонының шығыны аз, бірақ пайдасы жақсы" деп талқылауға қосылды.

1. Олардың сұхбатынан не түсіндің? Табысы көп, бірақ қаражаты да үлкен кәсіпкерлік түрі жақсы ма әлде қаражаты аз, бірақ табысы да азырақ кәсіпкерлік түрі ме?
2. Не үшін олар кейбір кәсіпкерлік түрін табысы көп, кейбірін пайдасы мол деп талқылады?
3. Кейбір кәсіпкерлік түрлері туралы адамдардың "иесіне залал келтірді" деп айтуынан нені ұғуға болады?
4. Өзің жасайтын жердің жағдайын ескеріп, Әнуар аға және Жәмила апаға қандай кеңес берген болар едің?





Кәсіпорынның немесе бір тұлғаның белгілі бір уақыт аралығында тауар және қызметтерді сатудан тапқан барлық ақша түсімі – *жалпы табыс* деп аталады және TR әріптерімен (ағылшынша “total revenue” (жалпы табыс) сөздерінің бас әріптерімен) белгіленеді. Егер сатылған тауар мөлшері (q) және жеке тауардың орташа сату бағасы – (p) белгілі болса, жалпы табыс төмендегідей табылады:

$$\text{Жалпы табыс} = \text{Тауардың орташа сату бағасы} \times \text{Сатылған тауар мөлшері}$$

Мысалы, кондитерлік фирмасы бір айда 8000 торт дайындап, оларды 45000 сумнан сатса, фирманың айлық табысы 360000000 сумға тең болады. Яғни, жалпы табыс - $45000 \cdot 8000 = 360000000$ сум.

Пайда – кәсіпорынның белгілі бір уақыттағы жалпы табысы мен жалпы қаражаттарының арасындағы айырмасы, ол Р әрібімен (ағылшынша “profit” (пайда) сөзінің бас әрібімен) белгіленеді. Егер бұл айырма теріс көрсеткіш болса, онда пайда емес, зиян туралы сөз болады.

$$\text{Пайда} = \text{Жалпы табыс} - \text{Жалпы қаражат}$$

Жоғарыда келтірілген кондитерлік фирмасының сол айдағы қаражаты 240000000 сумға тең болса, фирма бір айда 120000000 сум пайда көрген болады. Яғни $\text{пайда} = 360000000 \text{ сум} - 240000000 \text{ сум} = 120000000 \text{ сумға тең.}$



Жалпы табыс – фирмада тауарды сатудан түскен ақша түсімі.

Пайда – кәсіпорынның белгілі бір уақыттағы жалпы табысы мен барлық қаражаттары арасындағы оң айырмашылық.

Мысалы, жоғарыдағы фирманың бір айдағы қаражаты 240000000 сум емес, 390000000 сум болсын. Ол жағдайда $\text{Жалпы табыс} - \text{Жалпы қаражат} = 360000000 - 390000000 = -30000000$ сум тең теріс нәтижеге ие боламыз. Бұл фирманың сол айда 30000000 сум зиян көргенін білдіреді.



Зиян - кәсіпорынның белгілі бір уақыт ішіндегі жалпы табысы мен жалпы қаражаты арасындағы теріс айырмашылық.

Базар экономикасы жағдайында пайда фирма жұмысын бағалайтын және өлшейтін маңызды экономикалық көрсеткіш. Іскерлікпен айналысудың негізгі мақсаттарының бірі – бұл пайда алу екендігін айтпаса да білесіндер. Пайданы іскер адамның тәуекелмен өз қаржысын жұмсағаны үшін берілген сый деп айту мүмкін. Екінші жағынан, пайда кәсіпорынның өзіне тән “термометр” қызметін атқарады. Кәсіпорын көп мөлшерде пайда алып жатқан болса, демек ол кәсіпорынның “дені сау”, жақсы істеп жатыр.





ФОРМУЛА

Жалпы табыс

$$TR = p \cdot q$$

Пайда

$$P = TR - TC$$

Кәсіпорын залал көріп жатса, онда істің «насырға шапқаны». Үшіншіден пайда нені, қанша және қалай өндіру керектігін де көрсетеді. Базар экономикасында не көбірек пайда келтірсе, сол нәрсе көп өндіріледі немесе керісінше. Экономистер белгілі бір саланы дамытуға қаржы жұмсауды *инвестиция салу* немесе *инвестициялау* деп атайды.

Екі фотостудияның тамыз айындағы қаржы түсімдері кестесі

1- фотостудия		Өнімнің аты	2- фотостудия	
Саны, дана	Бағасы, сум		Саны, дана	Бағасы, сум
280	1 200	Құжат үшін фото	350	1 000
480	800	Көркем фото	200	700
120	3 000	Портрет (30x40 см)	80	3 000
4	250 000	Той фотоальбомы	10	150 000
80	20 000	Бітірушілер винеткасы	120	12 000
20	50 000	Рәсімдердегі қызмет (сағат)	30	35 000
сум		Жалпы	сум	

Фотостудиялардың тамыз айындағы қаражаты кестесі

Мөлшері, сум	Шығын аты	Мөлшері, сум
1 500 000	Жал ақысы	800 000
1 200 000	Материалдар	1 650 000
180 000	Коммуналдық қызметтер	160 000
1 500 000	Қызметкерлерге жалақы	1 250 000
100 000	Жарнама	250 000
450 000	Басқа шығындар	350 000
сум	Жалпы қаражат	сум

Бірінші фотостудия қаланың орталығында, ал екіншісі шеткеріректе орналасқан.

1. Фотостудиялардың жалпы табысы мен қаражаттарын есептеңдер. Оларды салыстырыңдар.
2. Фотостудиялар өнімдерінің құрамы, бағаларын салыстырыңдар. Олардың айырмашылық жасау себептерін түсіндіріңдер.
3. Фотостудиялардың қаражаттарының құрамын талдаңдар.
4. Әрбір фотостудия өз қызметінің нәтижелерін жақсарту үшін не істеуі керек деп ойлайсыңдар?
5. Әрбір фотостудияның пайдасын есептеп өзара салыстырыңдар.





Әрбір фирманың мақсаты әйтеуір пайда алу емес, сондай-ақ мүмкіндігінше көбірек пайда алу, яғни пайданы максималдандырудан құралған. Пайда алу-ды екі түрлі тәсілмен көбейтуге болады. Біріншісі, жалпы табысты көбейту есебінен, ал екіншісі жалпы қаражатты кемейту есебінен.



Инвестициялау – қаржыны өндірісті дамытуға жұмсау.

Фирманың пайдасы мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- мемлекетке пайданың тиісті бөлігі салық түрінде төленеді;
- фирманың қызметін өркендету үшін жаңа технологиялар сатып алуға, жаңа ғимараттар және құрылымдар құруға жұмсалады;
- ал пайданың қалған бөлігі кәсіпорын иелерінің пайдасы саналады, акционерлерге дивиденд есебінде бөліп беріледі.



Жаттығу

Фирма апта аралығында 2000 дана өнімнің 25%-ын 1000 сумнан, 45%-ын 1200 сумнан, ал қалғанын 900 сумнан сатты. Фирманың осы аптадағы табысы қанша болды? Фирма әрбір тауарды орташа неше сумнан сатты? Фирма осы аптада 560 000 сум пайда алған болса, оның бір апталық жалпы қаражаты неше сумды құрайды? Фирманың 1 дана тауар үшін жұмсаған орташа қаражаты неше сумды құрайды?



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Пайда мен табыстың қандай айырмашылығыбар?
2. Пайданың кәсіпкерлік үшін маңыздылығын негізде.
3. Табыстың артуымен үнемі пайда да арта ма?
4. Фирманың экономикалық жағдайы неге байланысты?
5. Тауар бағасын түсіріп, пайданы көбейту мүмкін бе? Қалайша?
6. Фирманың пайдасы қандай мақсаттарға жұмсалады?




Мұны есіңде сақта!

- Пайда кәсіпкерлерді бизнестегі ұтылыстарға және тәуекел салдарынан зиян көруі мүмкін екендігіне қарамастан қызмет жүргізуге мәжбүр ететін ең басты ынталандыру болып табылады.
- Фирманың иесі үшін көбірек табыс емес, көбірек пайда алу маңыздырақ.



7- ТАҚЫРЫП

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Аяккиім цехы 2012 жылы 20 млн.сум пайда алған еді. Ол 2015 жылы 23 млн. сум, 2018 жылы 30 млн. сум пайда алды.

Бағалар 2012 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 18 пайызға, ал 2013 жылы 30 пайызға артқан.

1. 2015 жылы 23 млн. сум ақшаға кәсіпкер 2012 жылы 20 млн. сумға сатып алған мөлшердегі тауарлар мен қызметтерді сатып ала ала ма? Неге олай?

2. 2018 жылы 30 млн. сум ақшаға кәсіпкер 2012 жылы 20 млн. сумға сатып алған мөлшердегі тауарлар мен қызметтерді сатып ала ала ма? 2015 жылғы 23 млн. сумдық тауарлар мен қызметтерді ше?

3. Осыларды ескерген түрде, 2015 жылы фирманың пайдасы шынында да көбейген деп айтуға бола ма? 2018 жылы ше?

Фирманың тауарды сатудан алған кірісін есептегенде сатылған тауар мөлшері тауар сатылып жатқан кездегі базар бағасына көбейтіледі. Ал фирманың жылдық табысы оның осындай кірістерінің жиынтығынан тұрады. Фирманың ағымдағы жылдағы табысын оның алдыңғы жылдардағы табыстарымен салыстырмақшы болсақ, біз қандай жолды ұстануымыз қажет? Инфляция салдарынан тауардың бағасы өзгерген. Ал бұл өз кезегінде өндірілетін тауар мөлшері өзгермеген жағдайда да фирма табысының өзгеруіне әкеп соқтырады. Нәтижеде фирма пайдасының да өзгеруіне әкеп соқтырады. Сондықтан да нақты табыс және нақты пайда ұғымдарын енгізуімізге тура келеді. Фирманың ағымдағы бағалардағы табыстары немесе пайдасы фирманың *номиналдық табысы* немесе *номиналдық пайдасы* деп аталады. Фирма табысы немесе пайдасының бағалар өзгерісін ескергендегі құны фирманың, сөйкесінше, *нақты табысы* немесе *нақты пайдасы* болады. Бағалардың өзгеру дәрежесін анықтайтын көрсеткіш – *бағалардың өзгеру индексі*. Бұл индекс ағымдағы жылдағы орташа бағалардың салыстыру үшін алынған жылдағы орташа бағаларға қатынасын өрнектейтін арнаулы





коэффициент саналады. Фирма пайдасының нақты мөлшері төмендегі формуламен есептеледі.

$$P_r = \frac{P_n}{I}$$

Бұл жерде: P_r – пайданың нақты мөлшері;

P_n – пайданың номиналдық мөлшері;
 I – бағалардың өсу индексі.

Фирманың белгілі бір кезеңдегі жұмысын көрсететін өлшемдері бар. Оның бірі *нәтижелілік* (пайдалылық және рентабельдік) түсінігі. Фирманың жалпы қызметінің нәтижелілігі деп, оның белгілі бір кезеңдегі алған пайдасы мөлшерінің, сол кезеңде жұмсалған қаражаттарына қатынасы айтылады.



Пайданың номиналдық мөлшері – пайданың ағымдағы бағасы белгіленген құны.

Пайданың нақты мөлшері – пайданың бір жылдағы бағаларға салыстырғандағы сатып алу құны.

Мысалы, “Шердар” фирмасы бір ай ішінде 30000000 сум қаражат жұмсап, 7500000 сум пайда алды. Демек, фирманың бір айдағы пайдасы $R = P_r : TC = 7500000 : 30000000 = 0,25$ немесе 25%-ға тең болады. Нәтижелілік, әдетте, пайызбен көрсетіледі. Кәсіпорын қызметінің пайдалылық көрсеткіші 25%-ға тең болуы жақсы көрсеткіш деп саналады.

$$R = \frac{P_r}{TC} \cdot 100 \%$$

Бұл жерде: R — нәтижелілік;
 P_r — пайда мөлшері;
 TC — қаражат көлемі.



Жаттығу

Фирма бірінші айда 20000000 сум қаражат жұмсап 25000000 сум пайда тапты. Ал екінші айда 25000000 сум қаражат жұмсап 30000000 сум пайда тапты. Қайсы айда фирманың нәтижелілігі жоғары болды?

Фирманың белгілі мерзімдегі экономикалық қызметінің нәтижелері, фирманың пайдасы мен зияны туралы есебінде көрсетіледі.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің өркендеуінде айналымдағы қаржылардың бір қалыпты айналып тұруы үлкен маңызға ие. Бұл өнімді шығарудан бастап оны сатуға дейінгі үдерісті тиімді басқаруды талап етеді. Айналымдағы қаржының кемуі өндіріс көлемінің төмендеуіне себеп болады. Айналымдағы қаржы қанша тез айналса, кәсіпорын соншама көп пайда табады.

Сонымен әрбір іскердің ең үлкен ділгірлігі – айналымдағы қаржының



бір қалыпты айналып тұруын қамтамасыз ету, мүмкіндігі болса оның мөлшерін көбейту және айналымын жеделдету деуге де болады. Бірақ көп жағдайда болашақты ойламастан жұмыс істеудің салдарынан кәсіпорын өзінің айналымдағы қаржысынан айырылып қалады. Мұндай жағдайларда шұғыл шаралар қарастырылмаса, басқа финанс қорлары іске қосылмаса, кәсіпорынның өндірістік қызметі тоқтап қалуы мүмкін.



Фирмалар қызметінің нәтижелілігі – фирманың белгілі бір кезеңде алған пайдасы мөлшерінің осы кезеңде жұмсалған жалпы қаражаттарының мөлшеріне қатынасы.

Кәсіпорын өнім шығара ма, жоқ па белгілі қаражаттарға қаржы жұмсауға мәжбүр. Сондықтан, кәсіпорында өндіріс үдерісінің тоқтауы уақыт өткен сайын оны қарызға батырады. Қарыздың өсуі кәсіпорынды оны төлей алмайтын дәрежеге жеткізеді. Мұндай жағдайда кәсіпорынды дағдарысқа ұшырады (*банкрот*) деп жариялайды. Кәсіпорынға тиісті мал-мүлік сатуға қойылады, әдетте, аламан саудаға (аукционға) қойылады. Сатудан түскен ақша мемлекеттен және басқа фирмалардан алған қарыздарды төлеуге жұмсалады.

Республикамызда 1994 жылы “Банкроттық туралы” заң қабылданған және бірнеше рет өзгерістер енгізілген. Онда қарыздарын төлей алмаған кәсіпорындарды “банкрот” деп жариялау жобалары белгіленген.

Кәсіпорындар, фирмалар құрылтайшылар кеңесінің шешіміне орай банкрот деп жарияланған жағдайда таратылуы мүмкін. Фирмалардың жабылуы фирма жарғысымен қолданыстағы заңдарда көрсетілген жол-жобалар негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорын таратылып жатқанда, оның мемлекет және басқа фирмалардан, ұйымдардан алған қарыздары төленгеннен соң қалған мүлкі және ақшасы жарғыда көрсетілген құрылтайшылар арасында бөлінеді. Кәсіпорын қала (аудан) әкімшілігі тарапынан тоқтатылуы туралы шешім шыққаннан кейін ғана өз қызметін тоқтатқан саналады.



Банкроттық – фирманың басқа фирмалар мен мемлекет алдындағы қарыздарын төлей алмайтын жағдайы.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Фирма пайдасының нақты мөлшері дегеніміз не? Ол қалай есептеледі?
2. Фирма қызметі нәтижесін талдау не үшін қажет болады?





3. Нәтижелілікті басқаша тағы қалай атауға болады?
4. Айналымдағы қаржының фирманың экономикалық қызметіндегі маңызын түсіндіріп беріндер.
5. Жыл нәтижесі бойынша, фирманың пайдасы 23000000 сумды, қызмет нәтижелілігі 20 пайызды құрайды. Фирманың жылдық қаражаты мөлшерін тап.
6. Фирманы банкроттыққа әкеп соқтыратын себептерді айтыңдар.
7. Банкрот деп жарияланған фирманың қарыздары қалай төленеді?
8. Фирма қандай жағдайда тоқтатылған деп саналады?



Тапсырма

Фирманың жылдық көрсеткіштері, сумда	1- жыл	2- жыл	3- жыл
Жалпы табыс	300 млн	450 млн	600 млн
Жалпы қаражат	150 млн	200 млн	300 млн
Пайданың номиналдық мөлшері			
Бағалар өсу индексі (1 жылмен салыстырғанда)	1,0	1,25	1,5
Пайданың нақты мөлшері			

Жоғарыдағы кесте негізінде:

1. Фирманың нақты мөлшерін анықтайтын формуланы пайдаланып, кестенің бос торкөздерін толтырыңдар.
2. Фирма қай жылы жақсырақ қызмет жүргізген? Неге?
3. Фирма қызметінің нәтижелілігін әр жыл бойынша есептеп өзара салыстыр.
4. Фирма жалпы қаражаттарының жыл сайын артып отыруына не себеп болған?
5. Жалпы қаражаттар қандай қаржылар есебіне көбейтіледі?



Мұны есте сақта!

Фирма пайдасының нақты мөлшері бағалар өзгеруін ескере отырып есептеледі.

- Фирма қызметінің нәтижелілігін есептеуде пайда және қаражаттар мөлшері ескеріледі.
- Айналымдағы қаржылар айналымының бәсеңдеуі фирма үшін зиянды саналады.



8- ТАҚЫРЫП

ФИРМАНЫ БАСҚАРУ — МЕНЕДЖМЕНТ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1-суреттегі кондитерлік цехында 6 жұмысшы, 2-суреттегі банкте 35 қызметкер, 3-суреттегі тоқыма фабрикасында 300 қызметкер, ал 4-суреттегі зауытта 2000 адам жұмыс істейді.

1. Бұл кәсіпорындар қалай басқарылады деп ойлайсың?
2. Оларда жұмысшыларды басқарумен айналысатын қызметкерлер саны неге байланысты болуы мүмкін деп ойлайсың?
3. Менеджмент және менеджер ұғымдарының мағынасын білесің бе?
4. Кәсіпорын үшін басқару жүйесінің болуы қаншалықты маңызды?

Әрбір фирма қызметі белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға бағытталады. Сол мақсатқа жету үшін фирманы басқару керек. Басқару үдерісі *менеджмент* деп жүргізіледі. Басқару жайлы пән де *менеджмент* деп аталады және ол басқару әдістерін, формалары мен құралдарын зерттейді.

Фирманы жүргізу көпқырлы үдеріс, оның әр саласы басқаруды талап етеді. Мысалы, жұмысшы-қызметкерлерді басқару, өндіріс құралдарын басқару, материалдық ресурстарды басқару, мәліметтерді басқару, қаржыны басқару, тағы басқалар.





Менеджмент – белгілі бір көздеген мақсатқа жету тәсілдерін, формаларын, құралдарын және басқару қағидаттарын зерттейтін ғылым.

Басқаруды тікелей адам жүзеге асырады. Фирмада жұмыс істейтін, арнайы басқару білімі бар, жұмыс жүргізуші және басқарушы – *менеджер* деп аталады. Кез келген басшы қызметкер яки менеджер жұмыс уақытының 70–80 пайызын адамдармен жұмыс істеуге жұмсайды. Сондықтан менеджментті толық мағынада қол астында істейтін қызметкерлердің қызметін өзара келісім арқылы басқару деп те айтуға болады.

Менеджер алдындағы мақсатына жету үшін төмендегі міндеттерді кезеңімен орындауы керек: 1. Жоспарлау; 2. Ұйымдастыру; 3. Басшылық жасау; 4. Бақылау жасау.



Менеджер – арнайы басқару ілімін иелеген іс жүргізуші немесе басқарушы.


Жоспарлау басқышында менеджерлер кәсіпорынның мақсатына сәйкес болашақ жоспар мен бағдарлама жасайды. Жоспарды жүзеге асыру үшін кәсіпорынның барлық бөлімдерінің жұмысы өзара сәйкестендіріледі. Олардың жұмысын ұйымдастырады, тікелей басшылық жасап, жұмыстың орындалуына бақылау жасайды. Менеджерлер қызметкерлерді кәсіпорынның алдында тұрған мақсатына жетуге жұмылдырушы, ұжымды соған бағыттаушы, үндеуші адам.

Фирманы басқаруда менеджерлердің жоғары беделге ие болуы, экономикалық білімді терең білуі, өзінің имиджі болуы, рухани жетік, мәмілелі, сөйлесу мәдениетінің жоғарылығы ерекше маңызға ие болады.

Фирманың үлкен-кішілігіне қарай басқарудың әртүрлі ұйымдастырушылық құрылымы түзіледі. Айталық, шағын дүкенде оның иесі және тағы бір адам істейді. Бұл жағдайда, басқарушы мен басқарылушы арасындағы өзара қатынас 8.1-сызбадағыдай болады. Бұл жүйе – қарапайым ұйымдастырушылық жүйе болады. Бірнеше бөлімдерден құралған супермаркеттегі басқару құрылымын көз алдымызға келтірейік, оның құрылымы (басқару буындары) біраз күрделірек болады. Оны 8.2-сызбадағыдай кескіндеуге болады. Жаңа құрылымның алдыңғыдан айырмасы тек қызметкерлер санының көптігінде ғана емес, сондай-ақ, бірнеше төменгі дәрежелі бөлімдерден құрылғандығында. Енді жұмысшы мен қызметкерлердің бір бөлігі тікелей дүкен иесіне емес, кіші бөлімдерді басқарушы менеджерлерге бағынады.

Егер фирма сауда-саттықтан тыс өндіріспен де шұғылданса, оның құрамдық түзілімі одан күрделілеу болады.





Автократиялық, яғни әміршілдік әдіс. Бұл жағдайда басшы ешкімнің пікірін сұрап отырмайды, бұйрық беріп, оның орындалуына бақылау жасайды. Мұндай тәсілде фирмалардың ұжымы орталықтанған болады, ал қызметкерлер арасында қатынас болмайды.

Бюрократтық (қағазбастылық) әдіс. Бұл тәсіл жоғарыдағы тәсілдің бір көрінісі. Фирма жұмысы "жоғарыдан келген" бұйрықтар, жол-жобалар мен ресми қағаздар негізінде басқарылады. Мұндай кәсіпорында бастамашылдыққа емес қағазға көбірек көңіл бөледі.

Демократиялық әдіс. Бұл жағдайда ұжымның мүшелері шешім қабылдау үдерісіне қатысады. Ұжымның әрбір мүшесінің пікірі ескеріліп, олар жалпы іске белгілі үлес қосқандарына қанағаттанады. Мұндай ұжымдарда, әдетте, адамдар өз жұмысына адал болады. Басшылықтың негізгі міндеті ұжым мүшелерін бастамашылыққа бағыттаудан құралған болады.




БІЛІМІңДІ СЫНАП КӨР!

1. Менеджмент дегенде нені түсінесің?
2. Менеджерлер қандай маман иелері? Олардың қызметі жайлы әңгімеле.
3. Саған мектеп бойынша “Наурыз” мерекесін өткізу тапсырылды. Сен жұмысты неден бастап, немен аяқтайтын едің?
4. Басқарудың негізгі тәртіптерінің бірі “Мақсат-әрекет бағытын анықтайды” деген ережені қалай түсінесің? Басқаруда мақсат соншама неге қажет?
5. Мектеп басқаруының құрылымын сыз және түсіндір.
6. Әрбір басқару тәсілдерінің артық және кем жақтарын айтып бер.
7. Әскери бөлімді басқару үшін қайсы тәсілді таңдаған болар едің? Неге?





Тапсырма



Айталық, сен үш түрлі кондитерлік өнімді өндіріп, өз дүкені арқылы сататын фирманың бастығысың. Қол астыңда 30 адам жұмыс істейді. Фирмаларыңның ұйымдастыру жүйесі 8.3-сызбада берілген. Оны пайдаланып, кәсіпорында өндіріс үдерісі қалай ұйымдастырылатыны туралы әңгімеле.

1. Фирма неше және қандай бөлімдерден құралған болады?
2. Әрбір бөлімде неше жұмысшы жұмыс істейді?
3. Бұл бөлімдердегі жұмысшыларды кімдер басқарады?
4. Бөлім бастықтары кімге бағынады?
5. Кім кімге қандай тәртіппен бағынатынын көрсететін 8.4-сызбаға ұқсас басқару жүйесін сызып,талқыла.



Мұны есінде сақта!

- Фирма неғұрлым ірі және көп тармақты болса, оның басқару жүйесі де соғұрлым күрделі.
- Басқарудың автократиялық, бюрократиялық және демократиялық әдістері бар.
- Фирманы басқарушылар – менеджерлер деп аталады.
- Менеджмент – басқару туралы ғылым.



9- ТАҚЫРЫП

МАРКЕТИНГ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Жоғарыдағы суреттерде көрсетілген тауарлардың бірін таңда. Оны өндіретін фирма бұл тауарды базарда сату үшін қандай шараларды іске асыру керек деп ойлайсың?
2. Бұл шаралардың қайсысы тауарды өндіруден алдын, қайсысы кейін өткізілуі керек?
3. Бұл тауарға қалай жарнама жасайсың?

Маркетинг сөзі ағылшынша «market» сөзінен алынған “базарға байланысты қызмет” деген мағынаны білдіреді. Экономикада *маркетинг* деп базар жағдайында тұтынушылар талабын анықтау, тауар және қызметтерді оларға жеткізгенге дейінгі қызметті айтады. Фирма үшін маркетингтің мақсаты – тұтынушылар сұранысын анықтау, оны толық қанағаттандырудың есесіне көбірек пайда табу деп айту мүмкін. Маркетинг қызметімен шұғылданушылар *маркетологтар* деп аталады.



Маркетинг – базар жағдайын анықтауда тұтынушылар сұранысын анықтау және оны қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Маркетолог – маркетинг қызметімен шұғылданатын арнайы білімге ие маман.

Фирманың бүкіл өндірістік қызметін маркетинг зерттеулеріне сүйеніп ұйымдастыру керек. Маркетинг зерттеуінің мақсаты – фирманың алдында тұрған өндіріс, қанша өнім шығару, қандай бағамен сату, кім үшін өндіру, қайсы базарға жеткізу керек деген сұрақтарға жауап табу. Маркетинг зерттеулері негізінен төрт: *өнімді (базарды) зерттеу, бағалау, жарнама жасау, базарды үйрену* басқыштарына бөлінеді.





Өнімді зерттеу басқышында тұтынушылардың қандай және қайсы тауарларды сатып алуға тілегі бары анықталады; базарды үйренеді; сауалнама сұрақтары, ауызша сұрақ-жауаптар, зерттеулер өткізіледі; тұтынушылар сұраныстарын қанағаттандыратын тауарларды өндіру жоспарланады және өркендетіледі.

Бағалау басқышында тауардың сатылу бағасы белгіленеді. Тұтынушылардың бұл тауарды сатып алуға құрбы жететіндей болып белгіленуі керек. Сонымен бірге тауарды өндіруші мен сатушы фирма да белгілі мөлшерде пайда алсын.

Жарнама басқышында фирма мен тауар туралы мағлұматтарды бұқаралық ақпарат құралдары және әртүрлі шаралар арқылы тұтынушыларға жеткізу жүзеге асырылады. Дұрыс берілген жарнама тауардың сатылу көлемін шұғыл арттыруы мүмкін. Фирма тауар және шаралар жайлы әр түрлі мағлұматтар радио, телевидение, интернет және басқа байланыс тармақтары, газет және журналдар, көшелердегі бағандар мен ғимараттардың қабырғаларындағы көріністер, хабарландыру, плакаттар арқылы тұтынушыларды өзіне қаратады. Тауардың арзан бағасы, әдемі, ықшам қадақталуы және тауар жапсырмасындағы жазулар да өзіне тән бір жарнама саналады.

Тауарды жарнама жасаудағы мақсат:

- тұтынушыларға сатуға шығарылған тауар туралы хабар беру;
- сол тауар тұтынушылардың қайсы қажеттіліктерін қанағаттандыратыны туралы мәлімет беру;
- тұтынушыларды тауарды сатып алуға үндеу, бейімділігін арттыру.



Жарнама – тұтынушыларға тауар туралы мағлұмат беру арқылы олардың тауарға деген сұранысын арттыруға бағытталған шаралар.

Базарды үйрену басқышында тауарды сату үшін сатушы мен тұтынушыға қолайлы жер мен уақыт таңдалады. Сонымен бірге фирма базарда өз орнын тауып, орналасуға арналған – болашақты көздеген шаралар жүзеге асырылады. Тауарды базарға жеткізу, оны сақтау және сату арналары анықталады. Тұтынушылардың көңілін аудару және тауарды сатып алуға деген ынтасын арттыру немесе сақтап тұру мақсатында тауарды сатудан алдыңғы және сатудан кейінгі сервистік қызмет түрлері көрсетіледі. Заманалық ақпарат технологияларының, атап айтқанда интернет тармағының жедел түрде құлаш жаюы маркетингтің өркендеуіне үлкен түрткі болды. Қазіргі күнде маркетинг қызметі қарқындап, нәтижелілігі артып отыр.

Тауарды сату бойынша сатушы кәсіпорын, әдетте екі түрлі стратегиялық жолды қолдайды. Олардың біріншісі - PUSH стратегиясы (PUSH- ағылшын





тілінде жылжыту мағынасын береді). PUSH маркетингте өнімнің өзін тікелей тұтынушыға көрсету, сол жолмен өнімді өткізуге әрекет жасалады. PUSH маркетингке ең қарапайым мысал, дүкен витринасында тауарларды тізіп қою, тауарларға жеңілдіктер ұсыну сияқты амалдарды келтіруге болады.



Бұл туралы ойлап көр!

Теледидардан беріліп жатқан жарнамаларды көресің бе? Олардың сапасы туралы не айта аласың? Жарнамалар жуықта қандай тауар сатып алуыңа себепші болды?

PUSH маркетингте тауарды өндірушіден сатып алушыға жеткізу ісімен делдал сауда орындары шұғылданады. Тауарды өндірушіден сатып алып, үлкен көлемде сатушылар *көтерме сауда ұйымдары* деп аталады. Олар тауарларды көтерме бағамен сатады. Тауарды бөлшектеп немесе шағын көлемде тұтынушыларға сататындар *бөлшек сауда ұйымдары* деп аталады. Сауда дүкендері бөлшек сауда ұйымдары болып табылады. Өндірушілер өнімді тікелей тұтынушыға немесе көтерме саудагерге сатқанда ол тауардың бағасына өз үстемесін қосады және *өндірістік бағамен* сатады. Көтерме саудагер бұл бағаға өз үстемесін қосып, оны көтерме бағада сатады. Бөлшек саудагер бұл бағаға өз үстемесін қосып оны бөлшек бағада сатады. Сөйтіп баға артып бара береді. Әдетте тауардың бөлшек бағасы көтерме бағадан, ал көтерме бағасы өндіріс бағасынан жоғары болады.

Сатуды ұйымдастыру бойынша екінші стратегия (жол)- PULL маркетингі (PULL-ағылшын тілінде тарту мағынасын береді). PULL- маркетингінің негізгі мақсаты тұтынушыны сатушының алдына келуін үндеу. Телевидение арқылы тауарды мақтап, олардың сапасы сипатталғанын көп көргенсіңдер. Мысалы, балалар жөргектері, парфюмерия және косметикалық өнімдер. Мұндай мәліметтерді үйренген тұтынушыда осы өнімді сатып алуға деген ниет пайда болады және ол осы тауар сатылатын жерге баруға асығады. Тұтынушы бұл тауарды пайдаланғаннан және оның тиімділігін байқағаннан кейін осы тауардың маркасына - брендіне байлана бастайды. Яғни кейін де дәл осы тауар белгісіндегі өнімдерді сатып алуға ұмтылады.



Маркетингте блокчейн технологиясын қолдану

Блокчейн - әртүрлі мәліметтердің үлкен базасы (қоры). Бұл мәліметтер жеке блоктарға орналастырылады және ортақ тізбекке байланады. Бұлардың барлығы компьютерлер және интернет жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Блокчейнге енгізілген мәліметтерді өшіруге, өзгертуге жол қойылмайды.





Бұл технология ақпарат алмасуды, мысалы бірер тауардың сатылуын, оған ақша өткізілуін жылдам, нақты және жариялы жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан да заманалық маркетингте блокчейн технологиясын қолдану кеңеюде.

2018 жылдың 2 қазан күні елімізде алғаш рет «Цифрлы сенім» қоры және Ресейдің Blockchain Industrial Alliance компаниясымен ынтымақтастықта дәрі-дәрмектер, медициналық аспаптар және медициналық техникалық өнімдер базасына блокчейн технологиясы енгізілді. Бұл мәліметтермен барлық мамандар, дәрігерлер, тауар жеткізіп берушілер және науқастар танысуы және пайдалануы мүмкін. Кейіншелік блокчейн платформасында тауардың толық тұрақты дәуірі көрсетілуі көзделген.

Мұндай заманалық технологияның маңыздылығын ескеріп, елімізде аумақтағы алғашқы блокчейн-академиясын ұйымдастыру бойынша Республикалық жоғары бизнес мектебі және KOREA GROUP компаниясы арасында меморандум жасалды.



БІЛІМІңДІ СЫНАП КӨР!

1. Маркетинг ұғымының мағынасын айт?
2. Маркетинг қызметінің негізгі мақсаттарын айт.
3. Маркетинг зерттеулерінің басқыштарын санап шық.
4. Тауарды жарнамалаудан көзделген негізгі мақсаттарды сипатта.
5. Жарнаманың артықшылық және кемшіліктерін айтып бер.
6. Заманалық ақпарат технологияларының дамуы маркетинг жүйесіне қалай ықпал етуде?
7. Тауарды сату жолдары туралы не білесің?
8. Базарды зерттеу дегенді қалай түсінесің?
9. Көтерме және бөлшек сауда ұйымдары туралы не білесің?



Мұны есіңде сақта!

- Маркетинг – тұтынушылар сұранысын анықтау және қанағаттандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет.
- Маркетинг қызметімен арнаулы білімге ие мамандар – маркетингтер шұғылданады.
- Маркетинг зерттеуі өнімді үйрену, бағалау, жарнамалау және базарды үйрену басқыштарын қамтиды.





БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Суретте көрсетілген өндіріс кәсіпорны қызметінің қоғам мен экономикаға әсерінің кері және тиімді жақтарын жеке-жеке баған түрінде көрсет.
2. Осындай кері салдары бола тұрса да, кәсіпорынның жұмыс істей беруін қалай түсіндіресіз?
3. Мұндай жағдайлардың қалай алдын алуға болады?

Алғашқы кездерде адамдардың мұндай қызметі нәтижесінде табиғаттағы жағдайдың бұзылуы, оған жеткізілген зиян қамтылып, орны қайта қалпына келтірілген.

Соңғы жүз жылдықтарда әлемде экономика саласы дамып, адамзаттың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарға араласуы, табиғи ресурстарды пайдалану деңгейі шексіз дәрежеге жетті де табиғат өзінің бұрынғы қалпына келе алмай қалды. Өйткені өндіріс технологиялары дамыды, жетілдірілді, бірақ табиғаттағы улы газдар, ағын сулар, қоқыстарды үлкен көлемде шығару толық қадағаланбады.

Экология – адамзат және оны қоршаған ортамен өзара қатынасын белгілейтін ғылым. Ол табиғаттағы ресурстарды үнемді пайдалану, оларды сақтай білу, қайта қалпына келтіру ділгірліктерін зерттейді. Айта кету керек, адамзаттың қажеттілігі шексіз, адамдар сол қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табиғи ресурстарды пайдаланылады. Бастапқыда адамдарды





табиғаттың өзі баққан болса, кейінгі кезде қажеттіліктің артуы нәтижесінде, адамдар табиғат берген сыйға қанағаттанбастан табиғи ресурстардан әртүрлі өнімдерді өздері өндіруге өтті. Осының нәтижесінде табиғаттағы тепе-теңдікке байқаларлық ықпал жасай бастады. Сөйтіп, экологиялық ділгірліктер туындады.

Экономиканың, ең алдымен өндірістің дамуы нәтижесінде адам қоршаған ортаның ластауымен байланысты төмендегі көкейтесті экологиялық ділгірліктерге тап болып отыр:

- ауаның ластануы;
- өзен және су қоймаларының ластануы;
- топырақ құрамының өзгеруі және жерлердің сортаңдануы;
- экологиялық таза азық-түлік өнімдерінің кемеюі;
- атмосферадағы озон қабатының жейілуі;
- адам денсаулығына зиян келтіретін қатты шу көтеретін техниканың көптеп пайдаланылуы.



Білесің бе?

Ғалымдардың пікірінше, өндірісте, суыту құрылмаларында қолданылатын фреон газы бізді күн нұрының радиациясынан қорғап тұратын - атмосфераның озон қабатын жеміріп бара жатыр. Егер жағдай осылай жалғаса берсе, таяу келешекте Жер атмосферасының температурасы көтеріліп, табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуы, құрлықтың көп бөлігін су қаптауы мүмкін деген болжам жасалынып жатыр.


Табиғатты қорғау жұмыстарымен негізінен мемлекеттік бақылау органдары шұғылданады. Әрбір мемлекетте қоршаған ортаны қорғау бойынша әртүрлі іс-шаралар орындалады, заңдар қабылданады. Мысалы, зауыт пен фабрика мұржаларына түрлі зиянды заттарды жібермейтін, ауаны тазартатын аппарат орнату, қалдық суларды өзендерге ағызуда жол бермеу сияқты шаралар жүзеге асырылады. Мемлекеттік ұйымдармен бірге беймемлекеттік, қоғамдық ұйымдар да бар. Олар бір ғана мемлекетте емес, бүкіл дүние жүзіндегі қоршаған ортаны қорғау мәселесімен айналысады. Мәселен, “Green peace” халықаралық қоғамы бүкіл әлемде экологиялық ділгірліктерді шешу, қоршаған ортаның ластануының алдын алу үшін күреседі.

Өзбекстанда да өткен кезеңде үлкен экологиялық ділгірліктер жинақталып қалған. Ауаның ластануы, топырақтың залалдануы және сорлануы өндірістік қоқыстар, лай сулармен байланысты ділгірліктер солардың қатарында. Өзбекстанда ең үлкен экологиялық ділгірліктер, әрине, сумен байланысты. Айдаркөл айналасындағы экотуризмді тепе-теңдестіру, оңтүстік облыстарда су тапшылығы ділгірлігі бұған мысал болады. Бірақ еліміздің жаһандық маңызға ие экологиялық ділгірлігі — Арал ділгірлігі.






Арал теңізіне құйылатын су мөлшері кемеіп, теңіз қазіргі күнде екі кішкене көлге бөлінген. Теңіз орнындағы тұздар желмен ауаға көтеріліп, теңіз маңындағы аумақтарды қаптай бастады. Тоғай мен шеңгелдің орнында шөл пайда болып, бұл жерді мекендейтін жануарлар саны күрт кемеіп кетті. Ауаның және ауызсудың ластануы нәтижесінде адамдардың өмір сүру жағдайы нашарлады. Арал теңізінде судың шұғыл кемеюі Аралбойы аумағының экономикасына өзінің кері әсерін тигізді.



Арал ділгірлігін шешудің маңыздылығы және жаһандық маңызға ие екені Президентіміз Шавкат Мирзияевтың Біріккен Ұлттар Ұйымының 72-Бас Ассамблеясындағы сөйлеген сөзінде тілге тиек етілді.

Елімізде экологиялық ділгірліктерді шешу бойынша жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі жарлығымен Өзбекстан Республикасы Табиғат қорғау мемлекеттік комитеті Экология және қоршаған



ортаны қорғау мемлекеттік комитеті етіп қайта құрылды. Комитетке экология, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды саналы түрде пайдалану және оларды қайта қалпына келтіру саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырумен байланысты міндеттер жүктелді. Өзбекстан экологиялық партиясы құрылды. 2019 жылдың 8 қаңтарында оның құрылтай съезі өтті.

Соңғы жылдары еліміздегі экологиялық жағдайды жақсарту барысындағы істерге мысал етіп қоқыстарды қайта өңдеу, күн, жел және биологиялық энергияларды пайдалануды кеңейту, шөлдерді орман ету, көлдердің бойын тоғайға айналдыру сияқты жұмыстарды айтуға болады.

Елімізде Арал ділгірлігін шешуге баса назар аударылуда. 2019 жылдың өзінде “Аралқұм” шөлінде 500 000 гектар алаңда қорғаныс ормандарын құру, көптеген артезиан құдығын қазу, тұщы су шығару, сөйтіп Арал аумағын қайта қалпына келтіру істері жүзеге асырылуда.

Экологиялық маңызға ие үлкен жоба – Өзбекстанда Ресеймен ынтымақтастықта жүзеге асырылуы басталған Атом электр станциясының құрылуы. Өйткені атом энергиясы - ең экологиялық таза энергия түрі, ауаға үлкен мөлшердегі улы газдардың шығарылуының алдын алады. Атом





электрстанциясының іске түсірілуімен жылына 3,7 млрд текше метр газ үнемделеді.

Қоршаған ортаны қорғау – әрбір азаматтың борышы саналады. Ол үшін әрқайсымыз күнделікті тұрмысымызда таза жүру, өзіміз өмір сүретін айналаны таза ұстау сияқты ережелерге мойынсұнуымыз қажет.



БІЛІМДІ СЫНАП КӨР!

1. Неліктен қазіргі экологиялық ділгірліктер өте маңызды болып қалды?
2. Экономиканың дамуы әрқашан экологиялық ділгірліктерді келтіріп шығара ма?
3. Ауаның, судың ластануы, топырақ құрамының өзгеруімен байланысты экологиялық ділгірлікке екеуден мысал келтір.
4. Автомобильдерден шығатын газ ауаны улайтынын біле тұра неліктен оларды бәрібір пайдалана береміз?
5. Арал теңізінің мүлдем құрғап қалуы тағы да қандай ділгірліктерге алып келуі мүмкін?
6. Айналадағы табиғатты қорғаумен неліктен негізінен мемлекет шұғылданады?
7. Айналадағы табиғатты қорғау үшін мемлекет нелерді пайдаланады?
8. Айналамыздағы табиғатты қорғау жұмысына сен қандай іс-әрекеттеріңмен үлесінді қосуың мүмкін?



Тапсырма

1. Өздерің жасайтын аудандағы экологиялық ділгірліктерді анықтап, олар туралы қысқаша реферат жазыңдар. Ділгірліктердің туындау себептерін табыңдар және оларды жою жолдарын ұсыныңдар. Ол ділгірліктерді жоюға сен және құрбыларың қандай үлес қосуы мүмкін екендігін айтыңдар.



Мұны есінде сақта!

- Барлық экологиялық ділгірліктер негізінен адамдардың экономикалық іс-әрекетінің нәтижесі болып саналады.
- Экономика және экология арасындағы қайшылықтарды жұмсарту мен айналаны қорғау мемлекет міндетіне кіреді.
- Табиғатты қорғау әрқайсымыздың қасиетті борышымыз болуы керек.



I ТАРАУДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

А. СҰРАҚТАР

1. Іскерлікке қабілеті бар адамды сипатта.
2. Іскерліктің базар экономикасындағы рөлін сипаттап бер.
3. Экономикалық қызметтің іскерлікке тән қандай түрлерін білесің?
4. Іскерлік қызметінің артықшылығы мен кемшіліктерін айтып бер.
5. Фирма және оны құрудың ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын санап бер.
6. Акционерлік қоғам деген не және оның қандай түрлерін білесің?
7. Фирма қаржылары қандай түрлерге бөлінеді?
8. Қандай өндіріс қаражаттарын білесің?
9. Өзгермелі және тұрақты қаражаттардың айырмашылықтары қандай?
10. Жалпы табыс, пайда, зиян және таза пайда арасында қандай байланыс бар? Оларды қарапайым мысалдармен түсіндір.
11. Пайданың экономикалық іс-әрекетке үндеуші рөлін түсіндіріп бер.
12. Фирманың экономикалық қызметінің нәтижелілігі қалай табылады?
13. Менеджменттің мәні, мақсаты және міндеттерін түсіндіріп бер.
14. Маркетингтің мәні, міндеті және фирма ісіндегі маңызын айтып бер.
15. Экологиялық ділгірліктер, адамдардың экономикалық іс-әрекетінің нәтижесі екенін дәлелдеп бер.

Б. ТАПСЫРМАЛАР

АТАУЛАР:

- | | |
|------------------------------|-----------------------------|
| 1. Іскерлік. | 9. Жалпы қаражаттар. |
| 2. Фирма. | 10. Банкроттық. |
| 3. Акцияның номиналдық құны. | 11. Менеджмент. |
| 4. Фирманың жарғысы. | 12. Маркетинг. |
| 5. Айналымдағы қаржы. | 13. Акция курсы. |
| 6. Коммерция. | 14. Амортизациялық аударым. |
| 7. Тұрақты қаражаттар. | 15. Орташа қаражаттар. |
| 8. Таза пайда. | 16. Жеке меншік фирма. |

ҰҒЫМДАР:

- а) фирманың ішкі және сыртқы істерін реттейтін құқықтық күшке ие өлшемдік құжат;
- б) шикізат, әртүрлі материалдар сатып алуға және жұмысшы күшін жалдауға жұмсалатын қаржылар;





- в) фирма пайдасының барлық салықтар және төлемдерді төлеген соң қалған бөлігі;
- г) тұрақты және өзгермелі қаражаттар жиынтығы;
- ғ) іскерлік әрекеті іс жүзіне асатын кәсіпорын;
- д) акция бетіне жазылған баға;
- е) тұтынушылар сұранысын анықтау және оны қанағаттандыруға бағытталған әрекет;
- ж) адамдардың пайда алу мақсатында, тәуекелшілік негізінде, өзінің қаржысын, мүлкін, білімін және мүмкіншіліктерін іске қосып тауар өндіруі және қызмет көрсетуі.
- з) белгілі мақсатқа жету әдістерін, формаларын, құралдары және басқару принциптерін зерттейтін ғылым;
- и) фирманың өз қарыздарын төлей алмайтын жағдайы;
- й) акцияның базардағы бағасы;
- к) өндіріс көлеміне байланысты болмаған қаражаттар;
- к) тауарды сатып алып, сонан соң тұтынушыларға сатудан құралған іскерлік қызметі;
- л) негізгі өндіріс құралдарының ескіруі нәтижесінде олардың бағасының өндірілген өнім бағасына өткен бөлігі;
- м) бірлік өнімді өндіру үшін жұмсалған қаражат мөлшері;
- н) жеке адамның мүлкі негізінде ұйымдастырылатын және басқарылатын фирма.

Д. 7-бет I тарау титулындағы суреттер бойынша

Суреттердің қайсы біреуі қандай тақырыпқа қатысты екенін айт. Осы суреттер негізінде тақырыптардың мазмұнын сипатта.

Е. ТЕСТТЕР

1. Іскерлік қызметі нәтижесінде қандай көріністегі табыс алынады?

А) пайыз; Б) рента; Д) жалақы; Е) пайда.

2. Серіктестік негізінде құрылған фирманың пайдасы:

А) құрылтайшылар арасында теңдей бөлінеді;

Б) жарғы қорына қосылған үлеске сәйкес түрде бөлінеді;

Д) тек фирманы кеңейтуге жұмсалады;

Е) құрылтай шартында көрсетілген келісім негізінде бөлінеді.

3. Фирманың финанс қаржы қорлары төмендегілер:

А) таза пайда;

Б) амортизациялық аударым;

Д) жарғы қоры;



Е) жоғарыда көрсетілгендердің бәрі.

4. Қарапайым акция иесі фирманы басқаруға:

А) мүлдем қатыспайды;

Б) жалпы жиналыста дауыс беру арқылы қатысуы мүмкін;

Д) қатысуы шарт;

Е) акция пакетіне ие болған жағдайда ғана қатысуы мүмкін.

5. Акционерлік қоғамның жалпы табысы 5 миллиард сумды, жалпы қаражаты 3 миллиард сумды, салықтар мөлшері 1 миллиард сумды және дивидендтер 500 миллион сумды құрады. Оның таза пайдасы қанша?

А) 500 миллион сум;

Б) 2 миллиард сум;

Д) 3 миллиард сум;

Е) 1 миллиард сум.

6. Фирма жыл бойы 5 000 000 000 сум қаражат жұмсап, 1250 000 000 сум таза пайда алды. Фирманың жылдық қызметінің нәтижелілігін тап.

А) 125 пайыз;

Б) 50 пайыз;

Д) 25 пайыз;

Е) 150 пайыз.

7. Акционерлік қоғамның жылдық пайдасы мөлшерінің өсуі қайсы акция құнының өсуіне алып келуі мүмкін?

А) қарапайым акцияның;

Б) жеңілдетілген акцияның;

Д) қарапайым акцияның да, жеңілдетілген акцияның да;

Е) ешбір бағалы қағаздың.

8. Төмендегі ерекшеліктердің қайсысы іскерлікке сай?

А) тәуекелшілдік;

Б) еркін экономикалық қызмет;

Д) пайда алуға ұмтылу;

Е) жоғарыдағылардың барлығы

9. Фирма 1 жыл 1,5 миллиард сум, 2 жыл 2 миллиард сум пайда алды. Бағалар 2-жылда 1-жылға қарағанда 1,25 есеге артқан болса, фирманың 2-жылда 1-жылға қарағанда нақты пайдасы қаншаға өзгерген?

А) 100 млн сумға кемейген;

Б) 500 млн сумға кемейген;

Д) Өзгермеген;

Е) 100 млн сумға артқан.



Өз бизнесін бастау ниетінде жүрген, өзінің бизнес-идеясы және дайын бизнес-жобасы болған жас кәсіпкер алдында тұрған ең үлкен ділгірлік – бұл әрине, қалайша қаржы табу. Әсіресе, бұл сауда-саттық немесе жалпы тамақтану тәрізді дәстүрлі кәсіпкерлік саласына емес, заманалық технологиялармен байланысты, тәуекелшілік деңгейі жоғары болған салаларға қатысты болса.

Дамыған елдерде мұндай бизнес-идеялардың қадіріне жетеді және іздейді. Өйткені дәл осындай күшті тәуекелге негізделген жаңа бизнес-жобалар ғана жоғары деңгейдегі пайданы беруі мүмкін. Сондықтан да кейбір ірі кәсіпорындар мұндай бизнес-идеяларды немесе дайын бизнес-жобаларды сатып алады немесе серіктестік шартымен қаржыландырады. Мұндай бизнес-идея, бизнес-жобаларды қаржыландыратын арнаулы қорлар да дамыған мемлекеттердегі бизнес-жүйенің бөлінбейтін бөлігіне айналған. Қаржыландырылған және қызметін бастаған мұндай жаңа бизнес түрлері бұл мемлекеттерде *стартаптар* деп аталады.

Соңғы жылдары қызметін бастаған және үлкен табысқа жеткен стартаптарға мысал ретінде Facebook, Uber, Space X, Xiaomi, Instagram сияқты ірі компанияларды келтіруге болады.

Мұндай бизнес түрлерінде тәуекелдік деңгейі жоғары болғандығы үшін де олар көбінесе *венчурлік қор* деп аталатын инвестициялық қорлардың қаржысы есебіне жұмыс бастайды.

Венчурлік қор (ағыл. venture – тәуекел іс) - тәуекелдігі жоғары болған инвестициялық қор, олар негізінен инвестициялық кәсіпорын (стартап)дармен істеуге бағытталған. Венчурлік қор тәуекелдік деңгейі өте жоғары болған және төтенше дәрежедегі жоғары пайда алынуы күтілетін кәсіпорындарға инвестиция енгізеді.

Соңғы жылдары Өзбекстанда да стартаптар туралы көп айтыла бастады. Отанымызда болашақта үлкен пайда беретін, бірақ тәуекелділігі де



жоғары болған бизнес түрлері және бизнес бастау ниетінде жүрген жас кәсіпкерлер бірталай. Оларға тек ақша ғана емес - бастапқы капитал керек. Бізде венчур инвестициялар енгізу дамымаған болса, мұндай кәсіпкер қандай жол тапсын?

Ол үшін болашақ инвестор бір нәрсені ұғып алуы керек болады. Стартапқа инвестиция енгізу – бұл несие беру емес. Енгізілген инвестициялар несие үшін төленгеніндей төмен пайызбен қайтпайды, бұл қаржы бірнеше есе көбейген түрінде қайтарылады. Бірақ мұнда тәуекелшілік, яғни қаржыны түгелдей жоғалтып қою қаупі де бірнеше есеге көп.

Өзбекстанда стартап үшін қаржыны жас кәсіпкер қай жерден табады? Мұның бірнеше жолы бар:

1. Ең қарапайым жол – туыстар мен достарға өтініш жасау, оларды идеяларына қызықтыру.

2. Банктен несие алу.

3. *Краудфандинг* – идеяңызға қызығып қалған көптеген адамдардың онша үлкен болмаған қаржысын жинау мен оларды серіктесіңізге айналдыру. Мұндай жұмыс әдетте интернетте ұйымдастырылған арнаулы краудфандинг алаңдары арқылы құрылады немесе әлеуметтік желілердегі жарнамаларда идеялар жарияланып оларға қызығушылар ізделеді.

4. Жеке меншік компаниялар мен мемлекеттік гранттар.

5. Бизнесмендермен тікелей кездесіп, оларды идеяға қызықтыру және қаржыландыруға жұмылдыру.

6. *Стартап-акселераторлар* – тек стартаптарды қаржыландыруға қатыспайды, стартаптың жауаптыларына өзіне тән мектеп міндетін де өтейді. Стартап-акселератор өзіне болашақты стартап идеяларын іздейтін инвесторларды біріктірген жас компаниялардың өсуіне де және дамуына көмектесетін әлеуметтік ұйым. Яғни, егер стартап-акселераторды бизнес-идеяна қызықтырып серіктестікке көндіре алсаң ол жағдайда стартап-акселератор қажетті мәліметтермен қамтамасыз етіп, кеңес беріп, аяққа тұрып алуына көмектеседі.




Стартап негізін қалаушысы болған жас кәсіпкерлер үшін қажетті нәрсенің ең маңыздыларының біреуі (қаржыдан тыс әрине!) – бизнес қызметті бастау және жүргізу үшін офистің болуы. Мұнда қазір еліміздің әртүрлі қаласы мен аудандарында ұйымдастырылып жатқан жаңа және жас кәсіпкерлерге арналған арнайы жерлер – *коворкингтер пайда береді*. Коворкинг (ағылшын. *Co-working* - біргеліктегі іс) – жас кәсіпкерлер үшін жалпы, біргелікте пайдаланылатын офис базасын өтейді. Бұл жерде өз жұмысын бастаған жаңа стартапшылар немесе бастау ниетінде жүрген жастар бірге кездесіп бір-бірімен өзара пайдалы байланыстарды орнатуы мүмкін. Та-бысты бизнестің ең маңызды жағы — бұл қажетті адамдармен өзара мүдделі байланыстар жүйесін (торын) жарату емес пе? Замануи тілде мұндай байланыстар орнату *нетуоркинг* (ағылшын. *networking* – тор тоқу) деп аталады. Networking арқылы жас іскерлер жаңа тұтынушыларды табу, жақсы мамандарды жұмысқа жұмылдыру, инвесторларды қызықтыру, ділгірліктерге шешім табу сияқты пайдалы істерде кеңесші серіктестермен байланыс орнатуы мүмкін. Біздің ұлттық минталитетімізге сай болған ынтымақтастық, серіктестік сияқты құндылықтар да міне осы нетуоркинг деп аталатын бизнес-терминде көрініс табады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Өз бетінше оқуға жоғарыда берілген материалдан бұрын бейнатыс болған ұғымды бөліп жаз.
2. Бұл ұғымдардың әрқайсысын мәтіннен түсінгендерің негізінде сипатта.
3. Бұл ұғымдарды бір-бірімен логикалық үйлесімділікпен, сызба түрінде тұтастыр. Қайсы ұғым тағы қандай ұғыммен байланысты, қай ұғым қандай терминді толтырады, қайсы ұғым қай бірінен келіп шығады? Осылайша бір қарағанда күрделі көрінетін байланыстар логикалық мазмұнға ие үдерістердің көрінісі ретінде оңайластырылған тәрізде көріне бастайды.



Экономиканы басқаруға мемлекеттің араласуын күрт азайту тиіс.

Шавкат Мирзияев



II тарау. Мемлекет және экономика





11- ТАҚЫРЫП

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Базар экономикасы жағдайында экономикалық қызмет қатысушыларының еркіндігі мен шынайы бәсекелестік ортаның сақталуын кім кепілдейді?
2. Әрбір елде табысы аз отбасылар, қарттар, жас балалар бар. Оларды әлеуметтік қамтамасыз етумен кім, қалай айналысады?
3. Табиғатты қорғаумен кім айналысатынын білесің бе? Бұл ретте нендей іс-шаралар қарастырылатыны туралы білгеніңмен ортақтас.
4. Өздерің оқитын мектеп қайсы қаржылардың есебінен құрылып, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіген? Оқушыларға жалақыны кім төлейді? Бұған қаржы қай жерден қалай алынатынын білесің бе?

Кез келген мемлекет өз азаматтарының экономикалық қызмет жүргізуі үшін дұрыс жағдай жасауды алдына мақсат етіп қояды. Өйткені олардың табысты жұмыс істеуіне тек мемлекет ғана емес, қоғам да мүдделі.

Әрбір мемлекет экономикасының алдында төмендегі мақсаттар тұрады:

- **Экономикалық еркіндік** – экономикаға қатысушылардың өзі дербес және еркін экономикалық шешімдер, қаулылар қабылдауын қамтамасыз ету;





- **Экономикалық нәтижелілік** – минималды қаражат жұмсап, максималды түрде пайда табуға мүмкіндік жасау;
- **Экономикалық теңдік** – барлық экономикалық іс-әрекеттерді әділеттілікпен жүзеге асыруға жағдай жасау;
- **Экономикалық қауіпсіздік** – халықты экономикалық дағдарыстан, кедейліктен, жұмыссыздықтан, инфляция салдарынан қорғау;
- **Экономикалық өсу** – тауар және қызметтер өндіруді арттыра түсу.

Базардың өзі де шеше алмайтын ділгірліктер мен міндеттер бар. Сондықтан бұл міндеттер үкіметке жүктеледі. Олар төмендегілер: адал бәсекелестік орта құру, базар туралы мағлұматтар алуда барлығына бірдей мүмкіндік жасау, қосымша сыртқы әсерлерді реттеу, *әлеуметтік тауар және қызметтерді өндіру*. Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, ағарту, ғылым мен денсаулық сақтау салаларын өркендету сияқты бірқатар әлеуметтік қызметтер бар, оларды ұйымдастыру және басқаруды тек қызметтерді орталықтанған түрде жүзеге асыру қажет. Оларды тек *бірге пайдалану* мүмкін және бұл қызметтерді тек ақысын төлегендерге көрсетіп, ал басқаларды бұдан пайдалана алмайтын етіп шектеуге болмайды. Бұл - әлеуметтік тауар және *шектеуге болмайтын ерекшелігі*. Онан басқа мұндай қызмет нәтижесі әрдайым тікелей пайда табуға бағытталмаған болады. Сондықтан бұл әлеуметтік игіліктерді жасау базар экономикасы жағдайында іскерлер назарынан тыс қалады және онымен үкімет шұғылданады.



Әлеуметтік игіліктер – базар ұсына алмайтын, мемлекет тарапынан өндірілетін және мемлекет халқы тарапынан бірге тұтынатын тауарлар мен қызметтер.

Тауардың бірге тұтыну ерекшелігі – тауар және қызметтің көп адамдар тарапынан бірдей уақыттың өзінде тұтынуы.

Тауардың тұтынуын шектеуге болмайтын қасиеті – ақысы төленбеген жағдайда да адамдарды бұл тауар және қызметтерді тұтынудан шектеп қоя алмаушылық.

Жоғарыдағы пікірлерді ескеріп, мемлекет өз жауапкершілігіне мынадай экономикалық міндеттерді алады:

1. Қоғамның құқықтық және әлеуметтік негізін сақтап тұру. Мемлекет адамдардың қоғамда жасау, еңбек етуіне қатысты және олардың арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заң және құқықтық нормаларды орнатады, заң алдында барлық адамның теңдігіне кепілдік береді және олардың орындалуына бақылау жасайды.





2. Бәсекені қолдау. Мемлекет монополияға қарсы күреседі, бәсекені қорғайды және ынталандырып отырады.

3. Әлеуметтік игіліктер – тауар және қызметтермен қамтамасыз ету. Мемлекет базар бере алмайтын, бірақ қоғам үшін қажет болған қоршаған ортаны қорғау, қорғаныс, денсаулық сақтау, ағарту сияқты салаларда тауар мен қызметтер көрсетеді және халыққа ұсынады.

4. Қосымша сыртқы әсерлерді реттеу. Кез келген тауар мен қызметтердің, сөз жоқ, өзінің өндірушісі және тұтынушысы болатыны белгілі. Бірақ олар тек өндірушілер мен тұтынушыларға ғана тиісті болмай, бұл үдеріске қатысы жоқ үшінші жаққа да өз әсерін тигізетін бір тауар және қызметтерді өндіру үдерістері болады. Мысалы, зауыт мұржасынан шыққан түтін, бұл зауыттағы өндіріс үдерісіне ешқандай қатысы жоқ, зауыт айналасында өмір сүретін адамдардың денсаулығына әсер етеді. Мұндай жағдай экономикада *қосымша сыртқы әсер* деп аталады. Осындай сыртқы әсерлерді де реттеу мемлекет міндетіне жүктеледі. Сыртқы әсер ұнамсыз болса, оның алдын алу шаралары жасалады. Егер ұнамды болса, мұндай өндірісті қолдайды. Мәселен қоршаған ортаны ластап, табиғатқа зиянын тигізетін кәсіпорындарға айыппұл салады және салықтар белгілейді, ал білім беруді нығайтып, экономикаға ұнамды әсер ететін мекемелерге қаржылай жеңілдік береді.



Қосымша сыртқы әсер – тауарды өндіру немесе тұтыну үдерісінде өндіруші және тұтынушыдан басқа үшінші жақтың алатын пайдасы мен зияны.

5. Табыс және байлықтарды қайта бөлу. Мемлекет табысы аз жанұяларды қорғап, бай адамдардан табысына сай мөлшерде салық өндіру, студенттерге стипендия беру арқылы табыстарды бөліп отырады.

6. Экономиканы тұрақтандыру. Мемлекет инфляцияны бақылау, жұмыссыздықтың алдын алу, мемлекет бюджеті мен ақша массасын бақылаумен бірге экономиканы тепе-теңдікте сақтап тұрады.



Білесің бе?

Мемлекеттің экономикадағы орны жайлы бір-біріне қайшы әртүрлі пікірлер бар. Бірінші жақтың пікірінше, үкіметтің рөлі шұғыл қысқартылуы керек, өйткені үкіметтің экономикаға шектен тыс араласуы экономикалық еркіндікті шектеп қоюы мүмкін. Екінші жақтың пікірінше, үкіметтің рөлін арттыруды жақтайды. Өйткені базар кейбір ділгірліктерді үкіметтің араласуынсыз шеше алмайды.





БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Мемлекет алдында қандай экономикалық мақсаттар тұр? Оларға шолу жаса.
2. Мемлекеттің экономикалық міндеттер туралы нелерді білесің? Неліктен үкімет бұл міндеттерді өзіне алады?
3. Мемлекеттің экономикалық міндеттеріне мысал келтір.
4. Ұнамды және ұнамсыз қосымша сыртқы әсерлерге мысал келтір.
5. Әлеуметтік тауарлар қандай ерекшелікке ие?
6. Егер жеке фирма әлеуметтік тауар өндірісе, ол қандай қиыншылықтарға тап болады?



Мұны есіңде сақта!

Тауар мен қызметтер екі түрлі болады: әлеуметтік игіліктер және жекеменшік фирмалар өндіретін тауар және қызметтер.

- Әлеуметтік игіліктерді мемлекет өндіреді.
- Базар экономикасы жағдайында мемлекеттің де өте маңызды міндеттері бар.





12- ТАҚЫРЫП

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Өздерің оқитын мектеп туралы «мектеп мемлекет бюджеті есебінен құрылған» деген сөздерді естігенсің. Сондай-ақ аурухана, жанұялық емхана, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың «мемлекет бюджетінен қаржыландырылатыны» жайлы сөздерден де құлағдар боларсың.

1. Мемлекеттік бюджет туралы не білесің?
2. 3–6-суреттердегі адамдардың қызметін кім және ненің есебінен материалдық қолдап-қуаттайды деп ойлайсың?
3. Өткен сабақта мемлекеттің міндеттерімен таныс болдың. Мемлекет өз мүмкіндіктерін орындауға қаржыны қайдан алады?





Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің бір жылдық табысы мен қаражаттары жоспарланған негізгі қаржылық құжат. Мемлекет бюджетін түзудегі негізгі мақсат: мемлекет алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік міндеттерді орындау үшін финанстық негізді қалыптастыру, мемлекет экономикасын дамытудың болашақтағы жоспарын жүзеге асыру, халық табыстарын қайта тексеру. Мемлекеттік бюджет табыс және қаражат бөлімдерінен құралған.



Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің бір жылдық табыстары мен қаражаттары жоспарланған негізгі қаржылық құжат.

Мемлекет бюджетінің табыс көздері төмендегілер:

- азаматтардың табысынан алынатын салықтар;
- кәсіпорындардың пайдасынан алынатын салықтар;
- мемлекеттік кәсіпорындардың пайдасы;
- мемлекетке тиісті бағалы қағаздарды сатудан түскен ақша;
- мемлекет меншігін сатудан түскен қаржылар;
- мемлекеттік баж (кеден), тағы басқа түсімдер.



Баж салығы – мемлекеттік мекемелер тарапынан көрсетілетін кейбір қызметтер үшін немесе мемлекет аумағына кейбір түрдегі тауарларды алып кіру үшін тікелей төленетін ақы.

Мемлекет аумағында кейбір түрдегі тауарларды әкелгені үшін немесе мемлекеттік мекемелер тарапынан көрсетілетін кейбір қызметтер үшін тікелей төленетін аранулы төлем мемлекеттік баж салығы деп аталады. Айта кеткен жөн, салықтар мемлекет бюджетінің табыс бөлігінің негізгі көзі боп саналады. Осы қорлар негізінде мемлекет өзінің ақшалай қаржысының орталықтанған қоры – мемлекет бюджетінің табыс бөлігін құрайды және оны жыл барысында жұмсайды.

Бюджет қаржысы төмендегі салаларға жұмсалады:

- білім беру және ғылым, мәдениет пен өнер;
- спорт және денсаулық сақтау;
- ұлттық қауіпсіздік;
- қарттық және мүгедектік зейнетақылары, стипендиялар;
- жұмыссыздық төлемдері мен табысы аз отбасыларға материалдық көмек беру;
- қоршаған ортаны қорғау;
- қоғамдық тәртіпті сақтау;
- мемлекеттік кәсіпорындарды, мекемелерді және басқару органдарын қаржымен қамтамасыз ету;
- кейбір мемлекеттік маңызы бар салаларды қаржылай қолдау және басқалар.





Мемлекет бюджетінің қаржылары, негізінен, қоғам үшін қажет тауарлар мен қызметтерді сатып алуға, халықтың әртүрлі топтарын қолдауға арналған трансферт төлемдеріне жұмсалады екен.



Білесің бе?

Өзбекстан Республикасының мемлекеттік бюджеті Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисінде талқыланады және бекітіледі. Жыл соңында үкімет бюджетінің орындалуы бойынша Олий Мажлиске есеп береді.



Трансферттік төлемдер – мемлекет бюджетінен халықтың табысы аз буынын қолдауға жұмсалатын қаржылар.

Әдетте, мемлекет бюджетінің табыс және қаражат бөлігі өзара тең болмайды. Көбінесе табысқа қарағанда қаражат көп болады. бюджетінің қаражаттары мен табысының арасындағы айырманы *бюджет жетіспеушілігі* деп атайды. Жылдап жиналып қалған бюджет жетіспеуінің жалпы көлемі *мемлекет қарызын* құрайды. Мемлекет қарызының ішкі және сыртқы көрінісі болуы мүмкін. Ішкі қарызы мемлекеттің өз азаматтары, фирма және ұйымдар алдындағы міндеттер болса, ал сыртқы қарызы шетелдер, халықаралық банктер мен финанстық мекемелер алдындағы қарызы. Мемлекет бюджетінің табыстары қаражаттарынан артқан жағдайда мемлекеттік бюджет профициті пайда болады.




Бюджет жетіспеушілігі – мемлекет бюджетінің қаражаттары табысынан көп болған жағдайдағы, қаражаттар мен табыстар арасындағы айырма.

Бюджет профициті – мемлекет бюджеті табысының шығынынан көп болған жағдайдағы табысы мен қаражаты арасындағы айырмашылық.

Мемлекет қарызы – жылдар бойы жиналып қалған бюджет жетіспеушілігінің жалпы мөлшері.

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ТАБЫСТАРЫ





Ўзбекистон Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2019 жылғы негізгі көрсеткіштері (млрд сум есебінде)

<i>Табыс көздері</i>	<i>Мөлшері</i>
Тікелей салықтар	29125,5
Жанама салықтар	47029,8
Меншік салығы және ресурс төлемдері	16906,0
Басқа табыстар	9566,3
Жалпы табыс	102627,6

Қаражаттар бөлігі (млрд. сум есебінде)

Әлеуметтік сала және тұрғындарды әлеуметтік қорғау	58012,1
Азаматтық қоғамды дамытуға бөлінген қаржылар мен гранттар	28,6
Экономика	14099,8
Орталықтандырылған инвестициялар	3906,2
Мемлекеттік басқару	3749,4
Басқа қаражаттар	27322,3
Жалпы қаражаттар	107118,4

1. Ўзбекистон Республикасының 2019 жылғы мемлекеттік бюджетінің табыстар бөлігінің әрбір пунктін пайыздарда есептеп, дөңгелек диаграммаларда өрнекте.
2. Мемлекеттік бюджеттің қаражаттар бөлігінің әрбір пунктін пайыздарда есептеп, дөңгелек диаграммаларда өрнекте.
3. Мемлекеттік бюджеттен ең көп қаржы қай салаға жұмсалуда?
4. Мемлекеттік бюджеттің табыстар және қаражаттар бөлігін өзара салыстыр .



БІЛІМІНДІ СЫНАП КӨР!

1. Мемлекет бюджеті деген не және ол не үшін қажет?
2. Мемлекет бюджетінің табыс бөлігінің көздерін санап бер. Бұл табыстар қандай мақсаттарға жұмсалады?
3. Мемлекет бюджетінің қаражат бөлігі табыстан көп болса не болады? Аз болса ше?
4. Бюджет жетіспеушілігін кемітудің қандай жолдары бар?
5. Мемлекет қарызы деген не? Оның қандай көріністері бар?



Мұны есіңде сақта!

- Мемлекеттік бюджет елдің жылдық негізгі финанстық жоспары. Онда мемлекеттің табыс көздері және қаражаттары көрсетілген болады.
- Мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігі, негізінен, салықтар есебінен қалыптастырылады.





13- ТАҚЫРЫП

БАНК ЖҮЙЕСІ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Жоғарыдағы суретке мұқият қарап шығып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Банктер ақшаны қайдан алады?
2. Банктердің қандай міндеттерін білесің?
3. Республикамызда қызмет атқарып жатқан қандай банктерді білесің?
4. Жанұя мүшелерің банктің қандай қызметтерін пайдаланады?

Мемлекетте базар қатынастарының тереңдеуі базар инфрақұрылымдарының көптігі және олардың қызметінің қаншалықты дұрыс ұйымдастырылуына байланысты болады. Базар инфрақұрылымының негізгі буындарының бірі – банк.

Ерте дәуірлерден бері аманатқа алу және қою практикасы қолданылған. Мұнымен әдетте адамдар немесе діни кеңселер шұғылданған. Мысалы, мұндай практикамен Ежелгі Грек ғибадатханалары шұғылданғаны тарихтан белгілі. Оларда аманат, қарыз беру, тіпті үстеме өндіру сияқты қызметтерді жүзеге асырған. Кейіннен ақша айырбастауға да қажеттілік пайда бола



бастады. Еуропадағы алғашқы ақша айырбастаушылар сауда алаңдарының қарбалас жерлерінде орындық қойып жұмыс істеген. Сондықтан да банк сөзі итальян тілінен аударғанда *banco* - яғни *орындық* сөзінен келіп шыққан.

Банк – халық, фирма және кәсіпорындарға ақша және бағалы қағаздармен байланысты түрлі қызмет көрсететін финанстық мекеме. Өзбекстанның банк жүйесінде дамыған елдердің банк жүйесіндегі барлық практикалар жүзеге асырылады. Әсересе, еліміздегі банктер:

- ақша және бағалы қағаздарды қатынасқа шығарады (эмиссия жасайды);
- халық және фирмалардың қаржыларын сақтап береді;
- халыққа және фирмаларға белгілі пайыз есесіне ақша қарыз береді;
- әртүрлі бағалы заттарды сақтап береді;
- басқа мемлекеттердің ақшаларын сатып алады және сатады;
- бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;
- төлемдер және есеп-қисап жұмыстары бойынша қызмет көрсетеді.

Банк өзіне тән ортақ қор, ол халықтың қолында “айналымға түспей жатқан” ақшаны айналымға түсіреді. Жинақталған ақшаларды ақша қажет іскерлерге белгілі бір пайыз есесіне қарызға береді. Ал іскерлер бұл ақшаларды өндіріске жұмсап, экономикалық игілік жасайды. Сөйтіп банк экономиканың дамуына үлес қосады.

Әдетте банк екі түрге бөлінеді: орталық банк және коммерциялық банктер. Орталық және коммерциялық банктер бірігіп мемлекеттің екі басқышты банк жүйесін құрайды. Орталық банк үкіметке қарасты болуы да, болмауы да мүмкін. Орталық банк мемлекетке қарасты болған жағдайда, осы мемлекеттің негізгі банкі ретінде оған мемлекеттік маңызға ие құқық және міндеттер жүктеледі. Орталық банк төмендегі міндеттерді орындайды:

- мемлекеттің ұлттық валютасы мен бағалы қағаздарын айналымға шығарады;
- мемлекеттегі ақша айналымын реттеп, айналымдағы ақша көлемін бақылайды;
- коммерциялық банктерге белгілі пайызбен қарыз береді;
- шетел валюталарының ұлттық валютаға қатынас бағамын белгілейді;
- коммерциялық банктердің қызметін бақылайды;
- мемлекеттің ақша және алтын қорларын сақтайды.

Сондықтан, орталық банк – “банктердің банкі” саналады және ол тек коммерциялық банктерге қызмет көрсетеді.

Өзбекстанда Орталық банк мемлекетке тиісті.

Коммерциялық банктер халық, фирма және ұйымдарға қызмет етеді.

Коммерциялық банктер:



- орталық банктен қарызға ақша алады;
- ақшалай қаржыларды сақтайды, жинақтауға көмектеседі;
- ақша қажет клиенттерге ақша қарыз (кредит)береді;
- шет ел валютасын сатып алады және сатады;
- бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;
- клиенттерінің ақшамен байланысты есептеу жұмыстарын, төлемдерін орындайды.

Қойылған қаржы *сақтық қор* немесе *депозит* деп аталады. Банк клиенттері жинақ иелеріне айналады. Банк жинақ иелерінің ақшалай қаржыларын белгілі пайыз төлеу шартымен белгілі бір мерзімге сақтап беру міндетін алса, мұндай жинақтар *мерзімді депозиттер* деп аталады. Егер банк жинақты қалаған уақытында жинақ иесіне қайтару міндетін алса, онда мұндай жинақ *әрекеттегі депозит* деп аталады. Бірінші жағдайда банк клиенттің ақшалай қаржысын жинақтауға және оның есесіне пайыз есебінде табыс алуына көмектессе, екінші жағдайда қаржыны сақтауға, клиенттің бірінші талабына сай қайтаруға немесе кейбір төлемдерді жүзеге асыруға жәрдем береді.



Коммерциялық банк – халыққа, фирма және ұйымдарға қызмет көрсететін банк.

Депозит – аманат немесе банкке қойылған қаржы.

«Қарыз» банк тілінде кредит (несие) деп аталады (латынша *creditum* – қарыз мағынасын береді). Әлбетте, банк клиентке несие бергені үшін клиент банкке қарыз ақысын төлейді. Қарыздың ақысы – *несие пайызы* деп аталады. Несиенің пайыз мөлшері жылдық пайыз ставкасына қарай белгіленеді.

$$\text{Кредиттің жылдық пайыз ставкасы} = \frac{\text{Кредит ақысы}}{\text{Кредит мөлшері}} \cdot 100\%$$

Мәселен, шағын кәсіпорын банктен 40 миллион сумды бір жылға 20% жылдық пайыз ставкасымен алған болсын. Демек, кәсіпорын бір жылдан соң 40 миллион сумды қайтарумен бірге банкке қарыз ақысы ретінде, қарыздың 20 пайызы мөлшерінде, яғни $40000000 \cdot 20\% = 8000000$ сум мөлшерінде қосымша несие пайызын да төлейді. Егер бұл қарызды екі жылға алған болса, несие пайызының мөлшері екі есе көп болады, яғни 16000000 сумды құрайды, сол сияқты тағы басқалар.

Жалпы алғанда, алынған қарыз, несие мөлшерін – P , жылдық пайыз ставкасын – r , алынған қарызды қайтару мерзімін – t деп алсақ, онда несие пайызының мөлшері – I мынадай формуламен табылады: $I = P \cdot r \cdot t$.

Банкке қайтарылатын ақша мөлшері $S = P + I$ формуласымен анықталады.





Айталық, “Зия” фирмасы “Савдогарбанктен” 100 млн сумды жарты жылға 20% жылдық пайыз ставкасымен алған болсын. Бұл фирма банкке

$I = P \cdot r \cdot t = 100000000 \cdot 20\% \cdot 0,5 = 100000000 \cdot 0,2 \cdot 0,5 = 10000000$ сум несие пайызын төлеп, жарты жылдан соң бір миллион сумды, барлығы $S = P + I = 100000000 + 10000000 = 110000000$ сум етіп қайтарады.

Бұл несие пайызын есептеудің бұл тәсілі *қарапайым пайыздар тәсілі* деп аталады.

Тағы да мынаны айтып өткеніміз жөн, банктер несиенің пайыз мөлшерін басқа тәсілмен де есептейді. Мәселен, банк жылдық несие пайызын негізгі қарызға қосып, кейінгі жылы несие пайызын сол суммадан есептеп отыруы мүмкін. Бұл жағдайда банк жылдық пайыз ставкасы r -ді, n -жылға алған P сумы мөлшеріндегі қарызды n жылдан соң $P_n = P \cdot (1 + r)^n$ сум етіп қайтаруы керек. Бұл тәсіл *күрделі пайыздар тәсілі* деп аталады.



Кредит – банктен клиенттерге берілген қарыз.

Кредит пайызы – берілген қарызды пайдаланғаны үшін төленетін қосымша ақы.

Кредиттің жылдық пайыз ставкасы – жыл бойы қарызды пайдаланғаны үшін төленетін қосымша ақының негізгі қарыз мөлшеріне қатысты пайыз мөлшері.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Банктің пайда болуына не себепші болған?
2. Банкке ақша қайдан түседі?
3. Банктің мемлекет экономикасындағы орнын түсіндіріп бер.
4. Орталық банк пен коммерциялық банктің қандай айырмашылығы бар?
5. Орталық банктің мемлекет экономикасындағы маңызын түсіндіріп бер.
6. Коммерциялық банктің міндеттерін айтып бер.



Мұны есіңде сақта!

- Банктердің ең негізгі міндеті жинақ қаржыларды сақтау және қарыз беру, ол мемлекет экономикасында маңызды рөл атқарады.
- Мемлекетімізде екі басқышты банк жүйесі бар. Орталық банк коммерциялық банктерге, ал коммерциялық банктер кәсіпорын, фирма және халыққа тиісті қызметтерді көрсетеді.





14- ТАҚЫРЫП

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

Кеміді	Халықтың жұмыспен қамтамасыз етілу дәрежесі	?
Артты	Баға	?
Кеміді	Тауар өндіру және қызметтер көрсету көлемі	?
Кеміді	Тауар және қызметтерге деген жалпы сұраныс	?
Кеміді	Халық және фирмалар иелігіндегі қаржы мөлшері	?
Артты	Салықтар	Кеміді



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Жоғарыдағы сызбада мемлекет тарапынан салық ставкасының асырылуы нәтижесінде ел экономикасында пайда болған өзгерістер өрнектелген. Салық ставкасы азайтылған жағдайда ел экономикасында пайда болатын өзгерістерді болжап, талда.

Базар экономикасы жағдайында мемлекет өзінің экономикалық саясатын әкімшілік жолмен емес, базар механизмі арқылы жүзеге асырады. Атап айтқанда, мемлекеттің бюджет-салық (фискал) және ақша-несие (монетар) саясаттарын ұғыну қабылданған.

Мемлекет бюджетінің табыс бөлігі негізінен салықтардан, қаражат бөлігі мемлекет қажеттіліктері үшін керекті тауар және қызметтер сатып алу және халыққа төленетін трансферт қаражаттардан тұратыны бізге мәлім. *Мемлекеттің бюджет-салық (фискал) саясаты* негізінде тап осы салықтар мемлекет қаражаттары және трансферттік төлемдер мөлшерін өзгертудің көмегімен *жалпы сұраныс* және *жалпы ұсыныс* көлеміне әсер ету жатады.

Мысалы, егер салықтар ставкасы арттырылса, халық және фирмалардың иелігінде аз ақша қалады. Бұл жағдайда тауар және қызметтерге деген жалпы сұраныс кемиді. Ал бұл, сондай-ақ, тауар және қызметтер өндірудің





кемеюіне, халықтың жұмыспен қамтамасыз етілу дәрежесінің төмендеуіне себеп болады. Керісінше, егер салықтар ставкасы кемейтілсе, халық және фирмалардың иелігінде көбірек ақша қалады. Бұл жағдайда тауар және қызметтер өндірудің көбеюіне, халықтың жұмыспен қамтамасыз етілу дәрежесінің артуына себеп болады.

Сол сияқты, егер мемлекет салықтарға тиместен өз қаражаттарын немесе трансферттік төлемдерді арттырса, тауар және қызметтерге деген жалпы сұраныс артады. Ал бұл тауар және қызметтер өндірудің көбеюіне, халықтың жұмыспен қамтамасыз етілу дәрежесінің артуына немесе инфляция дәрежесінің өсуіне әкеліп соқтырады. Керісінше, егер салықтар өзгеріссіз қалып, мемлекет қаражаттары немесе трансферттік төлемдер кемітілсе тауар және қызметтерге деген жалпы талап та кемиді. Бұл сонымен қатар тауар және қызметтер өндірудің кемуіне, халықтың жұмыспен қамтамасыз етілу дәрежесінің төмендеуіне немесе инфляция дәрежесінің төмендеуіне алып келеді. Көпшілік жағдайларда, мемлекет бір уақыттың өзінде әрі мемлекет қаражаттарын, әрі салықтар ставкасын өзгертумен экономиканы тұрақтандыруға әрекет жасайды.



Мемлекеттің бюджет-салық (фискал) саясаты – мемлекет бюджетінің табыс пен қаражат бөлімдерін өзгерту арқылы экономиканы реттеу



Жалпы талап – мемлекетте белгілі бір уақыт ішінде барлық сатып алынатын тауар және қызметтер құны.

Жалпы ұсыныс – мемлекетте белгілі бір уақыт ішінде, барлық өндірілетін тауар және қызметтер құны.

Мемлекет бюджетінің жетіспеушілік мөлшері, мемлекетте өндірілген бір жылдық жалпы өнім көлемінің 2-3 пайыз мөлшерінде болуы қалыпты жағдай саналады. Бірақ жетіспеушілік мөлшері шектен тыс артып кетсе, оны кемейту шараларын қарастыру қажет болады. Мемлекеттік бюджеттің жетіспеушілігін төмендегі жолдармен кемейту мүмкін: 1. Мемлекеттік қаражаттарды кеміту; 2. Қосымша табыс көздерін табу; 3. Тауар, қызметтермен қамтамасыз етілмеген, артықша ақшаны айналымға шығару. 4. Өз азаматтарынан, фирмалардан, шет елдік үкіметтерден, халықаралық банк және қаржы мекемелерден қарыз алу.

Мемлекет өзінің *ақша-несие саясатын* орталық банк арқылы жүргізеді. Орталық банк пен коммерциялық банктер бірігіп мемлекеттің екі басқышты





банк құрылымын түзетіні белгілі. Орталық банк мемлекетке тиесілі болып, ол арқылы үкімет мемлекет айналымындағы ақша массасын реттеп тұрады. Өндіріліп жатқан тауар және қызметтердің құнына сай мөлшердегі ақшаны айналымға шығару орталық банк міндеттерінің бірі. Айналымға ақша шығару – *ақша эмиссиясы* деп аталады. Қағаз ақша және теңгелей нақты ақшаны тек орталық банк шығарады және таратады.



Ақша массасы – мемлекеттегі айналымда жүрген барлық ақшалай қаржылардың жиынтығы.

Мемлекеттің ақша-несие саясаты - мемлекетте айналымда жүрген ақша массасын, несиенің пайыз ставкасын реттеу арқылы экономиканы тұрақтандыру.

Ақша эмиссиясы – мемлекеттің айналымға ақша шығаруы.

Коммерциялық банктер бұл ақшаны белгілі клиенттеріне: фирма және халыққа жоғарылау пайыз ставкасымен қарызға береді. Осылайша екі басқышты несиенің жүйесі пайда болады. Бұл жағдайда, егер мемлекет айналымдағы ақша мөлшерін кемітіп, инфляцияның алдын алмақшы болса орталық банк коммерциялық банктерге беретін қарыздарының пайыз ставкасын арттырады. Коммерциялық банктер де клиенттерге беретін қарыздарының пайыз ставкасын арттырады. Нәтижеде коммерциялық банктердің клиенттері, фирма және халық жоғары пайыз ставкалы қарыздарды алмай қояды. Айналымдағы ақша мөлшері кеми бастайды. Қаржы жоқ болған соң іскерлердің қызметі де төмендеп кетеді. Керісінше, егер үкімет айналымдағы ақша көлемін арттырып, іскерлерді қаржымен қамтамасыз етіп, олардың белсенділігін арттырғысы келсе, орталық банк қарыздарының пайыз ставкасын кемітеді.

Орталық банк айналымдағы ақша мөлшерін коммерциялық банктердің қор нормаларын белгілеу арқылы да бақылау жасау мүмкіндігіне ие. Коммерциялық банктердің қаржылары екі бөлімнен тұрады, біріншісі несиені беру мүмкін қаржылар, екіншісі банктердің қор қаржылары. Коммерциялық банктердің қор қаржылары айналымдағы ақша массасын бақылау және реттеу мақсатында түрлі кездейсоқ жағдайларда жұмсалуда арналған, орталық банкте жиналған қаржылардан құралады.

Коммерциялық банктердің барлық қаржыларының қанша бөлігін (несіе пайызын) қорға алып қоюын да орталық банк белгілейді және бұл көрсеткіш *банктердің қор нормасы* деп аталады. Орталық банк коммерциялық банктердің қор нормаларын арттыру немесе кемейту арқылы да айналымдағы ақша көлемін кемейтіп не арттырып, реттеп отыру мүмкіндігіне ие. Мәселен,



Орталық банк коммерциялық банктердің қор нормасының мөлшерін арттырса, несиеге берілетін қаржылар мөлшері кемиді. Нәтижеде айналымдағы ақша мөлшері кеми бастайды. Керісінше, егер орталық банк қор нормасын кемітсе, коммерциялық банктердің несиеге беруі мүмкін болған қаржылардың мөлшері артады, айналымға көп ақша шығарылады. Бұдан белгілі болуынша, қор нормасының өзгеруі үкіметтің банк жүйесі арқылы экономикаға, атап айтқанда, инфляцияның алдын алу, бағаларды тізгіндеп тұру және іскерлікті дамыту мәселелеріне де әсер етуі үшін қызмет етеді.



Банктің қор қаржысы – банктің қор ретінде орталық банкте сақталуы қажет ақшалай қаржысы.

Банктің қор нормасы – орталық банк белгілейтін, банктің қор қаржысының барлық қаржысына қатысты пайыз мөлшері.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Мемлекеттің бюджет-салық саясатының маңызы қандай?
2. Мемлекет өзінің бюджет-салық саясатын қандай құралдар арқылы қалай жүргізеді?
3. Егер мемлекет халықты жұмыспен қамтамасыз ету дәрежесін көтермекші болса, қандай іс-шараларды жүзеге асыруы қажет?
4. Мемлекеттің трансферт төлемдерін асыруы мемлекет экономикасын қандай өзгерістерге алып келеді?
5. Мемлекеттің бюджет жетіспеушілігін кемейтудің қайсы жолы тиімді?
6. Орталық банк мемлекеттегі ақша массасын қандай жолдармен реттеуі мүмкін?
7. Банктің қор нормасын белгілеу не үшін қажет?
8. Егер орталық банк несие пайыз ставкасын көтерсе, мемлекетте өндіріс жылдамдығы қалай өзгереді?



Мұны есінде сақта!

- Мемлекеттің бюджет - салық саясатына бағалардың тұрақтануы, толық жұмысбастылық және экономикалық өсуге бағытталған салыққа тарту және мемлекет бюджетін сәйкестендіру шаралары кіреді.
- Мемлекеттің ақша-несие саясатын Орталық банк айналымдағы ақша массасын және несие беру мүмкіндіктерін өзгерту арқылы іске асырады.





II ТАРАУДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

А. СҰРАҚТАР

1. Экономикада үкіметтің алатын орны және оның мақсаттарын түсіндір.
2. Базар экономикасының нашарлығын санап шық.
3. Үкіметтің қандай экономикалық міндеттері бар?
4. Мемлекет бюджетінің табыс және қаражат бөлімдерінің құрамын айт.
5. Мемлекет қарызының пайда болу себептерін айтып бер.
6. Банктердің мемлекет экономикасындағы маңызы неде?
7. Мемлекетіміздің банк жүйесі туралы айт.
8. Қарапайым мысалдармен кредит пайызы мөлшерін есепте.
9. Мемлекеттің бюджет-салық саясаты негіздерін түсіндір.
10. Мемлекеттің ақша-несие саласындағы саясатының мәнін түсіндір.

Б. ТАПСЫРМАЛАР

Әрбір атауға сай ұғымды тап.

АТАУЛАР:

- | | |
|------------------------|---------------------------|
| 1. Мемлекеттік бюджет. | 6. Жалпы ұсыныс. |
| 2. Мемлекет қарызы. | 7. Банктің қор қаржысы. |
| 3. Коммерциялық банк. | 8. Банктің қор нормасы; |
| 4. Депозит. | 9. Мемлекеттің ақша-несие |
| 5. Несие пайызы. | саясаты. |

ҰҒЫМДАР:

- а) мемлекеттің бір жылдық табысы және қаражаттары жоспарланған финанстық құжат;
- б) жылдар бойы жинақталған бюджет жетіспеушілігінің жалпы мөлшері;
- в) халық, фирма және ұйымдарға қызмет ететін банк;
- г) сақтық қор немесе банкке қойылған қаржы;
- ғ) берілген қарызды пайдаланғаны үшін төленетін қосымша ақы;
- д) мемлекетте белгілі бір уақытта өндірілген тауар және қызметтердің құны;
- е) банктің қор есебінде орталық банкте сақтауы қажет ақшалай қаржысы;
- ж) орталық банк белгілейтін, банк қор қаржысының жалпы қаржысына қатысты пайыз мөлшері;
- з) мемлекетте айналымдағы ақша массасы және несие пайыз ставкасын реттеу арқылы экономиканы тұрақтандыру.



Д. 55- бет II тарау титулындағы суреттер бойынша

Суреттердің қайсысы қандай тақырыпқа қатысты екенін айт. Осы суреттер негізінде тақырыптардың мазмұнын сипатта.

Е. ТЕСТТЕР

1. Трансферттік төлемдер мемлекет тарапынан қай салаларға бағытталады?

- А) әлеуметтік байлықтарды өндіру үшін;
- Б) табысы аз жанұяларды қолдау үшін;
- Д) бәсекені қолдау үшін;
- Е) іскерлікті қолдау үшін.

2. Мемлекет экономикасының алдында қандай мақсаттар тұрады?

- А) экономикалық еркіндік;
- Б) экономикалық нәтижелілік;
- Д) экономикалық теңдік және қауіпсіздік;
- Е) жоғарыдағылардың барлығы.

3. Базардың нашарлығы дегенде нені түсінесің?

- А) барлық әлеуметтік игіліктерді жасай алмау;
- Б) инфляцияға қарсы күресе алмау;
- Д) монополияға қарсы күресе алмау;
- Е) жоғарыдағылардың барлығы.

4. Мемлекет бюджетінің шығын бөлігі:

- А) табыс бөлігіне тең болады;
- Б) табыс бөлігінен кіші болады;
- Д) табыс бөлігінен үлкен болады;
- Е) табыс бөлігінен үлкен де, кіші де, тең де болуы мүмкін.

5. Жанама салық неден алынады?

- А) табыстан;
- Б) меншіктен;
- Д) жерден;
- Е) өнімнен.

6. Мемлекет бюджетінің табыс бөлігінің қорларына нелер кірмейді?

- А) трансферттік төлемдер;
- Б) мемлекет мүлкін сатудан түскен қаржылар;;
- Д) мемлекетке тиісті бағалы қағаздардан түскен дивидендтер;;
- Е) салықтар.

7. Төмендегілердің қайсысы тікелей салық түріне енбейді?

- А) жер салығы;
- Б) табыс салығы;
- Д) меншік салығы;
- Е) қосымша құн салығы.





8. Төмендегі міндеттердің қайсысы тек орталық банкке қатысты?

- А) қарызға ақшалай қаржы беру;
- Б) ақша эмиссиясы;
- Д) қарызға ақшалай қаржы алу;
- Е) шет ел валюталарын сатып алу және сату.

9. Қайсы шара мемлекеттің ақша-несие саясатына қатысты емес?

- А) ақша эмиссиясы;
- Б) несие пайыз ставкасын реттеу;
- Д) мемлекет шығынын қысқарту;
- Е) мемлекеттің бағалы қағаздарын шығару.

10. Қайсы шаралар мемлекеттің бюджет-салық саясатына тиесілі емес?

- А) ақша эмиссиясы;
- Б) мемлекет бюджетінің шығын бөлігін қысқарту;
- Д) мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін көбейту;
- Е) халықаралық қорлардан қарыз алу.

11. Әлеуметтік тауарлар – бұл...

- А) бір адам пайдаланғанмен басқалардың пайдалану мүмкіндігі кемеімейді;
- Б) тауарды тұтынуды, тауар үшін ақы төлегендердің тұтынуымен шектеуге болмайтын тауар;
- Д) А) және Б) жауаптар дұрыс.
- Е) тек мемлекет өндіретін тауарлар.

12. Төмендегілердің қайсысы әлеуметтік тауар бола алмайды?

- А) қалалық өрт қауіпсіздігі қызметі;
- Б) қаланы су тасқынынан қорғау қызметі;
- Д) үйлерге жарық беру;
- Е) көшелерге жарық беру.

13. Салықтар ставкасын асыру неге мысал бола алады?

- А) несие-бюджет саясатқа;
- Б) бюджет-салық саясатына;
- Д) ақша-несие саясатына;
- Е) ақша-финанстық саясатқа.

14. Төмендегі шаралардың қайсысы бюджет-салық саясатына тиісті емес?

- А) банк пайдасына салынатын салықтар ставкасының өзгертілуі;
- Б) Орталық банк тарапынан банктің қор нормаларының өзгертілуі;
- Д) жаңа өндіріске пайда келтіретін кәсіпорынға салық жеңілдіктерінің енгізілуі;
- Е) табысы аз жанұялар үшін әлеуметтік төлемдердің көбейтілуі.





Банк — коммерциялық ұйым болып, банк қызметі деп саналатын төмендегі қызмет түрлерінің кешенін жүзеге асыратын заңды тұлға:

- заңды және жеке тұлғалардан аманаттар қабылданған қаржылардан тәуекел етіп несие беру немесе инвестициялау үшін пайдалану;
- төлемдерді жүзеге асыру.

Өзбекстан Республикасының “Банктер және банк қызметі туралы” заңынан.

1. Банктерді де белгілі бір мағынада фирма деп атауға бола ма?
2. Экономикамызды банксіз елестете аласың ба?
3. Егер банктер болмағанда экономикада қандай ділгірліктер болатын еді?

Банк несие бергенде бұл қаржының толық көлемде қайтуы банк үшін өте маңызды саналады. Әйтпесе, банк тоқырайды. Сондықтан банктер қарыз алушыдан бірер меншікті кепілге қоюды талап етеді. Егер кепіл ретінде несие ақшасына сатып алынатын құрылғының өзі қойылса, мұндай несиелеу *лизинг* деп аталады. Егер кепілге несие ақшасына құрылатын үй, нысан немесе ғимарат қойылса, мұндай несие *ипотекалық несие* деп аталады.

2008 жылы басталған әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс АҚШ-та ипотекалық несие беру жүйесінде туындаған жағдайдан келіп шыққан.

1. Кепілге қойылуы мүмкін болған меншікке мысал келтір.
2. Лизингке мысал келтіре аласың ба? Ипотекалық несиеге ше?



Жаттығу. Жыл басында Әлиев 40 000 000 сум ақшаны 17% жылдық пайыз ставкасымен, Уәлиев 60 000 000 сум ақшаны 16% жылдық пайыз ставкасымен банкке қойды.

“Само” фирмасы 100 000 000 сум ақшаны 18% жылдық пайыз ставкасымен банктен алды.

1. Әлиев банкпен ынтымақтастық жасағанынан жылына қанша табыс көрді? Уәлиев ше?

2. “Само” фирмасының бұл ақшаны өндіріске жұмсауы нәтижесінде бір жылдық табысы кемінде қаншаны құрауы керек? Фирма банкке қанша ақша қайтарды?

3. Банк жоғарыда келтірілген “жұмыстан” жылына қанша табыс көрді?

4. Аталған банк операциясынан кім көбірек пайда тапты?

БАНКТЕН ҚАРЫЗ АЛАМЫЗ

Айталық, «Ипотека банк» 2018 жылдың желтоқсан айында клиенттерге «Шодлик» және «Кафолат» деп аталған мынадай аманаттарды сақтау түрлерін ұсынып жатқан болсын.

«Шодлик» аманат түрі: жылдық пайыз ставкасы 18%, сақтау мерзімі 8 ай, пайыз жай пайыздарда төленеді.

«Кафолат» аманат түрі: жылдық пайыз ставкасы 12%, сақтау мерзімі 8 ай, пайыз күрделі пайыздар тәсілімен төленеді.

Егер сенің 100 000 000 сум ақшаң болса, осы екі аманат түрінің қайсысын пайдаланған болар едің? Кел, бір пікір жүргізіп көрелік.

«Шодлик» аманат түрі әр айда $18:12=1,5\%$ мөлшерде жай пайыз төлейді. Демек, формула бойынша банктің сегіз ай үшін төлейтін пайыз мөлшері $I = P \cdot r \cdot t = 100\,000\,000 \cdot 0,015 \cdot 8 = 12\,000\,000$ сум.


Сегіз айдан кейін банк қайтаратын жалпы ақша мөлшері: $S = P + I = 100\,000\,000 + 12\,000\,000 = 112\,000\,000$ сумды құрайды.

«Кафолат» аманат түрі әр айда $12:12=1\%$ мөлшерде күрделі пайыздарда, яғни әр айдағы пайыз мөлшерін аманатыңа қосып, кейінгі айда көбейген аманаттан пайыз есептейді. Демек, формула бойынша: $P_8 = P \cdot (1 + r)^8 = 100\,000\,000(1 + 0,01)^8 = 100\,000\,000 \cdot 1,083 = 108\,300\,000$ сумды құрайды. Демек, бұл жағдайда банк үшін «Кафолат» аманат түрі пайдалырақ екен. Аманатшы үшін табиғи әрине, “Шодлик” аманат түрі пайдалы.

Азаматтарымыз салықтан қашудан емес, оны өз уақытында төлеуден мүдделі болуы керек.

Шавкат Мирзияев

III тарау. Салық түрлері





15-ТАҚЫРЫП

ТАБЫС САЛЫҒЫ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Суреттердегі азаматтардың қандай табыс қорлары болуы мүмкін?
2. Неліктен бұл азаматтар өз табыстарынан мемлекетке салық төлеуі шарт?
3. Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы оны төлеушілерге қалай қайтып келеді?
4. «Кім көп табыс алса, сол көбірек салық төлеуі керек» деген пікірге өз ойыңды айт.

Әрбір азамат өз табысынан салық төлеуі шарт. Салық төлемдері мемлекет бюджетіне келіп түседі және салық төлемдеріне білім беру, медициналық қызмет, қорғаныс, қоғамдық тәртіпті сақтау, зейнетақылар, төлемақылар, стипендия, тағы басқа мемлекеттік кәсіпорындар жағынан жасалынатын қызметтер мен жәрдем ақшалары түрінде қайта оралады. Сондықтан салықтарды дер кезінде төлеу әрбір азамат үшін әрі парыз, әрі қарыз.

Табыс салығы тікелей салықтар қатарына кіреді. Табыс салығы жеке тұлғалардың жалпы жылдық табысынан алынады. Демек, жеке тұлғалардың жалпы жылдық табысы *салық салу объекті*. Әр адамның жылдық табысы: жалақысы, ынталандыру сыйлықтары, жалға берілген мүліктерден түскен табыс, банкке қойылған *сақтық қордан түскен пайыздар*, акциядан алынған дивидендтер және іскерлік қызметінен алынған табыстардан құралған болуы мүмкін.

2019 жылға дейін жеке тұлға табыстарына 4 бағанды салық салынатын еді. Мұнда табыстарының 22,5%-ға дейінгі бөлігі салық ретінде өндірілетін.





2019 жылдан бастап жалақы қорына салық жүгін төмендету және жеке тұлғалардың табыстары бойынша табыс салығын есептеуді оңтайландыру мақсатында 12% дық бірыңғай ставка белгіленді.

Салыққа тартылатын табыс көздері	Жеке тұлғалардың табыс салығы ставкалары	
	2018 жыл	2019 жыл
Ең төмен жалақы мөлшеріне дейін болған	0%	12%
Ең төмен жалақының ,5 есесіне дейін	7,5%	
Ең төмен жалақының 10 есесіне дейін	16,5%	
Ең төмен жалақының 10 есесінен артық болса	22,5%	
Дивидендтер және аманаттар пайыздары көрінісіндегі табыстарынан	10%	5%

Жеке тұлғалардың акция және басқа бағалы қағаздардан алатын дивидендтерінен, сақтық қор пайыздарынан 2019 жылға дейін 10 пайыздық ставкада салық өндірілген болса, 2019 жылдан бұл ставка 5% ға түсірілді. Яғни салық ставкасы екі есеге төмендетілді. Жергілікті әкімшілік жағынан берілген арнаулы рұқсат-патент негізінде жеке меншік іскерлік қызметімен айналысушы жеке тұлғалар іскерліктен алған табыстарынан тиянақты белгіленген салық төлейді. Яғни бұл азаматтар іскерлік қызметінен қанша табыс алғанына қарамастан, олардан белгіленген мөлшерде табыс салығы өндіріледі. Бірақ 2019 жылдан, яғни жаңа салық реформаларынан кейін жауапты органдарға жеке кәсіпкерлер тарапынан *тиянақты* белгіленген ставка бойынша салыққа тартылатын қызмет түрлерін қайта қарап шығу және олардың санын кемейту тапсырылды.

Табыс салығын төлеушілер табыс салығының ставкалары және оны есептеумен байланысты тәртіп-ережелер Салық кодексінде айтылған. Дәл осындай мақсатта салық реформаларымен бір уақытта қолданыстағы Салық





кодексіне де қажетті өзгеріс және қосымшалар енгізілді.

Жеке тұлғалардан өндірілетін табыс салығы ставкаларының 2018 жылғы және 2019 жылғы ставкаларын 81-беттегі кесте бойынша салыстыруға болады.

Жалақыдан алынатын салықтарды және басқа әлеуметтік төлемдерді өнеркәсіп есепшісі есептейді. Есептелген салықтар жалақыдан айырылып мемлекет бюджетіне өткізіледі. Дегенмен табыстан алынған салықты есептей білу әрбір азамат үшін маңызды.

Практикалық жаттығу. *Фирма өз қызметкеріне 2019 жылдың қаңтар айы үшін 2 000 000 сум жалақы есептелді. Маманда өзі жұмыс істейтін кәсіпорынның акциялары да бар және бұл акциялардан дивиденд көрінісінде 450 000 сум табыс алады. Оның банктегі аманаттары 350 000 сум аманат пайызы ставкасы ретінде табыс келтіреді. Маман мемлекетке қанша табыс салығын төлеуі керек?*

Фирма қызметкерінің жалақысынан төленетін салық:

$2\,000\,000 \cdot 12\% = 240\,000$ сум; Оның акциялары дивидендтерінен төленетін салық: $450\,000 \cdot 5\% = 22\,500$ сум;

Оның аманаттары пайыздарынан төленетін салық:

$350\,000 \cdot 5\% = 17\,500$ сум;

Фирма қызметкері қаңтар айы үшін мемлекетке $240\,000 + 22\,500 + 17\,500 = 280\,000$ сум табыс салығын төлеуі керек.

Ескерту: *Ақпан айы үшін салық мөлшерін есептеуде, жоғарыдағыға ұқсас жұмыс жүргізіледі. Бірақ салық тек ақпан айы үшін ғана емес, сондай-ақ жыл басынан бергі 2 ай үшін есептеледі және қаңтар айында төленген салық мөлшері алып тасталынады.*

Жеке тұлғалар сияқты заңды тұлғалар да өздерінің қызметі нәтижесінде алған табыстарынан табыс (пайда) салығын төлейді.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан салық реформалары нәтижесінде 2019 жылдың 1- қаңтарынан бастап заңды тұлғалардан өндірілетін табыс алығы:

- коммерциялық банктер үшін 22-ден 20%-ға;
- басқа заңды тұлғалар үшін 14-тен 12%-ға түсірілді.

Салық ставкасының түсірілуі салық төлеушілерге салық жүгін кемейту және пайда болған қосымша қаржысын кәсіпорынды дамытуға және инвестицияларға бағыттауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар кейбір түрдегі заңды тұлғалардың табыс салығының жеке ставкалары белгіленді. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.





Салық төлеушілер	Заңды тұлғалардың табыс салығы ставкалары	
	2018 жыл	2019 жыл
Заңды тұлғалар (төменде бөліп көрсетілгеннен тыс)	14%	12%
Коммерциялық банктер	22%	20%
Цемент (клинкер) және полиэтилен гранулаларын өндіретін заңды тұлғалар	14%	20%
Өнімдердің өте үлкен пайда әкелетін кейбір түрлері бойынша	50%	20%
Негізгі қызмет түрі мобильді байланыс қызметін көрсететін заңды тұлғалар: рентабелділігі (нәтижелілігі) 20%-ға дейін болғанда	14%	20%
Рентабелділігі (нәтижелілігі) 20% дан жоғары болғанда	50%	20%



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Жеке тұлғалардың барша табыстары құрамына нелер енеді?
2. Жеке тұлғалардың қандай табыстарынан табыс салығы алынады?
3. Жеке тұлғалардың дивидендтері және пайыздар көрінісінде алған табыстарынан қандай ставкада салық алынады?
4. Заңды тұлғалардан алынатын табыс (пайда) салығы ставкалары туралы нелерді білесің? Олардың төмендетілуінің себебі не?
5. 2019 жылдан бастап заңды тұлғалардан өндірілетін табыс салығы бойынша қандай өзгерістер болды?
6. Заңды тұлғалардан өндірілетін табыс салығы бойынша жеңілдіктер салық төлеуші заңды тұлғалар үшін қандай мүмкіндіктер жасайды?



Мұны есінде сақта!

- Жеке тұлғалардың жылдық табыстарынан табыс салығы алынады.
- Заңды тұлғалар өз табыстарынан табыс (пайда) салығын төлейді.
- 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Өзбекстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардан өндірілетін табыс салықтары ставкалары бойынша өзгерістер енгізілді.





16- ТАҚЫРЫП

МҮЛІК САЛЫҒЫ



? БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Суреттердің ішінен мүлік салығы объекті бола алатын мүліктерді бөліп көрсет. Неліктен бұлай таңдағаныңды түсіндіріп беруге әрекет ет.
2. Ғимарат немесе құрылыс мүлік салығы объекті болуы үшін өз иесіне табыс келтіруі шарт па? Бұл туралы пікіріңді білдір. Өз пікіріңді сыныптастарыңмен талқыла.
3. Бұл салық мөлшерін белгілеуде нені есепке алу тиіс?
4. Қай сандарда меншік салығына тартылмайтын объектілер суреттелген?
5. Суреттердегі меншіктердің қайсысы иесіне көбірек табыс әкеледі?
6. Меншік салығы не үшін керек?

Өзбекстан аумағындағы тұрғын үйлер, отбасылар, аула нысандары, гараждар, тағы басқа ғимараттар, жерлер, нысандардан меншік салығы төленеді. Меншіктің салыққа тартылатын құны ретінде





2017 жылға дейін инвентаризация (есепке алу) құны алынатын еді және бұл құнда базар бағасының өзгеруі көрінбейтін еді. 2018 жылдан бастап меншік салығы меншіктің кадастар (базар бағасын ескеріп) құнынан есептелуде.

Меншіктің кадастр құны, әдетте, инвентаризация құнына қарағанда біраз қымбат болады. Сондықтан да 2018 жылы меншік салығының жүгі асып кетпеуі үшін салық ставкалары 2017 жылмен салыстырғанда едәуір төмендетілді.

2018 жылы мемлекетімізде жеке тұлғалардан өндірілетін меншік салығы ставкасы (егер меншіктің жалпы жер көлемі 200 м²-ден аспаса) меншіктің есептелген кадастар құнымен салыстырғанда 0,2 % көлемінде белгіленген.

Жалпы жер көлемі 200 м²-ден 500 м²-ге дейін болған қалаларда орналасқан тұрғын үйлер, отбасылар - 0,25%, жалпы жер көлемі 500 шаршы метрден астам болған және қалаларда орналасқан тұрғын үйлер, отбасылар - 0,35%, жалпы жер көлемі 200 м²-ден астам болған және қалалардан тыс тұрғындан пункттерінде орналасқан меншіктер 0,25% ставкада салыққа тартылады.

Меншік салығын есептеу үшін кадастр құнының ең аз сомасы 42 млн сум деп белгіленген. Яғни меншіктің кадастр құны 42 млн сумнан аз етіп көрсетілуі мүмкін емес. Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты мемлекеттік салық мекемелері есептейді. Үй, ғимарат және құрылыстардан төленетін салықтардың мөлшері олардың әр жылғы 1 қаңтардағы құнына негізделіп белгіленеді. Үй, ғимараттар және құрылыстардың иесі бірнешеу болса, олардан төленетін салық мөлшері әр тұлғаның үлесіне қарай белгіленеді. Жаңа құрылған немесе сатып алынған ғимараттарға салық келесі жылдың басынан бастап есептеледі.

Мүлік жойылған, мүлдем бүлінген жағдайларда мүлік салығын төлеу олар жойылған немесе мүлдем жойылған айдан бастап тоқтатылады.

Мұра болып қалған меншіктен мүлік салығы, мирас алынған сәттен бастап төленеді. Егер мүліктің иесі өзгерсе, оның бұрынғы иесі сол жылдың 1 қаңтарынан бастап иелік құқы жойылған кезге дейінгі (айға дейінгі) салықты төлейді. Ал мүліктің жаңа иесі иелік құқын алған айдан бастап төлейді.

Егер мүлік иесі салық төлеуде кей жеңілдіктерге ие болу құқын қолға алса, мүлік салығы сол құқық жүзеге келген айдан бастап қайта





есептеледі.

Мүлік салығын төлеу туралы төлем хабарнамалары мемлекеттік салық мекемелері жағынан төлеушілерге әр жылы 1 мамырдан кешіктірмей тапсырылады. Заңды тұлғаларға тиесілі болған төмендегі мүліктер меншік салығына тартылады:

- негізгі құралдар, соның қатарында, финанстық жалға беру (лизинг) шарты бойынша алынған негізгі құралдар, мысалы интеллектуалдық мүлік;

- бейматериалдық активтер;
- аяқталмаған құрылыс объектілері;
- белгіленген мерзімдерде орнатылмаған жабдықтар.

Мүлік салығы өнеркәсіп мүлкінің орташа жылдық қалдық құнынан алынады. Орташа жылдық қалдық құн әр айдың соңғы күніне салық салынатын объектілердің қалдық құндарының жиынтығын 12-ге (12 айға) бөлу жолымен анықталады.

2019 жылы заңды тұлғалар меншік салығының ставкасы салық салу базасымен салыстырғанда 2 % көлемінде белгіленген. Осы салық ставкасы кәсіпорын меншігінің қайта есептелген қалдық құнынан өндіріледі.

Кейбір санаттағы жеке тұлғалар (соғыс мүгедектері, қатысушылары, көп балалы отбасылар, зейнеткерлер, тағы басқалар) үшін меншік салығы бойынша жеңілдікті қолдану мақсатында салық салынбайтын алаң көлемі 2019 жылға дейін 60 шаршы метрді құрайтын еді. Жаңа салық заңдылығына орай бұл өлшем өзгермей қалды. Егерде жеке тұлға тарапынан өзіне тиесілі меншік кәсіпкерлерге жалға берілсе, немесе одан меншік иесінің өзі кәсіпкерлік мақсаттарында пайдаланса, алдыңғы жылдарда бұл меншікке жеңілдіктер қолданылмайтын еді. 2019 жылдан бастап бұл ереже жоққа шығарылды. Яғни, мұндай меншікке де жеңілдіктер сақтап қалынатын болды.

Меншік салығы бойынша жеңілдіктер Салық кодексінің 275-бабында толық келтірілген.

Меншік салығына тартылуы қажет болған меншік иесі болған заңды тұлғалардың меншік салығы субъектісі саналады. Заңды тұлғалардың меншік салығына тартылатын меншіктері меншік салығының объектісі болады.

Кез келген жеке тұлғаның белгілі бір көлемде меншігі болады. Заңға орай, меншігіне салық төлейтін тұлға *меншік салығының төлеушісі*



(субъектісі) саналады. Жеке тұлғалардан алынатын салық төлеушілер төмендегі тұлғалар:

- меншігінде салыққа тартылуы тиіс болған меншік иелері болған Өзбекстан Республикасының азаматтары;
- Өзбекстан аумағында салыққа тартылуы тиіс болған меншік иелері болған шетел азаматтары. Мұнда кейбір жағдайда халықаралық келісімшарттарға орай басқаша тәртіп қолдану мүмкін;
- заңды тұлға ұйымдасқан және ұйымдаспаған түрде құрылған ауыл шаруашылықтары. Жеке тұлғаның меншігі салық салу *объектісі* болады.



Тапсырма

Азаматтың ауласының құны 2019 жыл 1 қаңтарда мемлекет тарапынан 162 000 000 сум деп бағаланды. Азамат мемлекетке биыл қанша меншік салығын төлейді?

Егер аула құны салық төлеуші тарапынан 35 000 000 сум деп көрсетілген болса ше?



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Меншік салығы нелерге төленеді?
2. Жеке тұлғалар меншік салығын қандай ставкаларда төлейді?
3. Жеке тұлғалардың меншігіне салынатын салық қалай есептеледі?
4. Заңды тұлғалардан меншік салығы қандай ставкада төленеді?
5. Меншік салығы бойынша жеңілдік ретінде салық салынбайтын меншік көлемі қанша белгіленген ?
6. Меншік салығы объектілері туралы не білесің?
7. Меншік салығы субъектілері кімдер?



Мұны есінде сақта!

- Салыққа тартылуы қажет болған меншік иесі болған жеке және заңды тұлғалар меншік салығы төлеушісі — субъектілері саналады.
- Жеке және заңды тұлғаның салыққа тартылатын меншігі салық салудың объектісі болып табылады.
- Салыққа тартылатын меншіктің құны әр жылы 1 қаңтардағы жағдайына орай есептеледі.





17- ТАҚЫРЫП

ЖЕР САЛЫҒЫ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Суреттердегі жерлердің қайсысы кімге тиесілі болуы мүмкін?
2. Суреттердің ішінен, сенің пікіріңше, жер салығына тартылса болатын жерлерді бөліп көрсет. Неліктен бұлай таңдағаныңды түсіндіріп беруге әрекет жаса.
3. Кез келген алаң жер салығына тартылуы үшін өз иесіне табыс әкелуі шарт деп ойлайсың ба? (Бұл жайында пікір өрбіт. Өз пікіріңді сыныптастарыңмен талда.)



4. Суреттердегі жерлердің қайсысы иесіне көбірек табыс әкеледі деп ойлайсың?
5. Жер салығы не үшін керек?

Мемлекетіміздің салық жүйесіндегі жер салығы *жергілікті салық* және *жиымдар* түріне енеді. Жер салығының басқа салықтардан айырмашылығы сонда, ол өзіне тән ерекшеліктерге ие. Негізінен, бұл салық түрі қатаң төлемге жатады. Яғни жер иелері және пайдаланушылары өз қызметтері барысында қанша пайда алуынан тыс, жер салығын төлеулері шарт. Өйткені бұл салық іс жүзіне енгізілуінің мақсаты – жерді тиімді пайдалану, оны сақтай білу, талан-тараждауға жол қоймау.

Жеке тұлғалар үшін жер салығы ставкалары Өзбекстан Республикасы Президенті қаулысы негізінде белгіленеді.

Мүлік құқы, иелік ету құқы, пайдалану құқы немесе жалға беру құқы негізінде жер телімдеріне ие болған заңды тұлғалар *жер салығын төлейтіндер* болады.

Бірыңғай салық төлеуге өткен немесе салықтың арнайы түрлеріне өткен өнеркәсіптер, сауда ұйымдары жер салығын төлеушілер болмайды. Заңды тұлғалар бөліп берілген жер үшін оны пайдаланған немесе пайдаланбағанына қарамастан жер салығын төлейді.

Өзбекстан Республикасында жер салығының төмендегі ставкалары қолданылады:

1. Бірыңғай жер салығын төлеуге өткен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін бірыңғай жер салығы ставкасы;
2. Бірыңғай жер салығын төлеуге өтпеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін жер салығы ставкалары.

Жер салығы ставкасы мен бірыңғай жер салығы ставкасы Өзбекстан Республикасы Президентінің қаулысы негізінде белгіленеді.

Адамдардың есік алдындағы жері мен қоғамдық ғимараттар құрылған жерлердің көлемі 2 есеге көбейтіліп (2 коэффициентте) бағаланады және олар осы мөлшермен бірыңғай жер салығын төлейді.

Жеке тұлғалардың салық салынбайтын жер учаскелеріне төмендегі жерлер кіреді.

Жеке тәртіптегі тұрғын үй құру және жекеменшік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін заң құжаттарында белгіленген нормалар аясында берілген жерлер – жер учаскесі берілген кезден бастап екі жыл мерзімге салық салынбайды. Егер жерді дұрыс пайдаланбаса, бұл жеңілдік берілмейді.

Диқан шаруашылығынан өндірілетін жер салығы ставкалары жердің



өнімділігіне байланысты түрде белгіленеді.

Төмендегі жер алаңдары жер салығынан босатылады:

- қалалар, қала қорғандары, ауылдық елді мекендердің жалпы пайдаланатын жерлері (алаңдар, көшелер, өтетін жерлер, жолдар, арықтың жағалары, арықтар, қорымдар, тағы басқалар);
- бағбаншылық, жүзім өсіру, көкөніс өсіретін ұжымдарға жалпы пайдалануға берілген жерлер;
- табиғатты қорғауға көзделген жерлер;
- тарихи-мәдени маңызы бар жерлер;
- су қоры (өзендер, көлдер, су қоймасы, каналдар, теңіздер, тағы басқа сол сияқты ортақ пайдаланылатын жерлер).

Төмендегі жер алаңдары салық объектісі саналады:

- диқан шаруашылығын жүргізу үшін мұра етіп қалдырылатын бүкіл өмір иелік етуге берілген жер алаңдары;
- жекеменшік тұрғын үй құрылысы үшін мұра етіп қалдырылған бүкіл өмір иелік етуге берілген жер учаскелері;
- ұжым бағбаншылығы, жүзім өсіру, бау-бақша өсіруге берілген жер учаскелері;
- жұмыс бабымен берілген чек жерлер;
- мұра бойынша, сыйға берілуі немесе сатып алынуы нәтижесінде тұрғын үйлер мен ғимараттармен бірге меншік құқы, иелік ету және пайдалану құқы да өткен жер учаскелері;
- заң құжаттарында белгіленген тәртіппен меншік етіп алынған жер учаскелері;
- кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін тұрақты пайдалануға немесе жалға берілген жер учаскелері.

Жер салығын төлейтін жеке және заңды тұлғалар *жер салығы субъектілері* саналады.

Заңды тұлғалар үшін төмендегі жер алаңдары жер салығы нысаны саналады:

- заңда белгіленген тәртіппен өз меншігіне алынған жер алаңдары;
- орман шаруашылығы үшін иелікке берілген жерлер;
- кәсіпорындарға, нысандар мен ғимараттар құруға немесе басқа да мақсаттарда (ауыл шаруашылығынан тыс) пайдалануға берілген жерлер.





Білесің бе?

Берілген жерлерді екі жыл барысында пайдаланбаған жеке тұлғалардан жер салығы үш есе мөлшерінде өндіріледі.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Жеке тұлғаларға тиесілі қандай жер учаскелеріне жер салығы салынады?
2. Қандай жеке тұлғалар жер салығын төлеушілер саналады?
2. Жер салығы ставкаларын кім белгілейді?
4. Жер салығын төлейтіндер үшін қандай жеңілдіктер бар?
5. Қандай заңды тұлғалар жер салығының төлеушілері болады?
6. Жер салығы не үшін керек? Жауабыңды негіздеп бер.
7. Жер салығы қандай салық және жиымдар түріне жатады?
8. Жер салығы субъектілері деп қандай заңды және жеке тұлғаларды айтамыз?
9. Жер салығы объектілері дегенде қандай жер алаңдары айтылады?



Мұны есіңде сақта!

- Салық салынуы шарт болған жер иесі жер салығының төлеушісі саналады. Олар *жер салығы субъектілері* саналады.
- Жеке және заңды тұлғаның салық салынатын жерлері салық салу объектісі болады.
- жер салығы жергілікті салықтар түріне кіреді.
- жер салығы және бірыңғай жер салығы ставкалары бір-бірінен ерекшеленеді.
- жерді тиімді пайдаланбай жүрген жер иелері арттырылған ставкалар бойынша жер салығын төлейді.





Өзбекстан Республикасында өндірілген тауарлар



1



2




3


Шет елден Өзбекстан Республикасына алып келінетін тауарлар



4



5



6

? БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Жоғарыдағы 1-3- суреттерде елімізде, 4-, 6- суреттерде шетелде өндірілген және елімізге әкелінетін тауарлар бейнеленген. Олардың бәріне ортақ сипат – олардың баршасы акциз салығы салынатын тауарлар екендігі.





1. Сендердің пікіріңше, бұл тауарларға қосымша акциз салығы не себептен салынады? Сұраққа жауап бергенде осы тауарлардың базардағы орны мен тұтыну ерекшеліктеріне мән беріңдер. Сондай-ақ спиртті ішімдіктер мен темекі өнімдерінің адам денсаулығы мен өмір сүру салтына кері әсерін де ұмытпаңдар.

2. Акциз маркалар қандай тауарларға жабыстырылатынын білесіңдер ме? Акциз маркаларының тауарларға жабыстырылуының себебі не деп ойлайсыңдар?

3. Қосымша құн салығы деп аталатын салық тауарларға неліктен салынатыны туралы пікір білдіруге әрекет жасаңдар. Мұнда салықтың атына назар аударыңдар.

Акциз салығы жанама салық, ол тек кейбір өнімдерден ғана алынады. Акциз салығын төлеушілер акциз төленетін өнімдер шығаратын және импорт жасайтындар. Акциз салығы елімізде шығарылған алкогольді өнімдерге, темекі өнімдеріне, этиль спиртіне, спиртті ішімдіктерге, алтын, күмістен жасалған бұйымдарға, мұнай, газ өнімдеріне (бензин, дизель, сұйылтылған газ) сияқты өнімдерге салынады. Міне осы акциз салығы салынатын тауарлар *акциз салығы объектілері* болады.

Кейбір өнімдер үшін акциз салығы ставкаларын келтіреміз:

1	Коньяк (1 декалитр үшін)	92 500 сум
2	Алькогольді ішімдіктер (1 декалитр үшін)	84 500 сум
3	Фильтрлі темекілер (1000 дана үшін)	117 900 сум
4	Этиль спирті (1 декалитр үшін)	9 800 сум
5	Бензин (1 тонна үшін)	32 143 сум
6	Сұйылтылған газ (1 тонна үшін)	540 645 сум
7	Зергерлік бұйымдары үшін (сату құны пайызда)	25%
8	GM Өзбекстан автомобильдері (сату құнымен салыстарғанда пайыздарда)	3%

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап акциз салығын есептеу мен төлеу бойынша да бірқатар өзгертулер енгізілді. Атап айтқанда:

1. төленген акциз салығы сомасы өндіріс және сату шеңберінде есепке алынбайтын болды;

2. акциз салығы салынатын жаңа тауарлар түрлері енгізілді;

3. алкогольді өнімдер үшін акциз салығы индексацияланды.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап кейбір акциз салынатын тауарлар





бойынша акциз салығы ставкалары төмендетілді. Кейбір тауарлар акциз салынатын тізімнен шығарылды. Сонымен қатар бір қанша тауарлар акциз салынатын тауарлар тізіміне енгізілді.

2019 жылға дейін бензин, дизель жанармайы және газ үшін тұтыну салығы төленетін еді. Мұнда бұл салық әрбір литр жанармай бағасына нақты үстемені қосып өндірілетін. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл тұтыну салығы жоққа шығарылды және оның орнына әрбір литр жанармай үшін акциз салығы енгізілді. Акциз салығы тұтынушыларға жанармайды сатушы заңды тұлғалардан өндіріледі. Бұл заңды тұлғалар тұтынушыға сатқан жанармай бағасына осы акциз салығы да қосылған болады. Бұл өз кезегінде салықтар санын азайтуға және салық жүйесін оңтайландыруға қызмет етеді.

Шетелден еліміздің аумағына алып өтілетін және акциз салығы салынатын өнімдер тізімі өте кең. Елімізде Өзбекстан Республикасы Президентінің қаулысымен 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап тағы 65 түрдегі тауарлар импорты үшін акциз салығы енгізілді. Мұнда салық кейбір тауарлар кедендік құнынан пайыз есебінде өндірілсе, кейбіреуінен бір бірлік тауар үшін қатаң мөлшерде шетел валютасында өндіріледі. Мұнда акциз салығына ең көп тартылатын тауарлар тоңазытқыштар, кондиционерлер, микротолқынды пеш сияқты электртехникасы тауарлары. Оларға акциз салығы ставкасы 10-15% етіп белгіленді.

Одан тыс печенье, шоколад, тағы басқа әртүрлі тәттілерге де 10-20% ставкадағы акциз салығы енгізілді.

Сонымен қатар 1000 дана темекі үшін акциз салығы 60 доллардан 40 долларға дейін кемеітілді.

Өнім (қызмет) өндіру, сату немесе оны импорттау барысында өнім (қызмет) бағасына қосылған құнның бөлігі мемлекетке төленеді. Сол төлем қосымша құн салығы деп аталады. Қосымша құн салығын төлеушілер – Өзбекстан Республикасы аумағында іскерлік қызметін іске асыратын заңды тұлғалар және өнімдер импортымен айналысатын заңды және жеке тұлғалар.

Қосымша құн салығының объекті өнімдерді (қызметтерді) реализациялау (сату) немесе импорт өнімдері айналым қаржысы болып саналады.

Қосымша құн салығын төлейтін кез келген тұлға сатылған (реализацияланған) өнім немесе қызметтер үшін алынатын төлем қаржысы қашан келіп түсуіне қарамастан, бюджетке қосымша құн салығын төлеуі шарт болады.

Салық заңы бойынша, елімізде қосымша құн салығының ставкасы 20 пайыз деп белгіленген. Бірақ 2019 жылдың 1 қаңтарынан кейбір, 3 млрд сумға дейінгі айналымға ие болған кәсіпорындар қосымша құн салығын төлеудің оңтайландырылған тәртібіне ерікті түрде өтуі мүмкін. ҚҚС төлеудің





мұндай тәртібіне өткенде төмендетілген ставкаларда салық төлейді, бірақ бұл төленген салықты сатып алынған тауарлар бойынша төленген ҚҚС есебіне өткізу мүмкіндігіне ие болмайды. ҚҚС төлеудің бұл тәртібі тек шағын кәсіпорындар үшін уақытша, яғни 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін жүзеге асады.

ҚҚС төлеудің мұндай тәртібіне өткен шағын кәсіпорындар төмендегі ставкаларда ҚҚС төлейді: өндірістік кәсіпорындар - 7%, саудада - 6%, құрылыста - 8%, жалпы тамақтанатын орындар мен қонақүйлерде - 10%.

Қосымша құн салығын есептеуде мынаны ескеру тиіс, салық төленетін база (мөлшер) өнімнің толық құны емес, міне осы салық төлейтін кәсіпорында жаратылған жаңа құны алынады. Мұнда аралық тұтыну, яғни міне осы өнімді өндіру үшін есеп беру кезеңі барысында жұмсалған тауарлар мен қызметтер құны шығарылып жіберіледі. Ол жағдайда ҚҚС-н есептеу формуласы мынадай көріністе болады:

$$QQS = \text{Қосымша құн} \cdot 20\% = \text{Құн (Баға)} \cdot 20\% - \text{Аралық тұтыну құны} \cdot 20\%$$



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Акциз салығы деген не? Ол қандай өнімдерден алынады?
2. Қандай өнімдерге акциз салығы салынбайды?
3. Қосымша құн салығы қандай салық?
4. Қосымша құн салығының төлеушілері кімдер?
5. Қосымша құн салығының объектіні айтып бер.
6. Қосымша құн салығының пайыз ставкасы неше пайыз көлемінде белгіленген?
7. Қосымша құн салығы қалай есептеледі?
8. Қосымша құн салығын төлеудің оңтайландырылған тәртібі бойынша қандай заңды тұлғалар төлеу құқына ие?
9. Қосымша құн салығын төлеудің оңтайландырылған тәртібі бойынша кімге қандай ставкалар қолданылады?



Мұны есінде сақта!

- Акциз салығы — жанама салық.
- Акциз салығы елімізде өндірілген немесе шетелден импортталған кейбір тауарларға салынады.
- Қосымша құн салығы өнімді (қызметті) өндіру, сату немесе импорттау үдерісінде оның бағасына қосылған құнның бір бөлігі.





ІІІ ТАРАУДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

А. СҰРАҚТАР

1. Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығының ставкасын түсіндіріп бер.
2. Республикамызда жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы ставкаларының төмендеп отыруының мәнісі неде?
3. Ұлы бабамыз Захириддин Мұхаммед Бабурдың салық туралы пікірлері жайлы нелерді білесің?
4. Заңды тұлғалардан алынатын пайда салығы ставкалары туралы не білесің?
5. Салық кодексі қандай қатынастарды реттейді?
6. Қосымша құн салығы туралы не білесің?
7. Қандай өнімдерге қосымша құн салығы салынады?
8. Акциз салығы қандай салық түріне жатады?
9. Жер салығы қандай мақсатта салынады?

Б. ТАПСЫРМАЛАР

Әрбір атауға сәйкес ұғымын тап.

АТАУЛАР:

- | | |
|--|------------------------------|
| 1. Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы объекті. | 3. Қосымша құн салығы. |
| 2. Жер салығын төлеушілер. | 4. Акциз салығын төлеушілер. |

ҰҒЫМДАР:

- а) мүлік, иелік ету, пайдалану құқы немесе жалға беру құқы негізінде жер телімдеріне ие болған тұлғалар;
- б) жеке тұлғалардың жалпы жылдық табысы;
- в) акциз төленетін өнімдер шығарушылар және импорт жасаушылар;
- г) өнім өндіру, сату немесе импорт жасау барысында өнім бағасына қосылған құн.



Д. 77- бет ІІІ тарау титулындағы суреттер бойынша

Суреттердің қайсысы қандай тақырыпқа қатысты екенін айт. Осы суреттер негізінде тақырыптардың мазмұнын сипатта.

Е. ТЕСТТЕР

- 1. Төмендегілердің қайсысы табыс салығы объекті бола алады?**
 - А) айлық жалақы;
 - Б) акциядан алынған дивиденд;
 - Д) банк сақтық қор пайыздары;
 - Е) жоғарыдағылардың барлығы.
- 2. Жекеменшік тұрғын үйлер мен саяжайлардан қандай пайыз ставкасында меншік салығы алынады?**
 - А) 3-3,5%;
 - Б) 2%;
 - Д) 0,5%;
 - Е) 0,2-0,35%.
- 3. Өнім өндіру, сату немесе оны импорт жасау барысында өнім бағасына қосылған құнның бір бөлігі мемлекетке төленетін салық түрі қайсы жауапта берілген?**
 - А) қосымша құн салығы;
 - Б) мүлік салығы;
 - Д) акциз салығы;
 - Е) баж (кеден) төлемі.
- 4. Республикамызда қосымша құн салығы ставкасы неше пайыз етіп белгіленген?**
 - А) 10%;
 - Б) 15%;
 - Д) 18%;
 - Е) 20%.
- 5. Қай жауапта акциз салығы салынатын өнім түрі берілген?**
 - А) киім-кешектер;
 - Б) темекі өнімдері;
 - Д) мұнай, газ өнімдері;
 - Е) алтын және күмістен жасалған өнімдер.
- 6. Жанама салық неден алынады?**
 - А) табыстың;
 - Б) мүліктен;
 - Д) жерден;
 - Е) тауардан.
- 7. Азаматтардан қандай салық алынады?**
 - А) тек табыс салығы;
 - Б) тек табыс және мүлік салығы;
 - Д) табыс, мүлік және жер салығы;
 - Е) табыс, мүлік және экологиялық салық.



Елімізде салық реформаларына дейінгі кезеңдегі жағдайды еске алсақ, салық жүгі бізде, экономикасы біздің деңгейімізде дамыған мемлекеттермен салыстырғанда едәуір жоғары еді. Бұл салықтан қашу жағдайларын көбейтіп, жасырын экономиканың дамуына себепші болатын еді. Салық жүйемізде шағын бизнеске орнатылған салық пен орта және ірі бизнеске орнатылған салық жүгі арасындағы ерекшелік өте үлкен еді. Ал бұл шағын бизнес өкілдерінің дамып орта және ірі бизнес деңгейіне өтуіне кедергі болып тұратын еді.

Ескі салық жүйесіндегі тағы бір ірі ұнамсыз жанау – жалпы түсімді салыққа тарту практикасы кеңінен таралған еді. Бірақ бұл халықаралық практикаға қарама-қайшы жағдай. Өйткені мұнда жаңа құн жарату шеңбері пайда болмайды. Яғни, жаңа құн жаратқан кәсіпорын салық төлеу бойынша абзалдықтарды пайдалана алмағандықтан мүмкіндігі барынша жалпы табысты ғана бақылайды және кемейтіп көрсетуге ұмтылады. Бұл жағдай да экономиканың өркендеуіне тікелей кедергі болады.

Жоғарыда келтірілгендердің барлығы да кәсіпорындарды таңдап жеңілдік беру практикасы күшейіп кеткендіктен еліміздің салық жүйесін түбегейлі реформалауға бетбұрыс жасалды. Президентіміз Шавкат Мирзияевтың 2018 жылғы 29 маусымдағы жарлығымен “Салық саясатын жетілдіру” концепциясы қабылданды.

Концепцияға орай салық жүйесі түбегейлі реформаланды. Мұнда салық жүгін жеңілдету және шағын кәсіпорындарды ынталандыру басты мақсат етіп қойылған. Міне осындай мақсатта мынадай жұмыстар іске асырылды:

- салықтардың санын азайту, оларды оңтайландыру, түсінікті ету.
- салық ставкаларының санын қысқарту, оларды инвестициялаған салық төлеушілерді ынталандыруға бағыттау;
- бірыңғай әлеуметтік төлемдердің санын кемейту;
- табыс салығын оңтайландыру, ставкалардың санын төмендету;
- кәсіпорын мен ұйымдарға берілетін жеңілдіктерді жою;
- салық жинау, салықта есеп беру бойынша жүйені оңтайландыру.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Салық реформалары мен экономикамыздың қарқынмен дамуы арасында қандай байланыс бар?
2. Отбасындағы үлкендерден жаңа салық жүйесі олардың салық төлемдеріне қалай әсер ететінін біліп ал.
3. Салық реформаларының ұнамды нәтижелері айналадағылардан ең алдымен кімдерге септігін тигізеді?

Біз макроэкономикалық тұрақтылықты және жоғары экономикалық өсу қарқынын қамтамасыз етуіміз керек.

Шавкат Мирзияев



IV тарау. Экономикалық өсу





19- ТАҚЫРЫП

НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. АҚШ, Германия, Жапония және Корея сияқты мемлекеттерді, әдетте бай мемлекеттер деп атайды. Бірқатар Африка елдері, керісінше кедей мемлекеттер ретінде тілге алынады. Сенің пікіріңше, мемлекеттердің бай болуы немесе кедей болуы неде көрінеді?
2. Суреттердегі бейнелермен еліміздің байлығы арасында қандай байланыс бар деп ойлайсың?
3. Еліміздің шетелдерде жұмыс істейтін азаматтары өз елінің бай болуына үлес қосуы мүмкін бе? Қалай үлес қоса алады?
4. Елімізде жұмыс жүргізетін шетелдік компаниялар ше?

Ел экономикасының нәтижелері әртүрлі көрсеткіштердің көмегімен өлшенеді. *Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)* – мемлекет аумағында бір жыл бойы өндірілген, толық тауар және қызметтердің базар бағасындағы жалпы құны. Жалпы ішкі өнім – бұл мемлекеттің даму деңгейін сипаттайтын ең негізгі көрсеткіштердің бірі. Жалпы ішкі өнім көрсеткіші әрқандай мемлекет ішінде әр жылы бір рет есеп беру жылынан кейінгі жылдың басында есептеледі. Ол экономиканың қай деңгейде өсіп жатқанын және дамығанын бейнелейтін көрсеткіш. ЖІӨ есептеліп жатқанда өндірістің аралық басқышында өндірілген шикізат, қосалқы бөлшектер, тұқым, жанармай, энергия, материалдар, көлік қызметі, көтерме сауда қызметі, коммерциялық және басқа аралық өнімдер мен қызметтер есепке алынбайды.



ЖІӨ-ге толық тұтынуға дайын тауарлар құны ғана қосылады. Мәселен, трактор дөңгелегі ЖІӨ-ге кірмейді, себебі ол толық өнім емес. Бұл тауар тағы да трактор шығару үдерісінде істетіліп, трактордың құрамды бөлшегіне айналады. Трактор ЖІӨ-ге кіреді, себебі ол толық өнім. Егер дөңгелек ЖІӨ-ге енгізілсе, оның құны екі есе: бірінші жолы дөңгелек есебінде, ал екінші жолы трактордың бөлшегі есебінде ЖІӨ-ге енгізілген болады. Сондықтан ЖІӨ есептелгенде тек толық тауарлар есепке алынады. ЖІӨ мемлекет аумағында орналасқан, қайсы мемлекетке тиісті екеніне қарамастан барлық кәсіпорын, фирма және адамдар жасаған өнімдердің базар бағасындағы құны. Жалпы ішкі өнім, әдетте ұлттық валютада есептеледі. Мысалы, Өзбекстанның жалпы ішкі өнімі сумда көрсетіледі. Халықаралық көлемде әртүрлі мемлекеттердің ЖІӨ-і долларға өткізіледі және өзара салыстырылады. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банк базасында дүниедегі барлық мемлекеттердің ЖІӨ-і бар. Көрсеткіштер әр жылы жаңаланып және жарияланып отырады.

Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) – жыл бойына мемлекет азаматтарының (қай жерде болуына қарамастан) шығарған толық көріністегі тауар және қызметтерінің базар бағасындағы жалпы құны. Егер ЖІӨ-ден осы мемлекет аумағында шетелдік азаматтар мен фирмалар шығарған тауарлар құнын айырып, бұл мемлекет азаматтары мен фирмалары басқа мемлекеттер аумағында шығарған тауарлардың құнын қоссақ, сол мемлекеттің жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) мөлшері пайда болады.



Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – мемлекет аумағында бір жыл ішінде өндірілген, толық көріністегі тауар мен қызметтердің базар бағаларындағы жалпы құны.

Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) – жыл бойына мемлекет азаматтары тарапынан (жер жүзінің қай жерінде болуына қарамастан) өндірілген барлық толық тауар және қызметтердің базар бағасындағы жалпы құны.

Таза ішкі өнім (ТІӨ) – ЖІӨ-нен амортизация шығынын айырғанға тең. Өндіріс барысында аспаптар, ғимарат сияқты негізгі құралдар ескеріліп олардың құнының бір бөлігі осы құралдардың көмегімен жасалған тауарлардың құнына өтеді. Бұл амортизация айырмасы, ол жаңадан енгізілген құн емес. Сондықтан ЖІӨ-ден барлық амортизация айырмасын айырсақ, таза ішкі өнім (ТІӨ) көлемі табылады. ТІӨ



мемлекетте бір жылда жаңадан жасалған тауар және қызметтердің базар бағасындағы құнын көрсетеді.

Таза ішкі өнімнің (ТІӨ) құны ЖҰӨ құнынан амортизация айырмасын азайту жолымен табылады.

Ұлттық табыс (ҰТ) – мемлекет халқының бір жылдық жалпы еңбекақы, пайыз, рента сияқты барлық табыстары мен кәсіпорындар пайдасының жалпы жиынтығынан құралады. Ол ТІӨ-нен барлық жанама салықтарды азайту жолымен анықталады.

Түрлі мемлекеттердегі экономикалық қызметтің нәтижелілігін және халықтың тұрмыс әл-ауқатын салыстыруда халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ қолданылады.

Халықтың жан басына шаққанда тура келетін ЖІӨ (ЖҰӨ)-ЖІӨ (ЖҰӨ) құнын мемлекет халқының санына бөлгенде табылады.

Халықтың жан басына тура келетін ЖІӨ мемлекет халқының еңбек өнімділігін де көрсеттін негізі көрсеткіштердің бірі.



Таза ішкі өнім (ТІӨ) – жалпы ішкі өнімнен амортизация айырмасының айырылымына тең.

Ұлттық табыс (ҰТ) – мемлекет халқының бір жылдық барлық еңбекақысы, пайыз, рента сияқты табыстары мен барлық кәсіпорындар пайдасының жалпы мөлшері.



Формула

$$ЖҰӨ = ЖІӨ + E - I;$$

$$ТІӨ = ЖІӨ - A$$

Мұнда: *E* – мемлекет капиталы негізінде шетелде жасалған тауар және қызметтер құны; *I* – шетел капиталы негізінде мемлекетте жасалған тауар және қызметтер құны; *A* – амортизация айырмасы.

АҚШ, Жапония сияқты елдердегі мемлекеттің даму деңгейін көрсететін негізгі микроэкономикалық көрсеткіш ретінде ЖІӨ емес, ЖҰӨ қабылданған. Бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымының ұсынысы бойынша мемлекеттің даму деңгейін анықтау үшін ЖІӨ негізгі көрсеткіш ретінде қолданылады. Сондықтан да көп мемлекеттерде тұрғындардың тұрмыстық деңгейін анықтау мен салыстыру үшін тұрғындардың жан басына тура келетін ЖІӨ алынады.

Өзбекстан Мемлекеттік статистика комитетінің мәліметіне орай, 2018 жылы Өзбекстанның ЖІӨ-і 407,5 трлн сумды құрады. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 5,17%-ға көп. Тұрғындардың жан басына тура





келетін ЖІӨ 12,3 млн сумды құрады. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға көбейген.



ТАПСЫРМАЛАР

1. «Мақта – ұлттық байлығымыз» деген сөзді түсіндіруге әрекет жаса.
2. Алқаптан теріп алып, мемлекетке тапсырылған мақта шикізаты үшін фермердің алған табысын, мақтаны экспорттаудан түскен шетел валютасын, шеберлердің тіккен көйлектері үшін алатын ақысын еліміздің ішкі өнімі деп атауға бола ма?
3. «Ўзбекистон хаво йуллари» ұлттық авиакомпаниясының қызметтері үшін шетелдік саяхатшылар тарапынан жиналған валютаны, базарларда сатылып жатқан тропиктік жемістерді (банан, ананас, апельсин сияқтыларды) экспорттау үшін істеп шығарылған «Cobalt» автомобилін ше?
4. Өзбекстан компаниясының шетелдегі өз филиалында шығарған өнімі немесе көрсеткен қызметі еліміздің ішкі өнімі бола ала ма?
5. Шетел компаниясының еліміздегі бөлімшесінде өндірілген өнімі немесе көрсеткен қызметі ше?



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. ЖІӨ, ЖҰӨ, ТІӨ, ТҰӨ және ҰТ бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
2. Елімізде өндірілген барлық тауар және қызметтер құны не себептен ЖІӨ-ге қосылмайды?
3. Толық және аралық өнімдерге үшеуден мысал келтір.
4. Бір елдің ЖҰӨ көлемі 7669 млн АҚШ долларын, шет елдік азаматтарға төленген табыстар 190 млн АҚШ долларды, ал басқа елдерге қойылған инвестициядан түскен табыстар – 205 млн АҚШ долларды құрады. Сол елдің ЖІӨ көлемін тап.
5. Мемлекеттің ЖІӨ көлемінің өсуі экономиканың дамуына қалай әсер етеді?
6. Халықтың жан басына шаққанда тура келген ЖІӨ нені аңғартады?



Мұны есінде сақта!

- Жалпы ішкі өнім мемлекеттің экономикалық әлеуетінің негізгі өлшемі. Ол ел экономикасының жағдайын көрсетеді.
- Әртүрлі елдердегі экономикалық қызметтердің нәтижелілігі осы елдегі халықтың жан басына тура келген ЖІӨ көмегімен өзара салыстырылады.
- Халықтың жан басына тура келген ЖІӨ мемлекет халқының еңбек өнімділігін де көрсетеді.





20- ТАҚЫРЫП

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ДАМУ

Мемлекеттің белгілі бір жылдағы макроэкономикалық көрсеткіштері (ЖІӨ, ЖҰӨ, ТІӨ, ТҰӨ және ҰТ) сол жылы әрекетте болған бағалармен есептеледі. Бұл көрсеткіштердің қарастырылып жатқан жылдағы енгізілген бағалармен есептелген құны – *номиналдық құн* деп аталады. Бірақ бағалар жылда өзгеріп тұрады. Сондықтан, елдің әр жылдардағы көрсеткіштері өзара салыстырылғанда, олардың нақты құны пайдаланылады.




Формула

ЖІӨ нақты және номиналдық құны арасындағы байланыс - бағалардың өсу индексі.
 $ЖІӨ_r$ – нақты құн; $ЖІӨ_n$ – номиналдық құн;

$$ЖІӨ_r = \frac{ЖІӨ_n}{I}$$

Айталық, 2015–2018 жылдарда мемлекеттегі баға 1,5 есе артқан, яғни бұл кезеңдегі бағалардың өсу дәрежесі 1,5-ке тең болған, 2015 жылдағы ЖІӨ-нің номиналдық құны - 19,35 трлн шартты ақша бірлігін, ал 2018 жылдағы ЖІӨ номиналдық құны 36,84 трлн шартты ақша бірлігін құраған болсын. Бұл көрсеткіштерді өзара салыстыру үшін оларды бір түрлі бағамен есептеу қажет болады. Ол үшін 2015 жылдағы бағалар негіз етіп алынады. Бұл бағаларда 2015 жылғы ЖІӨ құны берілген. Енді 2018 жылдағы ЖІӨ-ді 2015 жылдағы бағамен есептейміз. Ол үшін 2018 жылғы ЖІӨ-нің номиналдық құнын бағаның өсу дәрежесіне бөлсек жеткілікті. Пайда болған құн – 24,56 трлн шартты ақша бірлігі 2018 жылғы ЖІӨ-нің 2015 жылмен салыстырғандағы нақты құны болады. Содан соң 2015 жылғы ЖІӨ номиналдық құны мен 2018 жылғы нақты құн өзара салыстырылады және 2018 жылы 2015 жылмен салыстырғанда ЖІӨ құны $24,56:19,35=1,27$ есеге артқан деген қорытындыға келеміз. Жалпы алғанда, осы жылдағы экономикалық көрсеткіштің кейбір жылға салыстырғандағы нақты құнын табу үшін оның номиналдық құнын бұл кезеңдегі бағаның жалпы өсу индексіне бөлінеді.



Базар экономикасының екі ғасырлық тарихы, оған толқын көрінісіндегі даму тән екенін дәлелдеді. Базар экономикасы билік еткен елдердегі экономикалық белсенділік белгілі кезеңдерде өсіп, сосын төмендеп, кезеңді түрде тербеліп тұрады екен. Ел экономикасының бір рет тербелуіне, бір рет өсіп, сосын төмендеуіне кеткен уақыт – *экономикалық кезең* деп аталады. 20.1 сызбадағы экономикалық кезеңді қарастыратын болсақ,



ол экономикалық өсу және экономикалық төмендеу аралығынан тұрады. *M* нүктесі бұл кезеңдегі экономикалық белсенділіктің ең жоғары нүктесі (шыңы). Ал *N*-нүктесі ең төменгі нүктесі екенін көруімізге болады.




Экономикалық көрсеткіштің номиналдық құны – бұл оның енгізілген бағалармен салыстырғандағы есептелген құны.

Экономикалық көрсеткіштің нақты құны – бір негіз етіп алынған жылдағы бағаларға салыстырғандағы есептелген құны.

Экономикалық кезең – мемлекет экономикасының бір тербелуіне – бір өсіп, соңынан төмендеуіне кеткен уақыт.

Егер экономикалық дамудың үлкендеу кезеңін қарастырсақ, 20.2 сызбада кескінделген жағдайды көруіміз мүмкін. Бұл жағдайда экономикалық белсенділік тербеліп тұрса да, жалпы алғанда, экономикада көтерілу – өсу байқалып тұр. Экономикада кемінде алты ай бойы нақты ЖІӨ-нің кемеюі байқалса, бұл экономикалық төмендеуден хабар береді.



Мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі – еліміздегі экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Өйткені халық саны артып, олардың сұранысы күннен-күнге өседі. Демек, тауарды көбірек өндіру және қызмет түрлерін көбейту керек. Мұндай жағдайда мемлекет елдің өндірістік мүмкіндіктерін жетілдіруі, экономикалық өсуді қамтамасыз етуі қажет болады. Экономикалық өсу деп елде тұрақты түрде жалпы өнім өндіру көлемінің өсуін айтады. Экономикалық өсу дәрежесін бірнеше тәсілдермен есептеу мүмкін. Әдетте, экономикалық өсу – елдегі нақты ЖІӨ-нің өсу дәрежесімен өлшенеді. Жоғарыда талданған мысалда 2015-2018 жылдары ЖІӨ-нің нақты құны 1,27 есе асқан, бұл елде қарастырылатын кезеңде экономикалық өсу байқалғанын көрсетеді. Кейде экономикалық өсу — ЖҰӨ-нің өсу





дәрежесімен немесе жан басына шаққанда тура келетін нақты ЖҰӨ-нің өсу дәрежесімен (немесе ЖІӨ) өлшенеді.

Экономикалық өсуге екі түрлі: экстенсивті және интенсивті жолмен жету мүмкін. Экстенсивті өсуге қосымша мөлшерде өндіріс ресурстарын өндіріске қатыстыру арқылы жетеді. Ол үшін тың жерлер игеріледі, көп көлемде пайдалы қазбалар мен еңбек ресурстары өндіріске қатыстырылады. Интенсивті өсуге бар ресурстарды тиімді пайдалану арқылы жетеді. Оған ғылым мен техника жетістіктері, жаңа технологияларды өндіріске енгізу, еңбек өнімділігін, жұмысшылардың білімі мен мамандықтарын жетілдіру сияқты жолдармен жетеді.

Елде бай және кедей жанұялар бар болғаны сияқты дүние жүзінде бай және кедей мемлекеттер де бар. Халықтың бай немесе кедейлігі оның экономикалық өсу дәрежесі, яғни халықтың жан басына шаққанда тура келетін жалпы ұлттық өнімнің көлемімен өлшенеді. Жан басына тура келген ЖҰӨ (ЖІӨ) мөлшерінің көп немесе аздығына қарай мемлекеттер дамыған және дамушы топтарға бөлінеді. Дамыған елдердің экономикасы заманалық өндіріс технологияларымен, білікті мамандармен қамтамасыз етілген болып, негізінен өнеркәсіптік өндіріс салаларына маманданады.

Дамушы мемлекеттердің өзі тағы да екіге: табыстар дәрежесі орташа және төмен мемлекеттерге бөлінеді. Бұл мемлекеттердің экономикасы негізінен шикізатты экспорттау және ауыл шаруашылығына маманданған. Өзбекстан табыстар дәрежесі орташа елдер қатарына кіреді. Табыстар дәрежесі төмен елдерде өндірісті дамытуға жұмсалатын қаржы (инвестициялар) да өте аз болады. Соның салдарынан еңбек өнімділігі төмен күйінде қала береді. Өндіріс көлемі азайып, көбейіп келе жатқан халық табыстары барған сайын азая береді.

Мемлекет халқының тұрмыс дәрежесі экономикалық дамуы дәрежесін анық көрсетеді. Өйткені, ол тек жан басына тура келетін ЖҰӨ(ЖІӨ)-нің құнымен ғана емес, бірнеше көрсеткіштер негізінде өлшенеді. Халықтың тұрмыс дәрежесі жан басына көбірек материалдық өнім өндірілуіне ғана емес, табылған табысты қалай және қайда жұмсауға да байланысты. Айталық, бір елде үлкен мөлшерде ЖҰӨ (ЖІӨ) өндірілгенмен, оның көп бөлігі әскери мақсаттарға жұмсалса, бұл мемлекет халқының тұрмыс дәрежесінде қандай тиімді өзгеріс болуы мүмкін? Түрлі елдер халқының тұрмыс дәрежесі өзара бірнеше экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің көмегімен салыстырылады. Әр жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының “Адам өркениеті туралы баяндамасында” бұл көрсеткіштер туралы мәлімет беріліп тұрады.





Халықтың тұрмыс дәрежесін салыстырғанда негізінен төмендегілер есепке алынады: 1) халықтың сауаттылық дәрежесі; 2) медициналық қызмет көрсету дәрежесі; 3) халықтың саламаттық дәрежесі; 4) өмір сүру ұзақтығы; 5) қала халқы саны; 6) тұрғын үймен қамтамасыз етілуі; 7) отбасылық мәдени-тұрмыстық тауарлар: теледидар, телефон, жеке компьютер, интернет тармағы, тоңазытқыш сияқты тауарлармен қамтамасыз етілу дәрежесі; 8) білім беруге бөлінген қаржы мөлшері; 9) адам құқықтарының кепілдену дәрежесі; 10) қылмыс дәрежесі; 11) денсаулық сақтауға бөлінген қаржы мөлшері; 12) қоршаған ортаны қорғау және басқалар.

Халықтың тұрмыс дәрежесінің көрсеткіштері бойынша дүние жүзінде жоғары орында Канада, Франция, Норвегия, АҚШ, Исландия, Финляндия, Нидерланды, Жапония, Жаңа Зеландия, Швеция мемлекеттері тұрады.



БІЛІМІңДІ СЫНАП КӨР!

1. ЖІӨ (ЖҰӨ)-нің номиналдық және нақты құнының ерекшелігі неде?
2. Экономикалық кезең деген не және оның қандай басқыштары бар?
3. Базар экономикасы жағдайында не үшін экономика кезеңді түрде тербеліп дамиды?
4. Экономикалық өсу деген не және ол қалай өлшенеді?
5. Экономикалық өсудің экстенсивті және интенсивті тәсілдерін сипатта.
6. Экономикалық өсуді халықтың тұрмыс дәрежесінің өсуі деп айтуға бола ма?
7. Экономикалық дамыған мемлекет дегенде нені түсінеміз?
8. Мемлекеттер экономикалық дамуына қарай қандай топтарға бөлінеді?
9. Елдің экономикалық дамуы халықтың тұрмыс дәрежесінің әрдайым жоғарылығын көрсете ме?
10. Халқының тұрмыс дәрежесі төмен мемлекеттерге мысал келтір.
11. Экономикалық тұрақтылық деген не және ол неге байланысты?



Мұны есінде сақта!

- Мемлекет халқының тұрмыс дәрежесінің жоғары болуы экономикалық тұрақтылықты білдіреді.
- Экономикалық тұрақтылық мемлекет бойынша өндірілген жалпы өнімнің көптігінен емес, сонымен қатар ұлттық байлықты халық мүддесін көздей отырып, әділетті және тиімді қайта бөлуге байланысты.





21- ТАҚЫРЫП

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЛЕУЕТІ



? БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Өзбекстан экономикасының негізгі тармақтарын санап бер.
2. Осы тармақтардың қайсысы еліміз экономикасындағы жетекші сала саналады?
3. Еліміздегі жетекші өндіріс кәсіпорындарының қайсысын білесің?
4. Сенің ойыңша мемлекет қайсы салаларға көбірек назар аударуы керек?
5. Экономиканың қай саласында жеке меншік сектордың үлесі үлкен деп ойлайсың? Қай салада аз?
6. Өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және қызмет көрсету салаларының болашағы жайлы не айтасың?
7. Республикамыз экономикасының әлемдік экономика қауымдастығына интеграциялануы туралы не білесің?

Жер көлемі. Республикамыздың жер көлемі 448,9 млн шаршы километрден тұрады. Соның 60 пайызы ауыл шаруашылығы үшін жарамды жерлер.

Халқы. Мемлекеттік статистика комитетінің мәліметіне орай, 2019 жылдың 1 қаңтар жағдайына еліміздің халқы 33 миллион адамнан асты. Еңбек ресурстары тұрғындардың дерлік жартысын құрайды.

Табиғи ресурстары: Өзбекстан аумағында 2700-ден астам пайдалы қазбалардың болашағы зор кендері табылған. Республикадағы жерастынан жылына қазып алынатын пайдалы қазбалардың құны 5,5 миллиард доллардан көп.



Өзбекстан алтын қоры бойынша және оны қазып алу бойынша әлемде жетекші орындардың бірін иелейді. Республикамыздың жерасты күміске де бай. Еліміз мыс қорларының мөлшері бойынша әлемде жетінші орында тұрады. Уранның табылған қорлары оны 50-60 жыл қазып алуға жетеді. Өзбекстан анықталған уран қоры бойынша әлемде 11- орынды, қазып алу бойынша 9-орынды иелейді. Республикамызда 160-тан астам газ, мұнай, көмір кендері табылған және ашылған, олардың көбі пайдалануға тапсырылған. Олардан 5 миллион тоннадан артық мұнай мен газ конденсаты өндіріледі.

Әр жылы республикамызда 50 миллиард текше метрден астам көгілдір отын - газ қазып алынады. Бұл өз қажеттілігімізді өтеп қана қоймай, газды көрші мемлекеттерге экспорттау мүмкіндігін береді. Әр жылы қазып алынатын көмір төрт миллион тоннаға жетеді. Өзбекстанда табылған көмірдің жалпы қоры 2 миллиард тоннадан көп.

Өнеркәсібі: Мақта тазалау, машинажасау, мұнайды қайта өңдеу, түсті металлургия, энергетика, тоқымашылық, газ, автомобильжасау, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, электротехника, радиотехника және басқалар. 100-ден астам салаға ие болған 2200-ден артық өндіріс орындары жұмыс істеп жатыр. Қазіргі күнде АҚШ-тың “General Motors” компаниясымен ынтымақтастықта жасалатын “Tracker”, “Gentra”, “Nexia-3”, “Malibu” және “Spark” маркалы әлемдік стандарттарға толық жауап беретін заманалық амтомобильдер шығарылады. Самарқант қаласында “Isuzu” маркалы көлемі орташа автобустар мен жүк көлігі, сондай-ақ “MAN” және “KAMAZ” маркалы көп тонналы жүк көлігі шығарылады. Бұл Өзбекстанда машинажасау өнеркәсібі жылдан-жылға дамып, әлемдік стандарттарға сәйкестендіріліп, өркендеп келе жатқанын көрсетеді.

Өткен бір жыл ішінде ЖІӨ құрамындағы өндірістің үлесі 22,2%-дан 26,3%-ға көбейген. Бұл Өзбекстан экономикасының жоғары қарқынмен өндірістенгенінің дәлелі.

Республикадағы энергия жүйесінің жалпы қуаты 14,15 ГВт-тан астам, бұл жүйе жылу және су электр станцияларын қамтиды.





Ўзбекистанда экономиканың өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларының жедел қарқынмен дамуы, тұрғындардың тұрмыс әлеуетінің жақсарғаны электр энергиясына деген сұраныстың көбеюіне себеп болуда. Бұл мемлекетіміздің алдына электр энергиясын өндіруді күрт арттыру талабын қояда. Міне осындай сұранысты қамтамасыз ету мақсатындағы үкіметіміздің Ресейдің “Росатом” Мемлекеттік Корпорациясымен ынтымақтастықта қуаты 24 ГВт-ға тең болған атом электрстанциясын құру бойынша қаулысы ерекше маңызға ие.

Міне осы мақсатта Президентіміздің жарлығы негізінде “Узатом” атом энергетикасын дамыту агенттігі құрылды. Мұнымен елімізде ғана емес, тіпті Орта Азия аумағында бұрын-соңды болмаған жаңа заманалық салаға негіз қаланды.

Әсіресе, уран қазып алу бойынша әлемде жетекші орындардың бірін иелейтініміз мемлекетімізде атом энергетикасын дамытуға негіз ретінде қызмет етеді.

Ауыл шаруашылығы. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік статистика комитетінің мәліметіне орай 2018 жыл жағдайына Өзбекстан халқының 49,5 %-ы ауылдарда жасайды. Сондықтан экономикада ауыл шаруашылығының иелейтін орны ерекше. Мемлекеттің ЖІӨ-нің 32,4 %-ы ауыл және балық шаруашылығына тура келеді. Өткен бір жыл ішінде бұл көрсеткіш 1,6 %-ға төмендегені байқалды. Мақта ауыл шаруашылығының жетекші саласы саналады. Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің 53,2 %-ы диқаншылықта, 46,5%-ы мал шаруашылығында жаратылады.

Өзбекстан мақта талшығын өндіру бойынша әлемнің жетекші елдерінің бірі. Республикада үлкен көлемде астық өндіру үшін негіз жаратылған. Соңғы кездері жылына 6 миллион тоннадан астам астық өндірілуде. Республика жеміс-көкөніс өнімдері, жүзім, жібек, қаракөл терісі, жүн жетістіруде ТМД елдері арасында жетекші орынды иелейді.



Білесің бе?

Әлем картасына мұқияттап қарасақ, республикамыз теңізге шығу мүмкіндігі жағынан қолайсыз географиялық жерге орналасқан. Әлемде екі мемлекет — Лихтенштейн және Өзбекстан тұрғындарына ғана теңізге шығу үшін кемінде екі елдің шекарасынан өтуге тура келеді. Бұл экономикамызға қандай қиыншылық тудырады?



БІЛІМІңДІ СЫНАП КӨР!

1. Өзбекстанның табиғи байлықтары туралы айтып бер.
2. Өзбекстан Республикасы экономикасының жетекші салаларын ата.





3. Тәуелсіздік жылдарында құрылған өндіріс орындары туралы не білесің?
4. Өзбекстан Республикасы экономикалық даму дәрежесіне қарай қандай мемлекеттер қатарына кіреді?
5. Өзбекстанның энергетикасын дамытудың өзектілігі артуының себебі неде?
6. Өзбекстанда атом электрстанциясы құрылуының маңызы неде?
7. Республикамыздың экономикалық көрсеткіштерін бір дамыған мемлекет көрсеткіштерімен және бір ТМД елінің көрсеткіштерімен өзара салыстыр.



Тапсырма

Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік статистика комитетінің мәліметіне негізделіп Өзбекстан Республикасының 2017 және 2018 жылдардағы ЖІӨ-нің экономикалық қызмет түрлері бойынша өсу қарқынын зерттеңдер және жылдар бойынша салыстырыңдар.

Көрсеткіштің аты	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы ішкі өнім	5.3%	5.1%
Кәсіпорын өнімдері	4.6%	10.6%
Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы	2.0%	0,3%
Құрылыс	5.6%	9,9%
Транспорт, денсаулық сақтау, ақпарат және байланыс	8.9%	6,3%
Сауда, тұрмыстық және тамақтану бойынша қызметтер	3.9%	4,4%
Басқалар	7.3%	5,4%
Өнімдерге салынатын салықтар мен баж	5.3%	5.5%



Мұны есіңде сақта!

- Өзбекстан Республикасы халықтың жан басына тура келетін ЖІӨ орташа болған, дамушы елдер қатарына кіреді.
- Өзбекстан әлемдегі экономикасы жедел қарқынмен дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі.





IV ТАРАУДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

А. СҰРАҚТАР

1. Мемлекет экономикасының қандай негізгі көрсеткіштерін білесің?
2. ЖІӨ, ЖҰӨ, ТІӨ және ұлттық табыс қалай есептеледі?
3. Толық және аралық өнімдер қалай ажыратылады?
4. Халықтың тұрмыс дәрежесі нелерге байланысты?
5. ЖІӨ(ЖҰӨ)нің номиналдық және нақты құны қалай ажыратылады?
6. Экономикалық кезеңнің мәнін түсіндіріп бер.
7. Экономикалық өсу қалай анықталады?
8. Өзбекстанның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін айтып бер.

Б. ТАПСЫРМАЛАР

Әрбір атауға сай ұғымын тап.

АТАУЛАР:

1. Толық өнімдер.
2. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ).
3. Таза ішкі өнім (ТІӨ).
4. Ұлттық табыс (ҰТ).
5. Экономикалық көрсеткіштің номиналдық құны.
6. Экономикалық көрсеткіштің нақты құны.
7. Экономикалық кезең
8. Халықтың тұрмыс дәрежесі.
9. Экономикалық тұрақтылық.

ҰҒЫМДАР:

- а) мемлекет аумағында бір жыл бойы өндірілген, толық көріністегі тауар және қызметтердің жалпы құны;
- б) жалпы ішкі өнімнен амортизация айырмасының айырымына тең;
- в) мемлекет халқының бір жылдық барлық жалақысы, пайыз, рента сияқты табыстары және барлық кәсіпорындар пайдасының жалпы мөлшері;
- г) қазіргі бағалармен салыстырып есептелінген құн;
- ғ) мемлекет экономикасының бір рет тербелуіне, бір асып, сонан соң төмендеуіне кеткен уақыт;
- д) тұтынуға дайын және қайта өңделмейтін тауар және қызметтер;
- е) белгілі бір негіз етіп алынған жылдағы бағалармен салыстырғандағы есептелген құн;
- ж) мемлекет азаматтарының тұрмыс жағдайының жалпы сипаты;
- з) жыл бойы мемлекет халқының тұрмыс жағдайының тұрақты жоғары болуы;



Д. 97- бет IV тарау титулындағы суреттер бойынша

Суреттердің қайсысы қандай тақырыпқа қатысты екенін айт. Осы суреттер негізінде тақырыптардың мазмұнын сипатта.

Е. ТЕСТТЕР

1. Төмендегі тауарлардың қайсысы толық тауар емес?

- А) шаштараз қызметі; Б) тігін цехы қоймасындағы жіп;
Д) асханадағы тағам; Е) дүкендегі кітап.

2. Өзбекстан қандай мемлекеттер тобына кіреді?

- А) дамыған елдер Б) табыс деңгейі төмен мемлекеттер;
Д) дамушы елдер; Е) дұрыс жауап жоқ

3. Төмендегі формулалардың қайсысы дұрыс емес?

- А) $ЖҰӨ = ЖІӨ + Е - I$; Б) $ТІӨ = ЖІӨ - А$;
Д) $ТҰӨ = ЖҰӨ - А$; Е) $ЖҰӨ = ЖІӨ - Е + I$

4. Мемлекет инвестициясы есебінен шет елдерде өндірілген тауар және қызметтердің жалпы құны, шет ел инвестициясы есебінен мемлекетте өндірілген тауар және қызметтер құнынан көп. Бұл жағдайда:

- А) $ЖҰӨ$ $ЖІӨ$ -нен жоғары болады;
Б) $ЖҰӨ$ $ЖІӨ$ -ге тең болады;
Д) $ЖҰӨ$ $ЖІӨ$ -нен төмен болады;
Е) $ЖҰӨ$ $ЖІӨ$ -нен жоғары да, төмен де болуы мүмкін;

5. Дамыған мемлекеттерде жан басына шаққанда тура келетін $ЖҰӨ$ қаншаны құрайды?

- А) 7510 доллардан кем; Б) 7510 доллардан көп;
Д) 6400 доллардан кем; Е) 5400 доллардан кем;

6. Халықтың тұрмыс дәрежесін анықтауда не есепке алынады?

- А) халықтың сауаттылық дәрежесі;
Б) медициналық қызмет көрсету дәрежесі;
Д) мәдени және тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз етілу дәрежесі;
Е) жоғарыдағылардың барлығы.

7. Мемлекеттің экономикалық даму дәрежесін қайсы көрсеткіш анық көрсетеді?

- А) халықтың жан басына тура келген $ЖІӨ$;
Б) халықтың жан басына тура келген $ЖҰӨ$;
Д) халықтың жан басына тура келген ұлттық табыс;
Е) халықтың тұрмыс дәрежесі;



2018 жыл 21 қыркүйекте «2019–2021 жылдары Өзбекстан Республикасының инновациялық даму стратегиясын бекіту туралы» Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлығы қабылданды және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Жарлыққа орай, 2019 – 2021 жылдары Өзбекстан Республикасының инновациялық даму стратегиясы бекітілді және ресми құқықтық құжат статусына ие болды.

Жарлықта стратегияның басты мақсаты ретінде адам капиталы белгіленген. Жарлықта адам капиталы – мемлекеттің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілік деңгейін инновациялық тұрғыдан дамығанын белгілейтін фактор екені айтылған.

Жарлықта стратегияның негізгі міндеті ретінде төмендегілер белгіленген:

- Өзбекстан Республикасының 2030 жылға келіп Жаһандық инновациялық индекс рейтингі бойынша әлемнің 50 ең дамыған елдері қатарына кіруіне қол жеткізу;
- Ғылым мен білім беруді дамыту, оларды заманалық талаптарға сәйкестендіру;
- Инновациялар, басқарудың заманалық әдістері, бәсекеге қабілетті бизнес ортасын қалыптастыру мен дамыту;
- Заманалық және тұрақты инфрақұрылымды жарату.

Онда сонымен қатар, әлемдегі ғылым-білімнің жетістіктері, инновациялық идеялар, қолданбалар мен технолиялар негізінде мемлекетті жедел дамыту қабылданған стратегияның мақсаты екені де ерекше атап өтілген.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Өзбекстанның өркендеуі үшін инновациялық даму жолын таңдау себебін түсіндір.
2. Айналадағы өмірден инновациялық дамуға мысал келтіруге әрекет жаса. Мұнда ең алдымен саған ең жақын болған білім беру, спорт, кәсіпкерлік салаларындағы өзгерістерді назардан тыс қалдырма.
3. Өзбекстанды әлемнің ең дамыған 50 елі қатарына қосу жастардың міндеті екенін ұғына аласың ба? Осындай міндетке өзіңді қалай даярлауың керек деп ойлайсың?

Инфляцияны тізгіндемей тұрып, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу мүмкін емес.

Шавкат Мирзияев

V тарау. Инфляция және жұмыссыздық



Тұрғындар арасында жұмыссыздықты азайту, адамдар мен жанұялардың табыстарын арттыру тиіс.

Шавкат Мирзияев



22- ТАҚЫРЫП

ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сағдуллаевтар отбасының орташа бір айдағы қаражаты:

Жеке тұтыну тауары және қызметтері — 280 000 сум

Үй-жанұя шаруашылық заттары — 150 000 сум

Азық-түлік — 1 200 000 сум

Киім-кешек — 950 000 сум

Мәдени тауар мен қызметтер — 100 000 сум

Тұрмыстық қызмет — 350 000 сум

Жалпы айлық шығын — ... сум



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Сағдуллаевтар отбасының бір айлық қаражаты кестесі негізінде бір айдағы жалпы шығын мөлшерін есептендер.
2. Егер азық-түліктердің бағасы 20%-ға артса, Сағдуллаевтар отбасының айлық қаражаттары мөлшері неше сумға және неше пайызға артады?
3. Егер жанұя табысының мөлшері өзгермеген болса, сенің пікіріңше, кейінгі айдан бұл жанұяның қандай қаражаты көбейеді, тағы қандай қаражаты кемейеді?
4. Бұл жағдайда, қаражаттар құрамы қалай өзгереді?

Әрбір мемлекет аумағында белгілі бір мөлшердегі ақша айналымда болып, алып-сату үдерістері оның жәрдемімен жүзеге асырылатыны белгілі. Сондықтан айналымдағы ақшалар қолдан-қолға өтіп, тоқтаусыз айнала береді. Ақшаның бір сатып алу, сату үдерісіне қатысып, “қолдан-қолға өтуі” оның бір рет айналғанын көрсетеді. Айналымдағы ақша мөлшерінің бір жылда неше рет сатып алу, сату үдерісіне қатысуына қарап, оның айналу жылдамдығы анықталады. Егер айналымдағы ақша көлемін оның айналу жылдамдығына көбейтсе, жыл бойы мемлекетте өндірілген және халық сатып алған тауар және қызметтердің құны шығады.

Екіншіден, жыл бойы шығарылған тауар және қызметтердің құнын басқа тәсілмен, яғни тауар және қызметтер мөлшерін, бірлік өнімнің



орташа бағасына көбейтіп те анықтауға болады. Демек, жоғарыдағы пікірге сәйкес $M \cdot V = P \cdot Q$ көріністегі Фишер теңдеуі деп аталған теңдеу пайда болады. Мұнда, M – айналымдағы ақша массасы, V – ақшаның айналу жылдамдығы, P – бірлік тауардың орташа бағасы, Q – тауар және қызметтер мөлшері. Фишер теңдеуі әрбір мемлекеттің экономикасы үшін орынды болып, оны *ақша айналымының заңы* деп те айтады.



Ақша массасы – мемлекеттегі айналымда жүрген барлық ақшалай қаржылардың жиынтығы.

Ақша айналымының жылдамдығы – ақшаның алып-сату үдерісіне қатысып, бір жыл бойына “қолдан-қолға өтуі”.



Ирвинг Фишер өз ғылыми қызметінің негізгі бөлігін экономика ғылымының тауар-ақша қатынастарына байланысты мәселелер бойынша теориялық зерттеу жүргізуге арнады.

Оның ғылыми зерттеулерді табысты жүргізуіне математикадан терең білімділігі жәрдем берді.

Ирвинг Фишер (1867-1947)

Егер мемлекет экономикасында айналымдағы ақша көлемі көбейіп кетсе, ақша айналымының заңына сай Фишер теңдеуінің тепе-теңдігін сақтау үшін не тауар мен қызметтер көлемін көбейту, не тауар мен қызметтердің орташа бағасын арттыру қажет болады. Бірақ тауар мен қызметтер көлемін бір сәтте арттырудың мүмкіндігі жоқ. Сондықтан айналымдағы ақша көлемінің артуы, әдетте, бағаның көтерілуіне алып келеді.

Экономикада орташа бағаның үздіксіз көтерілуі үдерісін *инфляция* дейді. Инфляция, сонымен қатар, мемлекет ақша бірлігінің құнсыздануына алып келеді. *Ақшаның құнсыздануы* деп, оған сатып алуға болатын тауарлар мөлшерінің кемеюін айтады. Ақшаның құны тауарлар бағасының арзан немесе қымбаттауына қарай өзгеріп тұрады. Егер баға қымбаттаса, белгілі мөлшердегі ақшаға сатып алуға болатын тауарлар мөлшері кемиді. Ал бұл ақшаның құнсыздануының белгісі болады. Керісінше, егер базардағы бағалар арзандаса, белгілі мөлшердегі ақшаға көбірек тауар сатып алуға болады. Бұл ақша құнының артқанын көрсетеді. Экономикада орташа бағалардың үздіксіз төмендеу үдерісін *дефляция* дейді. Инфляция макроэкономикалық құбылыс, ол мемлекет экономикасының барлық салаларын қамтиды. Барлық тауар және қызметтер бағаларының өсуіне алып келеді.





Инфляция төмендегі себептерге байланысты келіп шығуы мүмкін:

1. Айналымда мемлекетте өндіріліп жатқан тауар және қызметтердің құнына қарағанда көп ақша шығындауының салдарынан. Бұл жағдайда тауар және қызметтерге деген жалпы сұраныс мөлшері ұсынылып отырған тауар және қызметтер мөлшерінен көп болады. Сондықтан баға көтеріледі.

2. Тауарды өндіру үшін қажет ресурстар (еңбек ресурсы және шикізат) бағасының артуы нәтижесінде. Мәселен, еңбек ресурстарының бағасы, яғни жалақысы артса, бір жағынан тауардың бағасы асады (өйткені жалақы тауардың өзіндік құнына кіреді), ал екіншіден халықтың қолындағы ақша массасы артады.

Инфляцияны тізгіндеп тұру өте күрделі іс. Бұл іс мемлекеттің ең негізгі экономикалық міндеттерінің бірі. Инфляцияны бақылаудан тыс қалдыру, оның өсіп гиперинфляцияға айналуына соқтыруы мүмкін. *Гиперинфляция* деп бағаның шектен тыс өсуін айтады. Гиперинфляция кезінде бағалар жылына 50 еседен де көп көтерілуі байқалады.



Инфляция – мемлекеттегі орташа бағаның үздіксіз өсу үдерісі.

Инфляция дәрежесі – белгілі кезеңдегі бағалардың өсуінің пайыздардағы мөлшері.



Гиперинфляция – мемлекетте орташа бағаның шамадан тыс (жылына 50 еседен де көп) өсу үдерісі.

Инфляция туралы сөз болғанда тұтыну базарындағы бағалардың өзгеруін анықтау үшін қажет болған тұтыну бағалары индексі ұғымын енгізуіміз керек болады. Бұл индексті есептеуге орташа тұтынушы әдетте тұрақты сатып алатын тауарлардың белгілі бір, өзгермейтін жиынтығы алынады. Бұл индексті есептеуде міне осы тауарлар жиынтығының әр жылғы бағаларының жиынтығы салыстырылады. Мысалы, 2017 – 2018 жылдар бойынша тұтыну бағалары индексін анықтау үшін тауар және қызметтердің белгілі бір өзгермейтін жиынтығының 2018 жылдағы құнын 2017 жылдағы құнына бөлеміз.



Формула

P_2

P_1

Бұл жерде: I – тұтыну бағалары индексі, P_1 – базалық жылдағы тауар және қызметтердің белгілі бір жиынтығының құны, P_2 – осы жиынтықтың тексерілетін жылғы құны.

Жоғарыдағы формуладан пайдаланып әрбір жанұя өз “жанұялық” инфляциясын есептеп шығуы мүмкін. Бұл үшін отбасы бірінші жылы сатып алған тауар және қызметтердің тізімін жасап, олардың жалпы





құнын есептеп шығуы керек. Кейін дәл осы жанұя тарапынан белгілі бір тізім бойынша кейінгі жылы жаңа бағаларда сатып алынған тауар және қызметтердің жалпы құнын есептеп шығу керек. Кейінгі жыл бойынша құнды бірінші жыл бойынша есептелген құнға бөлу арқылы жанұяның “инфляциясы” есептеледі.

Мемлекет бойынша тауар және қызметтердің бағаларын бақылап тұру үшін әдетте белгілі бір тауар және қызметтер бағалары тұрақты, өзгермейтін етіп белгіленеді және осы жиынтық бойынша бағалардың өзгеруі бақыланады. Мұндай жиынтық әдетте “тұтыну қоржыны” деп аталады. Мемлекеттің даму деңгейіне қарап “тұтыну қоржынына” кіретін тауар және қызметтер де әртүрлі болады. Экономикада “минимал тұтыну қоржыны” ұғымы да бар, бұл “қоржынға” жанұяның өмір сүруі үшін ең қажет болған тауарлар мен қызметтер кіреді.



Жаттығу

Жанұяның айлық қаражаттарының 60%-ын құрайтын азық-түліктер бағасы жыл бойына 80%-ға артты. Егер басқа қаражаттар бағасы өзгермеген болса, бұл жанұя үшін жылдық инфляция дәрежесі неше пайызды құрайды?



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Мемлекетімізде бір айда ақша неше рет айналады деп ойлайсың?
2. Ақша айналымының заңын Фишер тендеуі негізінде түсіндір.
3. Мемлекетте қанша мөлшердегі ақша айналымда болуы керек?
4. Айналымда жүрген ақша мөлшеріне қандай факторлар әсер етеді?
5. Инфляцияның түпкі мәні неден құралған?
6. Дефляция ақшаның құнына қалай әсер етеді?
7. Инфляцияға соқтырушы себептер қандай? Мысалдармен түсіндір.
8. Тұтыну бағалары индексі дегеніміз не?
9. “Тұтыну қоржыны” ұғымының мағынасын сипатта.



Мұны есте сақта!

- Мемлекетте айналымдағы ақша көлемі тауарлар мен қызметтердің көлеміне сәйкес түрде өзгеріп отырады.
- Айналымдағы ақша көлемі көбейіп, бағалардың өсуі инфляцияға әкеледі.
- Инфляция нәтижесінде ақша құнсызданады.





23- ТАҚЫРЫП

ИНФЛЯЦИЯ САЛДАРЫ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Инфляция суреттегі адамдардың тұрмыстық деңгейіне қалай әсер етеді?
2. Ақшаның құнсыздануына өмірден мысал келтір.
3. Үкіметіміз тарапынан дәрігерлер мен оқытушылардың жалақысының көтерілуімен инфляция арасында қандай байланыс бар?

Инфляция жылдан-жылға өзгеріп отыратын құбылыс. Сондықтан да *инфляция деңгейі* ұғымын білу өте маңызды. Бұл көрсеткіш негізгі тауарлар мен қызметтер бағаларының өсу жылдамдығын көрсетеді. Инфляция деңгейін тұтыну бағалары индекстері арқылы есептеп шығу мүмкін.

$$\text{Мұнда, инфляция деңгейі} = \frac{NI_1 - NI_0}{NI_0}$$

Бұл формуладағы NI_0 – бірінші жылдағы тұтыну бағалары индексі, NI_1 – кейінгі жылдағы тұтыну бағалары индексі. Міне осы формула арқылы экономиканың қандай жағдайда екенін білу мүмкін.

Жоғары деңгейдегі инфляция экономика үшін өте ұнамсыз оқиға, ол мемлекеттің барлық азаматтарына кері әсер етеді. Бұл кезеңде мемлекет бюджетінен жалақы алатын қызметкерлер, оқытушылар, дәрігерлер, әскери



қызметкерлер, зейнеткерлер, сондай-ақ ақшаларын сақтық қорда жинақтап жатқан азаматтар зиян көреді. Өйткені, олардың жылдап жинақтаған ақшасы тез құнсызданып қалады. Сондықтан адамдар банктерден сақтық қорларын алып, дүкеннен тауарлар сатып ала бастайды. Нәтижеде тауар тапшылығы келіп шығуы мүмкін. Инфляция деңгейін ескерместен, ақшасын біреуге қарызға берген адамдар да инфляциядан зиян көреді.

Даму қарқынына орай инфляцияның төмендегі деңгейлері ерекшеленеді: созылмалы, жүгіруші және гиперинфляция.

Созылмалы (баяу) инфляцияда бағалардың өсуі 10 %-дан аспайды. Мұндай инфляцияны экономист ғалымдар, әдетте, экономикадағы қалыпты жағдай деп қарайды.

Жүгіруші инфляцияда бағалар 10%-дан 50%-ға дейін көтеріледі. Бұл экономика үшін қауіпті жағдай. Мұндай жағдайда мемлекет тарапынан инфляцияға қарсы жедел және қауырт шаралар көру талап етіледі.

Гиперинфляция кезінде бағалар жылына 50 еседен көп артады. Бұл өндірістік кәсіпорындардың да жұмысына кері әсер етеді. Өндіріс қарқыны төмендейді. Жасалған шарттар өз күшін жоғалтады, өйткені шарттағы бағалар шикізат жеткізіп беруші жақты қанағаттандырмайды.

Сақтық қор жинақтаушылардың банктерден жинақтаған ақшаларын шұғыл түрде қайтып алуының нәтижесінде банктер банкроттыққа ұшырайды. Ақшасы бар банктер де қарызға ақша беруге шошып қалады. Мұндай инфляция кезінде өндірілген тауарды сату да пайдасыз болып қалады. Себебі, шикізат және ресурстардың бағасы күн сайын артқандықтан тауарды сатудан түскен ақшаға тағы да сонша тауар өндіру қиын болады.

Іскерлер өндіріспен айналыспай қояды. Көптеген өндіріс орындары жабылады. Жұмыссыздар саны көбейеді. Іскерлер тек қысқа мерзімді саудамен шұғылданатын болып қалады. Өйткені бұл кезде ақша құнсызданбай тұрғанда жұмсау керек болады.



Білесің бе?

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1923 жылы Германияда бағалар 1,3 триллион есе өсіп, гиперинфляция болғаны бақыланған. 1985 жылы Боливияда инфляция дәрежесі 8000%-ға жеткен. 1993 жылы Бразилияда инфляция дәрежесі 2148 %-ды құраған. 1990 жылдың басында бұрынғы одақ республикаларының бәрінде инфляция дәрежесі жоғары болған.

Гиперинфляция кезеңінде мемлекеттің бір қалыпты экономикалық саясаты ізден шығады. Мемлекеттік бюджеттің шығыны шұғыл артады. Үкімет өз міндетіндегі әлеуметтік міндеттерді орындауға қаржы таба алмай қалады. Мемлекетте экономикалық әрі әлеуметтік дағдарыс пайда





болады. Гиперинфляцияның нәтижесінде мемлекет экономикасының барлық салалары зиян көреді. Бүгінгі күндегі гиперинфляцияға Венесуэла мемлекетіндегі жағдай айқын мысал бола алады. Бұл мемлекетте 2018 жылы, Халықаралық валюта қорының мәліметтеріне орай инфляция деңгейі 1 370 000%-ды құраған. ЖІӨ 15%-ға қысқарған, 3 миллионнан астам тұрғын гиперинфляциядан қиналып мемлекеттен шығып кеткен.

Инфляцияның алдын алуға бағытталған шараларды тек үкімет жүзеге асыруы мүмкін. Сондықтан, бұл міндет мемлекеттің негізгі экономикалық міндеттерінің бірі болып саналады. Төмендегілер үкіметтің инфляцияға қарсы шараларына кіреді:

1. Айналымдағы артықша ақша массасын кемейту. Айналымдағы ақша массасы оның айналу жылдамдығы мен өндіріліп жатқан тауар және қызметтер құнына жайлап сәйкестендіріліп барылады. Халықты сендірудің көмегімен олардың қаржыларын банктерге қоюға немесе мемлекет облигацияларын сатып алуға жұмылдырады. Халықтың банктегі сақтық қоры уақытынша “мұздатылады”. Ақша массасының кемеюі тауар және қызметтерге деген сұраныстың кемеюіне, сондай-ақ, бағалардың өсуін тоқтатып, төмендеуіне алып келеді.

2. Өндірісті ынталандыру. Мемлекет ақша массасын кемітумен бірге тауар өндіру көлемін арттыру мақсатында өндірістік кәсіпорындардың қызметін қолдайды. Оларға жеңілдетілген несиелер береді, салық жеңілдіктерін енгізеді. Нәтижеде тауар және қызметтер өндіру көлемі артып, айналымдағы ақшалар тауармен қамтылады. Тауарлар ұсынысының артуы бағаның төмендеуіне алып келеді.



БІЛІМІНДІ СЫНАП КӨР!

1. Инфляцияның кері салдарын айтып бер және түсіндір.
2. Үкімет инфляцияға қарсы қандай шаралар жасауы мүмкін?
3. Инфляция кезінде сен қаржыларыңды сақтап қалу мақсатында қандай жол таңдайтын едің? Бұл үкіметтің инфляцияға қарсы іс-шараларына сәйкес келе ме?



Білесің бе?

XV ғасыр үлкен географиялық жаңалықтар ғасыры болып, Испания мемлекетінің қазынасы Америка құрлығынан әкелінген алтын мен күміске толып кетті. Солай болса да, Испанияда бірнеше ғасырлап өзгермеген бағалар шұғыл өсе бастады. Испанияда өндірілген тауарлар бағасының өсуі, олардың Еуропа базарларынан қуылуына соқтырды. Нәтижеде Испанияның экономикасы құлдырап, біршама уақытқа Еуропаның ең төмен мемлекеттерінің біріне айналды.





Тапсырма

ИНФЛЯЦИЯДА КІМ КӨБІРЕК ЗИЯН КӨРЕДІ?


Асқар Бабаназаров 5000000 сум ақшасын 24% жылдық пайыз ставкамен банкке қойды.

Нилуфар Ергашева 5000000 сум ақшасына бағалы әшекей заттарын сатып алды.

Егамберді Есенов 5000000 сум ақшасына тұрақты шетел валютасын сатып алды.

Охунжон Салиев 5000000 сум ақшасына кірпіш зауытының акцияларын сатып алды.

Мемлекеттегі жылдық инфляция деңгейі



1. Диаграммдан мемлекетте 2002 жылдағы инфляция деңгейін анықта.
2. Бұл кезеңде жоғарыда аталған азаматтардың әр біреуіне инфляция қалай әсер еткен болатын еді? 2018 жылда-ше?
3. Олардың қай біреуі инфляциядан ең көп зиян көрген болатын еді?
4. Олардың қай біреуінің ұстанған жолын дұрыс деп ойлайсың?
5. Жалпы алғанда, жоғары деңгейдегі инфляция жағдайында қандай жол ұстанған тиімді? Ұсыныстарыңның тізімін жаса және оған шолу жаса.
6. Республикамызда кейінгі жылдардағы инфляция деңгейіне шолу жаса.



Мұны есінде сақта!

- Жоғары дәрежелі инфляция мемлекет экономикасына байқаларлық дәрежеде зиян келтіреді.
- Инфляциядан көбірек мемлекет бюджетінен жалақы алушылар мен сақтық қор жинаушылар зиян көреді.
- Инфляцияны айналымдағы артықша ақша массасын кемеіту және өндірісті ынталандыру шаралары арқылы тұрақтандыру мүмкін.





24- ТАҚЫРЫП

ЕҢБЕК БИРЖАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ



Банк қызметкері



Ғылыми қызметкер



Шаштараз



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Бұл мамандық иелерінің жалақы мөлшерін шамамен белгілеңдер және оларды кему тәртібімен орналастырыңдар.
2. Неліктен бұл мамандық иелерінің жалақы мөлшерлері әртүрлі?
3. Айлық жалақының мөлшеріне нелер әсер етеді деп ойлайсың?
4. Жұмыссыз дегенде қандай адамды елестетесің?

Адам еңбегі, оның жұмыс күші тауар болып саналады, ол еңбек базарында сатылады және сатып алынады. Базарда жұмысшы күші еңбекке жарамды адамдар тарапынан сатылады. Жұмысшы күші оған мұқтаж кәсіпорындар тарапынан сатып алынады. Демек, жұмысшы күшіне сұраныс – жұмыс беруші кәсіпорындар яғни өндірісшілер тарапынан, ал оның ұсынысы еңбекке жарамды халық тарапынан қалыптастырылады. Адамдардың жұмыс күшін пайдаланбау – бұл қоғам үшін қолдан шығарып алған мүмкіндік.



Жұмысшы күшінің ұсынысы – белгілі уақыт аралығында әр түрлі бағаларда қанша жұмысшы өз жұмыс күшін сатуға разы екенін білдіреді.

Жұмысшы күшіне деген сұраныс – белгілі уақыт аралығында түрлі бағаларда қанша жұмысшының жұмыс күшін кәсіпорындар сатып алуын білдіреді.

Жұмысшы күшіне деген сұраныс, өндірісшілер тарапынан жай ғана емес, сонымен қатар жұмысшы күшінің көмегімен өндірілген тауарға деген талаптан анықталады.

Жұмысшы күшінің бағасы оған төленетін ақша – жалақымен өлшенеді. Мұндай еңбекпен шұғылдануды қалайтындардың саны соншама көп болады. Мұны графикте көрсететін болсақ, 24.1-сызбадағыдай S сызығын сызамыз. Бұл график жұмысшы күшінің ұсыныс сызығы деп аталады. Екінші жағынан,





жұмысшы күшінің бағасы арзан болса, кәсіпорындар сонша көп жұмысшы жалдайды және керісінше жұмысшы күшінің бағасы қымбат болса, кәсіпорындар соншама аз адамды жұмысқа жалдайды. Мұны да графикте көрсететін болсақ, 24.1-сызбадағыдай жұмысшы күшіне деген сұраныс сызығы деп аталатын D сызығы пайда болады. Басқа тауарлар базарындағыдай, жұмысшы күшінің базар бағасы, оған болған сұраныс пен ұсыныстан туындайды. Жұмысшы күшіне деген сұраныстың ұсыныс мөлшеріне тең болғандағы бағасы, оның базардағы бағасын белгілейді. 24.1-сызбада суреттелген жұмысшы күшінің бағасы 850000 сумды, осындай жалақыға разы болған жұмысшылар саны 3000 адамды құрайды.

Неліктен тоқымашылық комбинатының менеджері жай жұмысшыға қарағанда көп жалақы алатынын негіздеуге тырысып көрейік. Жұмысшы мен қызметкерлердің жалақысының көп немесе аз болатыны төмендегі факторларға байланысты:

1. Жұмыс адамнан қаншама көп арнайы білім, білік және дайындықты талап етсе, ол соншама қымбат тұрады. Шындығында онша оқу мен білікті талап етпейтін жай жұмысты орындай алатын жұмысшылар өте көп. Ал арнайы білім мен ерекше басқару қабілетіне ие тәжірибелі менеджерлер аз. Сондықтан, жай жұмысшылардың жұмыс күшінің ұсынысы – S_2 , менеджер қызметкерлердің жұмыс күшіне ұсыныс – S_1 -ден көп болады. Бұл жағдайда менеджерлердің жалақысы – p_1 , жай жұмысшылардың жалақысы – p_2 -ден көп болатынын 24.2-сызбадан анықтауымыз мүмкін.


2. Жұмыстың нәтижесі, яғни оның жәрдемімен жасалған тауар сатылған соң, жұмыс берушіге қаншама көп пайда әкелсе, жұмыс та соған қарай жоғары бағаланады.

3. Жұмыс қаншалықты ауыр және адамнан көп дене күшін талап етсе, соншама қымбат болады. Мәселен, кенші зауыттың қарапайым жұмысшысынан көп жалақы алады.

4. Жұмыс қаншалықты қауіпті, денсаулыққа зиян немесе тәуекелдікті талап ететін болса, сонша қымбат бағаланады.


Еңбек базарында жұмысшы күшіне деген сұраныс пен ұсыныс

Жұмысшы күшіне деген сұраныс пен ұсыныс



Жұмысшылар саны

24.1- сызба



Жұмысшылар саны

24.2- сызба





арасындағы тепе-теңдік бірнеше факторлардың әсерінде бұзылып тұрады. Бұл факторлардың біреуі еңбек базарының басқа тауарлар базарына байланыстылығында жатыр. Мәселен, бір тауарды өндіруден гөрі басқасын өндіру пайдалы болып қалады. Еңбек базарында да осыған сәйкес түрде бірінші салада жұмысшыларды жалдау қысқарып, екінші салада жұмысшыларға сұраныс артады. Жұмысшыларға бір істен босап, екінші жұмысқа кіру қажеттігі туады. Олар басқа сала бойынша тауар өндіру тәжірибесін меңгеріп, оған бейімделіп, яғни жұмысшы күшінің ұсынысы жаңа сұранысқа сәйкестенгенше еңбек базарындағы тепе-теңдік бұзылады. Адамдар жұмыс істегісі келсе де, өздеріне лайықты жұмысты таба алмайды. Нәтижеде, жұмыссыздар пайда болады.



Жаттығу Еңбек базарындағы жұмысшы күшіне деген сұраныс пен ұсыныс төмендегі кестеде берілген:

Жалақы	Жұмысшы күшіне сұраныс	Жұмысшы күшіне ұсыныс
1 300 000 сум	300	100
1 600 000 сум	200	200
1 900 000 сум	100	300

Жұмысшы күшінің базардағы бағасын тап.

Жұмыссыздықтың шығу себептеріне қарай төмендегі түрлерге бөлінеді:

1. Фрикциялық жұмыссыздық. Бұл жұмыссыздық адамдар бір жұмыстан босап, екінші жұмысқа орналасып жатқан кезде пайда болады. Сондай-ақ, мұндай жұмыссыздық жастардың кәмететке толып немесе оқу орнын бітіріп, бірінші рет жұмыс іздестіріп жүрген кезінде де пайда болады.

2. Маусымдық жұмыссыздық. Маусымдық жұмыстардың бітуі нәтижесінде болатын жұмыссыздық маусымдық жұмыссыздық деп аталады. Мәселен, қыс айларында ауыл шаруашылығы жұмыстары тоқтап, қыстақтарда көпшілік жұмыссыз қалады.

3. Құрамды жұмыссыздық. Бұл жұмыссыздық мемлекет экономикасындағы құрамды өзгерістердің нәтижесінде пайда болады. Мемлекет экономикасындағы ескі салалар қысқарып, орнына жаңа салалардың пайда болуы, жаңа экономикалық аумақтардың пайда болуы, өндірісте жаңа технологиялардың қолданылуы, жаңа кәсіп иелеріне, жаңа дағдыға ие болған мамандарға деген сұранысты тудырады. Еңбекке жарамды халық жаңа сұранысқа үйренгенше құрамды жұмыссыздық пайда болады.

4. Кезеңді жұмыссыздық. Мемлекет экономикасының кезеңді өзгеруіне байланысты жұмыссыздық кезеңді жұмыссыздық деп аталады. Кезеңді жұмыссыздық мемлекет экономикасының барлық салалары дағдарысқа ұшырағанда пайда болады. Бұл кезде экономикалық белсенділік төмендейді,





жалпы сұраныс кемейеді. Ал бұл, сондай-ақ, жұмыссыздық дәрежесінің шұғыл өсуіне себеп болады. Мемлекет экономикасы өсе бастаған кезде еңбек ресурсына жалпы сұраныс артады. Бұл жұмыссыздық дәрежесінің төмендеуіне алып келеді және тағы сол сияқты. Мұндай көріністегі жұмыссыздық кезеңді түрде біресе өсіп, біресе төмендеп тұрады. Кезеңді жұмыссыздық қоғам үшін өте ауыр болады. Кезеңді жұмыссыздықтың ұзақ уақыт жалғасуы экономиканы тұрақсыздандырып, оның салдары бүкіл қоғамға кері әсер етеді.

Жұмыссыздық мемлекетте жұмыс істеуге қабілетті, белгіленген жалақыға еңбек етуді қалайтын және жұмыс іздеп жүрген азаматтардың болуымен белгіленеді. Еңбек етуге қабілетті тұрғындар дегенде 16 жастан асқан (республикамызда 16 жастан бастап еңбек етуге заң бойынша рұқсат берілген) және еңбек етуге қабілетті адамдарды ұғамыз. Мемлекеттің барша еңбек етуге қабілетті буыны оның еңбек ресурстарын құрайды. Мемлекеттің еңбек етуге қабілетті буыны қатарынан өз еркімен жұмыс істемей жүрген және жұмыс іздемегендер, үй бикелері шығарылса, мемлекеттің еңбек ресурстары пайда болады. Сөйтіп мемлекеттегі еңбек ресурсы — жұмыспен қамтылған және жұмыспен қамтылмағандарды құрайды. Мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейі жұмыссыздар санының мемлекеттегі еңбек ресурстарының жалпы санымен салыстырмалы түрде пайыз көлемімен өлшенеді.



Жұмыссыздар – мемлекеттің жұмысқа жарамды, белгіленген жалақыға жұмыс істеуге разы, бірақ жұмыс таба алмаған немесе жұмыс іздеп жүрген азаматтары.

Еңбек ресурстары – мемлекеттің барлық еңбекке қабілеті адамдары.

Жұмыссыздық дәрежесі – мемлекеттегі жұмыссыздар санының мемлекет жұмысшы күшінің жалпы санына салыстырғандағы пайыз мөлшері.



Формула

$$\text{Жұмыссыздық дәрежесі} = \frac{\text{Жұмыссыздар саны}}{\text{Жұмысшы күші саны}} \cdot 100 \%$$



БІЛІМДІ СЫНАП КӨР!

1. Еңбек базарында сұраныс пен ұсыныс қалай қалыптасады?
2. Еңбек базарының басқа базарлардан өзгеше жақтарын айтып бер.
3. Жалақы мөлшеріне нелер әсер етеді?
4. Компьютер бағдарламашысы, ғалым, трамвай жүргізушісі, кәсіби теннисші, медбике, зауыт директорының айлық жалақылары қалай белгіленеді?
5. Жұмыссыздықтың шығу себептерін санап шық және түсіндіріп бер.
6. Жұмыссыздықтың әр түріне мысал келтір.





25- ТАҚЫРЫП

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Жоғарыдағы кестеде жұмыс беруші кәсіпорын-фирмалар мен онда жалданып жұмыс істейтін жұмысшылар арасындағы келіспеушілік көрсетілген.

1. Сен жұмыс беруші ретінде бұл келіспеушіліктің алдын қалай алған болар едің?
2. Сен жұмысқа жалданушы ретінде өз мүдделеріңді қалай қорғаған болар едің?
3. Сен мемлекет уәкілі ретінде бұл келіспеушілікті қалай шешкен болар едің?
4. Кәсіподақ ұйымдары туралы не білесің?

Жұмыссыздық түрлерінің ең зиян келтіретіні – кезеңді жұмыссыздық. Мұндай жұмыссыздық тек жеке тұлғаға емес, тіпті бүкіл мемлекеттің экономикасына, жалпы қоғамға кері әсер етеді. Мемлекетте кезеңді жұмыссыздықтың пайда болуы экономикаға үлкен кері әсерін тигізеді. Тәуелсіздік жылдарының басында елімізде пайда болған жағдай бұған мысал бола алады. Бұрынғы одақтан қалған мешеу аграрлық экономика,



бұрынғы экономикалық байланыстардың үзіліп қалуы, өндіріс көлемінің шұғыл кемейіп кетуі, республикамыз экономикасының жаңа базар экономикасына өтуіне байланысты терең экономикалық және әлеуметтік өзгерістер мемлекетімізде кезеңді жұмыссыздықты келтіріп шығарды. Кезеңді жұмыссыздық кезінде зауыт және фабрикалар тоқтайды. Мыңдаған адамдар қыстақтан қалаға, бір қаладан екінші қалаға жұмыс іздеп барады. Бағалардың өсуі, тұрмыс жағдайының ауырлауына байланысты бұрын жұмыс істемей отырған үй бикелері, зейнеткерлер және студенттер де жұмыс іздей бастайды. Нәтижеде, еңбек базарындағы тепе-теңдік бүкіл мемлекет шеңберінде бұзылады. Сондықтан мұндай жұмыссыздықтың алдын алу мемлекеттің ең басты экономикалық және әлеуметтік міндеттерінің бірі саналады.

Жұмысшы күші базарындағы тепе-теңдікті реттеу мемлекеттің ең өзекті міндетінің бірі. Базар экономикасы жағдайында еңбек ресурстарының негізгі көзі тұрғындарды жұмыссыздықтан қорғау бойынша дәйекті жұмыстар жүргізіледі.

Бұл жұмыспен еңбек биржалары айналысады. *Еңбек биржасы* – жұмыс беруші кәсіпорындар мен жұмыс іздеп жүрген адамдар арасындағы делдалдық жасайтын мемлекеттік ұйым. Еңбек биржасы жұмыссыздарды тіркеуге алады, кәсіпорындардағы бос жұмыс орындарын анықтайды және жұмыс іздеп жүрген адамдарды осы кәсіпорындарға жұмысқа орналастырады. Еңбек биржасымен байланысқан жұмыссыздарға мамандығы бойынша жұмыс табылмаса “жұмыссыз” деген статус беріледі және белгілі бір уақытқа дейін жұмыссыздық төлемімен қамтамасыз етіледі.

Кейбір жағдайларда, жалдамалы жұмысшылар және жұмыс беруші арасында айлық жалақы мөлшері, жұмыс жағдайлары мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде келіспеушіліктер туындайды. Жалдамалы жұмысшылар өз мүдделерін қорғау мақсатында кәсіподақ ұйымдарына бірігеді. *Кәсіподақ ұйымдары* беймемлекеттік, қоғамдық ұйым, өз мүшелерінің мүддесін қорғайды.

Кәсіподақ ұйымының мақсаттары мынадай:

1. Кәсіподақ ұйымдары мүшелерінің экономикалық, әлеуметтік, кәсіптік тұрмыстық сұраныстарын қорғау. Олардың тұрмыстық деңгейінің көрсеткіштерін арттыруға күресу.
2. Кәсіподақ ұйымдарының мүшелері атынан басқару органдары алдында өкілдік функцияларын жүзеге асыру.
3. Кәсіподақ ұйымдарының мүшесі болған жұмысшылардың өмір сүру сапасының өлшемдерін барынша көтеруге ұмтылу.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіподақ ұйымдары төмендегі міндеттерді жүзеге асырады:



1. Лайықты және әділ жалақы, зейнетақы және әлеуметтік зейнетақымен қамтамасыз етуге ұмтылу.

2. Жұмысшылар мен қызметкерлердің мүдделерін қорғау мақсатында түрлі деңгейдегі келіссөздерге қатысу.

3. Еңбек етушілердің білім және медициналық қызметті пайдалану кепілдігін қамтамасыз етуге әрекет ету.

4. Жұмыс берушілер тарапынан Өзбекстан Республикасының заңдары, жарлық, қаулы, тағы басқа нормативтік құжаттар талаптарына мойынсұну бойынша бақылауды жүзеге асыру.

5. Кәсіподақ ұйымдары мүшелерін заңсыз жұмыстан босатылудан қорғау.

6. Азаматтардың жұмыспен қамтамасыз етілгені бойынша бақылау жүргізу.

7. Жұмыстан босағандар бойынша барлық келісімшарттық кепілдіктерге мойынсұнылуын қамтамасыз ету.

8. Еңбек етушілердің жұмыс орындарында еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі талаптарын бақылау.

Әрбір мемлекетте жұмыссыздық ділгірлігі болады, одан мүлдем құтылудың лажы жоқ. Мемлекеттегі фрикциялық және құрамды жұмыссыздық түрлерінің болуы экономикада үлкен өзгерістер жасамайды және қоғам үшін белгілі бір мағынада табиғи бір жәйт есептеледі. Мемлекетте тек фрикциялық және құрамды жұмыссыздық болған жағдай *толық жұмысбастылық* деп аталады. Ал бұл кездегі жұмыссыздық дәрежесі *табиғи жұмыссыздық дәрежесі* болады. Бір есептен мемлекетте табиғи жұмыссыздық болғаны да мақұл. Өйткені мұндай жұмыссыздардың болуы жұмысбасты халықты жақсырақ жұмыс істеуге жетелейді. Жұмыссыздарды қол бос жүрмей, біліктілігін арттырып, жылдам жұмыс табуға мәжбүр етеді. Мемлекеттегі табиғи жұмыссыздық деңгейінің 4-5 пайыз болуы қалыпты жағдай саналады.



Табиғи жұмыссыздық дәрежесі – мемлекетте тек фрикциялық және құрамды жұмыссыздық болған жағдайдағы жұмыссыздық дәрежесі.

Толық жұмысбастылық – мемлекетте тек табиғи жұмыссыздық жағдайындағы жұмысбастылық.



Жаттығу

Мемлекетте табиғи жұмыссыздық дәрежесі 5 пайызды, жалпы жұмыссыздық дәрежесі 10 пайызды құрайды. Фрикциялық және құрамды жұмыссыздық мемлекеттің 1 миллион адамын қамтитын болса, мемлекетте қанша жұмыссыздар барын анықта.

Мемлекет еңбек ресурстарын реттеу және жұмыссыздықтың алдын алу





мақсатында мақсатында мынадай шараларды жүзеге асырады:

– мемлекетте қанша жұмыс орны бар, қанша адам жұмысбасты, қанша адам жұмыссыз, еңбек базарында қандай өзгерістер болуы мүмкін деген сияқты сұрақтарға жауап табады;

халықты жұмыспен толық қамтамасыз ету бағдарламаларын жасайды, іскерлікті пайдаланып, қосымша жұмыс орындарын ашады;

– халықты кәсіпке бағдарлау, жұмыс орындары туралы мәліметтерді жеткізу және үгіт-насихат жұмыстарымен шұғылданады;

– экономика үшін қажет мамандар мен жұмысшы кадрларды дайындау, қайта дайындау және білімін жетілдіру жұмыстарын жүзеге асырады;

– адамдарды жұмысқа орналастыру мәселелерімен шұғылданады;

– халықты әлеуметтік қорғау шараларын қарастырады, жұмыссыздықты тіркеуге алады және жұмыссыздық төлемдерін береді.



Еңбек биржасы – жұмыс беруші кәсіпорындар мен жұмыс іздеп жүрген адамдар арасындағы делдалдық жасаушы мемлекеттік ұйым.

Кәсіподақ ұйымы – жалданбалы жұмысшылардың мүддесін жұмыс берушілер және үкімет алдында қорғайтын беймемлекеттік қоғамдық ұйым.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Жұмыссыздықтың кері жақтарын айтып бер.
2. Жұмыссыздықтан қай жастағы адамдар көбірек зиян көреді? Неге?
3. Толық жұмысбастылық дегенде нені түсінесің?
4. Табиғи жұмыссыздық дәрежесі қалай өлшенеді?
5. Жұмыссыздық дәрежесін қысқарту шараларына мысал келтір.
6. Үкіметтің жұмыссыздыққа қарсы шараларын сипаттап бер.
7. Жұмыссыз деген статусты алу шарттары нелерден құралған?
8. Еңбек биржаларының қызметін түсіндіріп бер.
9. Кәсіподақ ұйымдары не үшін құрылады?



Мұны есінде сақта!

- Мемлекетте тек фрикциялық және құрамдық жұмыссыздық болған жағдай – толық жұмысбастылық деп аталады.
- Мемлекетте табиғи жұмыссыздық дәрежесінің 4–5% болуы қалыпты жағдай саналады.
- Жұмыссыздықтың алдын алу мәселелерімен үкімет шұғылданады.
- Жұмысшы және қызметкерлердің мүдделерін кәсіподақ ұйымдары қорғайды.





V ТАРАУДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

А. СҰРАҚТАР

1. Инфляцияның мәнін түсіндіріп бер.
2. Инфляцияның қандай түрлері бар?
3. Инфляцияның келіп шығу себептері және салдары туралы не білесің?
4. Жалақының мөлшеріне әсер етуші факторларды санап бер.
5. Жұмыссыздық және оның шығу себептерін айтып бер.
6. Жұмыссыздықтың түрлері бір-бірінен қалай өзгешеленеді?
7. Жұмыссыздық салдары туралы не білесің?
8. Үкіметтің әлеуметтік қорғау құралдарын айтып бер.
9. Кәсіподақ ұйымдарының экономикалық қатынастардағы орны қандай?

Б. ТАПСЫРМАЛАР

Әрбір атауға сай ұғымын тап.

АТАУЛАР:

1. Ақшаның массасы.
2. Ақша айналу жылдамдығы.
3. Инфляция
4. Инфляция дәрежесі.
5. Жұмыссыздар.
6. Жұмыссыздық дәрежесі.
7. Жұмысшы күші ресурстары.
8. Кәсіподақ ұйымы.
9. Гиперинфляция.

ҰҒЫМДАР:

- а) мемлекеттегі орташа бағаның үздіксіз өсіп баруы;
- б) мемлекетте орташа бағаның шектен тыс өсу үдерісі;
- в) ақшаның жыл бойы қолдан-қолға өту саны;
- г) белгілі кезеңдегі бағалардың өсуінің пайыз мөлшері;
- д) мемлекеттің жұмысқа жарамды, белгіленген жалақыға істеуге разы, бірақ жұмыс таба алмаған немесе жұмыс іздеп жүрген азаматтары;
- е) мемлекеттің жалпы еңбекке қабілетті халқы;
- ж) жұмысшылардың мүдделерін қорғайтын беймемлекеттік қоғамдық ұйым;
- з) мемлекеттегі жұмыссыздар санының, мемлекет жұмысшы күшінің жалпы санымен салыстырғандағы пайыз мөлшері;
- и) мемлекетте айналымда жүрген барлық ақшалай қаржыларының жиынтығы.

Д. 113- бет V тарау титулындағы суреттер бойынша

Суреттердің қайсысы қандай тақырыпқа тиісті екені айт. Суреттер негізінде тақырыптардың мазмұнын сипатта.





10. Еңбек базарында сатушылардың бірі бұл:

- А) үкімет;
Б) кәсіпорын;
Д) жұмысшы;
Е) еңбек биржасы.

11. Қандай жағдайда ақшаның құны артады?

- А) Инфляция кезінде;
Б) Гиперинфляция кезінде;
Д) Ақша тез айналса;
Е) Тауар және қызмет өндіру көлемі өссе.

12. Дұрыс емес жауапты тап?

- А) Айналымдағы ақша мөлшерінің көбеюі, бағалардың көтерілуіне алып келеді;
Б) Айналымдағы ақша мөлшерінің көбеюі, бағалардың түсуіне алып келеді;
Д) Тауар бағасы арзандаса, ақшаның құны артады;
Е) Инфляцияны қадағалау үкіметтің негізгі міндеті.

13. Кәсіподақ ұйымдары кімнің мүддесін қорғайды?

- А) Үкіметтің; Б) Жұмыс берушінің;
Д) Жалданбалы жұмысшылардың; Е) Өндірісшілердің.

14. Еңбек биржасы...

- А) жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз етеді;
Б) жұмысшылардың мүдделерін қорғайды;
Д) жұмыс берушілердің мүдделерін қорғайды;
Е) жұмыс беруші және жұмыс іздеп жүргендердің арасында делдалдық етеді.

15. Мемлекеттің әлеуметтік қорғау іс-шараларына нелер кіреді?

- А) Еңбек базарын әрдайым талқылап отыру;
Б) Халықты іспен қамтамасыз ету бағдарламасын жасау;
Д) Жұмыссыздарды тіркеуге алу және жәрдемақымен қамтамасыз ету;
Е) Жоғарыдағылардың барлығы.

16. Жұмыссыздықтың қай түрі мемлекет экономикасына үлкен әсер етеді?

- А) Фрикциялық жұмыссыздық; Б) Маусымдық жұмыссыздық;
Д) Құрамды жұмыссыздық; Е) Кезеңді жұмыссыздық.

17. Ақшаның айналым жылдамдығы қай формуламен табылады?


- А) $V = M/P \cdot Q$; Б) $V = P \cdot Q/M$;
Д) $V = P \cdot Q \cdot M$; Е) $V = M \cdot Q/P$.

18. Жұмыссыздық дәрежесі деген не?

- А) Жұмыссыздар санының жұмысшы күшімен салыстырғандағы пайыз мөлшері;
Б) Жұмысбастылар санының жұмысшы күшімен салыстырғандағы пайыз мөлшері;
Д) Еңбекке жарамды халықтың жұмысшы күшімен салыстырғандағы пайыз мөлшері;
Е) Жұмыссыздар санының жұмысбастылар санымен салыстырғандағы пайыз мөлшері.

Экономикамызды әлемдік базарға интеграциялау және экспортты қолдап-қуаттау үстем міндет.

Шавкат Мирзияев



VI тарау. Әлемдік экономика





26- ТАҚЫРЫП

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА



1

1- мемлекетте

2- мемлекетте

Өндірістік
қаражаттар (шартты
ақша бірлігінде)

1 литр жеміс
шырыны

1 дана
фотоаппарат

2000

16000

2000

20000

2

Фотоаппараттың
баламалы құны

Фото
аппарат

Жеміс
шырыны

1- мемлекетте

1 дана

2- мемлекетте

1дана

3

Жеміс шырынының
баламалы құны

Жеміс
шырыны

Фотоаппарат
(данада)

1- мемлекетте

1 литр

2- мемлекетте

1литр



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Айталық, бірінші елде бір литр жеміс шырынын өндіру 2000 шартты ақша бірлігіне, ал екінші елде 2000 шартты ақша бірлігіне түседі. Бірінші елде бір фотоаппарат өндіру 16000 шартты ақша бірлігіне, ал екінші елде 20000 ақша бірлігіне түседі (1-кесте).

1. Әрбір мемлекетте бір фотоаппарат және 1 литр жеміс шырынын өндірудің баламалы құнын анықта, кестелерді толтыр.
2. Баламалы құн жайындағы бұл кестелер негізінде әрбір мемлекет қай өнім түрін өндіруі мақсатқа сай болатынын анықта.
3. Мұндай маманданудан кез келген мемлекет қандай мүдде көреді?

Бұрынғы замандардан бері мемлекеттер бір-бірімен өзара сауда жасап келеді. Мұны еліміздің аумағынан өткен Ұлы Жібек жолынан-ақ көруге болады. Әлемдік экономика туралы сөз болғанда, экономикалық қарым-қатынастармен өзара байланысқан мемлекеттер арасындағы тұрақты тауар-ақша айналымы жүйесін ұғамыз. Әлем базары ең алғаш аз санды мемлекеттермен сауда-саттық жолға қойылған кезеңдерде қалыптаса



бастаған. Қазіргі күнде әлем базарына қатыспайтын мемлекеттің өзі жоқ есебі. Әлемдік экономика негізінде мемлекеттер арасында мамандану үдерісі өте тереңдеді. Әлем базары ішінде тауар, еңбек ресурстары, капитал және валюта базарлары қалыптасты. Әлемдік экономикада дамыған елдер жетекші орын иелейді. Олар көбінесе дайын өнімдер және технологиялармен қатысады. Дамушы мемлекеттер көбінесе шикізат және еңбек ресурстарымен әлемдік экономикаға қатысады. Бірақ кейінгі жылдары Қытай, Үндістан сияқты дамушы елдердің дайын өнімдері мен технологиялары да жетекші орындарды иелеуде.

Бір мемлекетте мұнай кені бар, екіншісінде жоқ. Екінші мемлекетте темір кені көп те, біріншісінде жоқ. Табиғи ресурстардың осындай біркелкі орналаспауы бұл мемлекеттердің өзара сауда жасауына себепші болады.

Ресейде орман көп болғандықтан ағаш өндірісі дамыған. Өзбекстанның табиғи климаты мақта өсіруге өте қолайлы, республикамызда мақта шаруашылығы дамыған. Мақтаны Ресейдің жылы, оңтүстік аумақтарында өсіруге болады. Бірақ өнімділік өте төмен болады. Ал Өзбекстанда жаңа орман өсіру өте қымбатқа түседі. Демек, Өзбекстан мақта өсіруде, ал Ресей ағаш өндірісінде абсолютті үстемдікке ие. Сондықтан Ресей экономикасы ағаш өндірісіне, ал Өзбекстан экономикасы мақта шаруашылығына мамандандырылған. Яғни, әр мемлекет біршама арзанға түсетін өнім түрін өндіреді де бір-бірімен айырбастайды. Мұндай маманданудан екі мемлекет те пайда табады және сол үшін де өзара сауда жасайды. Абсолютті үстемдік қағидаты негізінде мемлекеттердің мамандануы дүние жүзіндегі бар ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануға алып келеді. Соған орай әрбір мемлекет қайсы тауарды басқа мемлекетке қарағанда аз ресурстар жұмсап өндіре алса, сол тауарды шығаруға мамандануы керек.

Абсолютті үстемдік теориясын Адам Смит нақты сипаттап берген. Ол бойынша, мемлекеттер өздерінде басқа елдердегімен салыстырғанда аз қаражат жұмсап өндірілетін тауарларды экспорттайды, басқа мемлекеттерде өздеріндегімен салыстырғанда аз қаражат жұмсап өндірілетін тауарларды импорттайды.



Абсолютті үстемдік – біркелкі мөлшердегі ресурстарға ие болған мемлекеттердің біреуінің сол ресурстар жәрдемімен басқаларына қарағанда көп өнім өндіре алу мүмкіндігі.

Кейбір жағдайларда екі мемлекеттің біреуі айтылып жатқан екі салада да абсолютті үстемдікке ие болады. Төмендегі кестеге назар аударайық:





	Өндіріске кеткен жұмыс күшінің қаражаты (сағатта)	
	1-мемлекетте	2-мемлекетте
Пластмасса ыдыс	10	20
Электр лампочкасы	30	40

Кесте бойынша 1-мемлекетте бір дана электр лампочкасы мен бір дана пластмасса ыдыс шығаруға 2-мемлекетке қарағанда кем жұмыс уақыты жұмсалады, яғни 1-мемлекет бұл салаларда абсолютті үстемдікке ие. Бірақ 1-мемлекетте электр лампочкасын шығарудың өзіндік құны $30 : 10 = 3$ дана пластмасса ыдысты, ал 2-мемлекетте $40 : 20 = 2$ дана пластмасса ыдысты құрады. Демек, 2-мемлекет электр лампочкасын өндіруде 1-мемлекетке қарағанда салыстырмалы үстемдікке ие екен. Екінші жағынан, 1-мемлекет пластмасса ыдыс шығаруда 2-мемлекетке қарағанда салыстырмалы үстемдікке ие. Өйткені бір дана пластмасса ыдыс шығарудың баламалы құны 1-мемлекетте $10 : 30 = 1/3$ электр лампочканы, ал 2-мемлекетте $20 : 40 = 1/2$ электр лампочканы құрайды. Сондықтан, егер 1-мемлекет пластмасса ыдыс шығаруды өзінде ұйымдастырып, 2-мемлекетке сатса және электр лампочкасын 2-мемлекеттен сатып алса пайдалырақ болады. Өйткені электр лампочкасын өндірудің баламалы құны 1-мемлекетте 2-мемлекетке қарағанда жоғары. Сол себепті 2-мемлекет электр лампочкасын өзінде шығаруды ұйымдастырып, 1-мемлекетке сатса және пластмасса ыдысты 1-мемлекеттен сатып алса тиімді болады. Демек әрбір мемлекет өзіндік құны басқа мемлекеттердегіге қарағанда кем болған тауарларды өндіріп, шетке сатуы қажет. *Салыстырмалы үстемдік теориясын* ағылшын экономист ғалымы Давид Рикардо ашқан.



Давид Рикардо
(1772 – 1823)

Ағылшын ғалымы Давид Рикарданың үлкен еңбегі «Саяси экономика және салық салу ережелері» деп аталады. Рикардо экономика әлемінде Адам Смиттен кейінгі ең танымал ғалым. Рикардоның ғылыми зерттеулері халықаралық экономикадағы сауда еркіндігі мәселелеріне арналған. Ол қазіргі заман экономистері салыстырмалы үстемдік ережелері деп атайтын концепцияны бірінші болып айтқан. Рикардо ғалым ретінде халықаралық сауданы тарифтер мен жасанды тосқауылдардан мүмкіндігі барынша еркін ұстау мемлекеттер экономикасы үшін пайдалы екенін негіздеп берген.





Мемлекетте өндірілген тауар және қызметтерді шет елдерге сату *экспорт* деп аталады. Ал тауар және қызметтерді шетелдерден сатып алуды *импорт* дейді. Мемлекеттің импорт және экспорт жасаған тауар және қызметтері құндарының жиынтығы *сыртқы сауда* көлемін анықтайды. Сыртқы сауда көлемі мемлекеттің халықаралық сауда барысына қаншалық қатысып жатқанын білдіреді. Мемлекеттің халықаралық саудаға қатысуының нәтижелілігін импорт және экспорт көлемдерін салыстырумен анықтауға болады. Мемлекеттің экспорты және импорты көлемінің арасындағы айырма *сыртқы сауда балансын* анықтайды. Егер мемлекеттің шетке сатып жатқан экспорттық тауар және қызметтері көлемі мемлекетке келіп жатқан импорт тауар және қызметтері көлемінен көп болса, сыртқы сауда балансы оң болады. Әйтпесе, сыртқы сауда балансы теріс болып, халықаралық саудада ділгірліктер пайда болады. Себебі тауарларды шетке сатудан түскен шетел валюта мөлшері шеттен әкелініп жатқан тауарларды сатып алуға жетпей қалады. Соның салдарынан сыртқы саудада валюта тапшылығы пайда болады.



Экспорт – мемлекетте өндірілген және шетел мемлекеттеріне сатылған тауар және қызметтер.

Импорт – шет мемлекеттерден сатып алынған тауар және қызметтер.

Сыртқы сауда көлемі – мемлекеттің импорт және экспортын қамтитын тауар және қызметтердің жалпы құны.

Сыртқы сауда балансы – мемлекеттің экспорт және импорт көлемінің арасындағы айырмашылық.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Мемлекеттер арасындағы сауданың маңызы неде?
2. Абсолютті және салыстырмалы үстемдік қағидатының ерекшелігі неде?
3. Мемлекетіміз қай тауарды өндіруде ТМД елдеріне қарағанда абсолютті үстемдікке ие?
4. Импорт және экспорттың бір-бірінен айырмашылығы неде?
5. Мемлекеттің сыртқы сауда көлемі неден құралады?
6. Мемлекеттің сыртқы сауда балансы қашан теріс, қашан оң болады? Бұлардың қайсысы мемлекет үшін пайдалы?



Мұны есте сақта!

- Барлық мемлекеттер әлемдік базардан пайдаланудан мүдделі.
- Әлемдік базарда мемлекеттердің кейбірі өзгелерінен үстемдікке ие болады.
- Мемлекет үнемі өз экспортын импортынан көбірек етуге ұмтылады.





27- ТАҚЫРЫП ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР



Халықаралық бизнес орталығында экономикалық ынтымақтастық бойынша өзбек-корейс жиналысы өтті.

Жиналыс барысында тараптар Экономикалық тұрақтылық және ынтымақтастық қорының 2018-2020 жылдарға арналған кредиттері бойынша жобаларды жүзеге асыру туралы пікір алысты. Жобалар бағдарламасының жалпы көлемі 500 млн. долларға тең.

Тараптар Ташкентте Кореяның озат технологиялар институтымен бірге оқу-практикалық тоқымашылық технопаркін құру жобасын өз уақытында жүзеге асыру, өзбек-корейс бизнес орталығын ашу бойынша мәселелерді талқылады.

Сонымен қатар тараптар балалар көптармақты медициналық орталығын құру жобасын қарады.

Мәжілісте тағы Өзбекстанда Корейс мәдениеті және өнері үйін ұйымдастыру мәселесін де талқылады.

? БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Корея Республикасы Өзбекстанда жоғарыда келтірілген жобаларды жүзеге асырудан қандай мүдде табады деп ойлайсыңдар?
2. Өзбекстан Республикасы бұл жобаларды қандай мақсаттарды көздеп жүзеге асыруда?
3. Шағын бизнес субъектілері дәрежесіндегі өзара байланыстардың қандай өзіндік артықшылықтары бар?
4. Жоғарыда келтірілген қатынастар халықаралық өзара мүдделі экономикалық қатынастарға мысал бола ала ма? Жауабыңда негізде.





5. Жоғарыдағы суреттер негізінде Өзбекстан және Оңтүстік Корея арасындағы экономикалық қатынастар жайлы мәтін дайында.

Бүгінгі жаһанданған заманда халықаралық экономикалық қатынастарды жолға қоймайынша, даму мүмкін емес. Әлемде жаһандану дәрежесі толассыз артқан жағдайда халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың маңызы да арта бермек. Елден елге тек тауарлар ғана емес, жұмысшы күші, капитал және технологиялар ағыны жылдан жылға артып келеді. Ірі компанияларға бір елдің аумағы тарлық етуде, сондықтан да олар трансұлттық корпорацияларға айналууда.

Халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дер кезінде дұрыс жолға қойып алу кез келген ел үшін ең күшті қажеттілікке айналды.

Өзбекстанда әлемдегі ең дамыған елдермен екіжақты және көпжақты экономикалық байланыстарды нығайту барысында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды. Ал бұл, өз кезегінде, елімізге үлкен көлемдегі инвестициялардың кіріп келуіне, үлкен зауыт-фабрика және ірі өндірістік кешендер салынуына мүмкіндік беруде.

Жалпы айтқанда, дүниежүзі базарлары да мемлекеттердегі ішкі базарлар сияқты барша үшін ашық бәсеке ортасы болуы керек. Бірақ, өкінішке орай, іс жүзінде дүние жүзі базарындағы жағдай басқаша. Кейбір мемлекеттер өзінің ішкі базарларын, өз өндірісін шет ел фирмаларымен болатын бәсекеден қорғау мақсатында сыртқы саудаға кедергілер, шектеулер енгізеді. Мұндай сауда кедергілеріне төмендегілер жатады:

1. Тарифтер (кеден салығы) – мемлекет шекарасынан өткенде алып келе жатқан тауар немесе қызмет үшін төленуі шарт салық төлемі. Кеден салығы импорт тауарлардың бағасының өсуіне алып келеді. Мемлекет тарифтердің көмегімен жергілікті өндірісшілерді қорғайды. Сондай-ақ, мемлекет кеден салығын бюджетті толтыру үшін де пайдаланады.

2. Квота – мемлекеттің ішкі базарына шеттен келіп жатқан немесе одан алып шығып кетіп жатқан тауар мен қызметтер көлеміне мемлекет тарапынан қойылған жоғары шекара. Егер квота белгілі тауар импортына қойылған болса, мемлекетке сол тауардан одан көп алып келуге болмайды.

3. Сыртқы сауда лицензиясы және басқа кедергілер – мемлекетке арнайы рұқсат лицензиясыз немесе мүлдем тегін алып кіруге және алып шығуға тыйым салынған тауар және қызметтер тізімін енгізу сияқты кедергілер. Мысалы, Ұлыбританияға көмір экспорттау мүмкін емес. Шет ел валюталарының еркін айырбасталуын шектеу де шет ел фирмаларының ішкі базарға кіріп келуін шектейді.





Мемлекет ұлттық өндірісшілерді қолдау мақсатында жеңілдетілген несие және салық жеңілдіктерін беріп, мемлекетте өндірілген өнімдердің шеттен әкелінген өнімдерден арзан болуын қамтамасыз етуі мүмкін. Үкімет тарапынан қойылған мұндай шектеулер мен шаралар *протекционизм* деп аталады. Мұндай саясат, экономиканың құлдырауынан соң қайта қалпына келтіріліп жатқан кездерінде, уақытша мәжбүри шара ретінде қолдануы мүмкін. Бірақ кейінгі кездерде сыртқы саудаға бір мемлекет қойған кедергіге жауап ретінде басқа мемлекеттердің қарсы шаралар қолдану жәйттері жиі-жиі кездесіп қалады. Мәселен, 2018 жылы АҚШ болат өндіретін жергілікті компанияларды қолдап-қуаттау мақсатында, болаттың импорттық бажын 25% белгіледі. Бұған жауап ретінде, Ресей жол-құрылыс техникасы, мұнай-газ қондырғылары және оптикалық талшықты импорттауға 25-40% баж белгіледі. *Сыртқы сауданы еркіне жіберу* дегенде оған қойылған шектеулерді жеңілдетіп, кейіннен түгелдей алып тастау түсініледі. Бүгінде республикамыз сыртқы сауданың еркін нарық қатынастары жолынан баруда.

Сыртқы сауданы шектеу бойынша мемлекеттер арасындағы “қақтығыстарда” екі жақ та жеңілетіні белгілі. Сондықтан, мемлекеттердің дүние жүзілік базарын ынтымақтастықта – келіскен күйде басқару мақсатқа сай болады. Осы мақсатта 23 мемлекет 1947 жылы ГАТТ – Сауда және тарифтер туралы бас келісімге қол қойды.

Бұл келісімге қосылған мемлекеттер өзара тең жағдайда сауда жасауға, импорт квоталарын жоққа шығаруға, кеден салықтарын азайтуға келісіп алды.



Тариф (кеден салығы) – мемлекет шекарасынан өтіп жатқанда алып келе жатқан тауар үшін төлеу қажет болған салық төлемі.

Квота – мемлекетке шеттен әкелінетін немесе шетке алып шығып кетіп жатқан тауар және қызметтер көлеміне қойылған жоғары шекара.

Сыртқы сауда лицензиясы – тауар және қызметтерді мемлекетке алып кіру немесе алып шығу үшін берілетін арнайы рұқсатнама.

Протекционизм – үкімет тарапынан сыртқы сауданы шектеуге бағытталған іс-шаралар.

Сыртқы сауданы еріктендіру – оған қойылған шектеулерді жеңілдетіп, мүлдем алып тастау.

Қазіргі күнде келісімге 130-дан астам мемлекеттер қол қойған. Енді бұл келісім мүшелері БСҰ – Бүкіләлемдік сауда ұйымына біріккен. XX ғасырда





халықаралық сауданың дамуы көптеген мемлекеттер экономикасының шұғыл өсуіне алып келді. Сол себепті Еуропа мемлекеттері Еуропа Одағын құрды. Қазір Еуропа Одағына көптеген Еуропа мемлекеттері мүше болып, олардың арасында барлық сауда кедергілері алып тасталған. Тіпті 2002 жылдың қаңтарынан бастап бұл мемлекеттерде ортақ ақша бірлігі – еуро айналымға енгізілді. Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері ассоциациясы (АСЕАН) да экономикалық ынтымақтастық ұйымы болып, оған Индонезия, Малайзия, Филиппин, Сингапур, Тайланд және Бруней мемлекеттері кіреді.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Мемлекеттер сыртқы сауданы шектеуге не үшін мәжбүр болады?
2. Сыртқы сауданы қандай тәсілдермен шектеу мүмкін?
3. Сыртқы сауданы шектеуге бағытталған әрбір шараның ұнамды және ұнамсыз жақтарына талдау жаса.
4. Сыртқы сауданы шектеуден кім зиян, кім пайда табады?
5. Халықаралық сауда ұйымдары қандай мақсатпен құрылады?
6. Қандай халықаралық сауда ұйымдарын білесіз?



Тапсырма

Сапасы жағынан дерлік біркелкі тауар бірінші елде 1000 АҚШ доллары, ал екінші елде 800 АҚШ доллары көлеміндегі өзіндік құнмен өндірілсін.

1. Бірінші ел мен екінші ел арасындағы еркін сауда-саттықтан: а) екінші ел азаматтары; б) бірінші елдің үкіметі; д) екінші елдің өндірістік компаниялары; е) бірінші елдің өндірістік компанияларының қай бірі көбірек мүддеге ие болады? Неліктен?
2. Бірінші елдің үкіметі бұл жағдайда қандай шараларды қарастыруы керек?
3. Айталық, бірінші елдің үкіметі екінші елдің әрбір тауарына 300 АҚШ доллар салық белгіледі.

Бірінші елдің базарында қандай өзгерістер болуы мүмкін? Бұл қаулыдан: а) Бірінші елдің тұтынушылары; б) бірінші елдің үкіметі; д) бірінші елдің өндірістік компаниялары; е) екінші елдің өндірістік компанияларының қай бірі көбірек зиян көреді? Жауабыңды негізде.





28- ТАҚЫРЫП

ВАЛЮТА КУРСЫ

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ КУРСЫ

2019 жыл 7 шілде

Шетел валютасы	Сатып алу, сумда	Сату, сумда
1 АҚШ доллары	8550	8600
1 ЕУРО	9660	9840
1 ағылшын фунт стерлингі	10780	10990
1 ресей рублі	108	136



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СУРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Айталық, іскер Еуропа мемлекеттеріне қызмет сапарына аттанды. Әрине, оған сапар қаражаттары үшін шет ел валютасы – еуро қажет болады. Іскер Өзбекстан сумын еуроға айырбастау үшін Ұлттық банктің валюта айырбастау пунктiнiң бiреуiне барды және онда iлулi тұрған, жоғарыдағы көрсетiлген кестеге көзi түстi.

1. Егер ол бiр миллион сумды а) еуроға; б) АҚШ долларына; д) ағылшын фунт стерлингiне айырбастамақшы болса, оған қанша шет ел валютасын бередi?
2. Егер ол сапардан қайтып келiп 200 еуроны сумға айырбастамақшы болса, оған банкте қанша сум бередi?

Әрбiр мемлекет iшкi базарында сауданы жүзеге асыру үшiн айналымға өз ақша бiрлiгiн – ұлттық валютасын шығарады. Мемлекет аумағында ұлттық валютамен сауда жасайды. Өзбекстанға Германиядан құрал-жабдықтар сатып алу үшiн еуро қажет. Германияға Өзбекстаннан мақта талшығын сатып алу үшiн өзбек сумы керек болады. Демек, халықаралық базарда сауданы әртүрлi мемлекеттердiң валютасымен жүргiзуге тура келедi. Соның нәтижесiнде бiр мемлекеттiң валютасын екiншi мемлекет валютасына айырбастау қажеттiлiгi пайда болады.

Бiр мемлекет ақша бiрлiгiнiң басқа елдiң ақша бiрлiгiндегi бағасы *валютаның айырбастау курсы* деп аталады. Өзбекстанда шет ел валютасының айырбастау курсы – оның бiр бiрлiгiн сатып алу үшiн төлеу қажет болған сум мөлшерiне тең болады. Мәселен, Халық банкiнде 2019 жылы 5 ақпанда 1 АҚШ долларының сатып алу курсы 8380 сумды, еуроның курсы 8800 сумды құрады. Әдетте бiр мемлекет валютасының курсы екiншi мемлекет валютасының курсымен салыстырғанда, бұл валюталардың АҚШ долларына қатынас курсы пайдаланылады.





Валюта – мемлекеттердің ақша бірліктерінің ортақ атауы.



Білесің бе?

Әрбір мемлекет ақша бірлігінің дүние жүзінде тән алынған белгілері бар. Олардың кейбіреулерін келтірейік:

£ -ағылшын фунт стерлингі; \$ — АҚШ доллары € — еуро;

₽ - ресей рублі ¥ — жапон иенасы.



Валюта айырбастау курсы – бір мемлекет валютасының басқа мемлекеттің ақша бірлігіндегі бағасы.

Конвертация – бір мемлекеттің валютасын басқа мемлекет валютасына айырбастау мүмкіндігі.

Екі мемлекет бір-бірімен импорт-экспорт сауда байланыс жасаған соң бір мемлекеттің екінші мемлекет валютасына, екіншісінің бірінші мемлекет валютасына сұранысы болады. Бұл әр мемлекеттің валютасына қарағанда, тауарларға болғаны секілді сұраныс пен ұсынысты тудырады. Мемлекет валютасының курсы оған деген сұраныс пен ұсынысқа қарай қалыптасады. Мемлекеттен экспортталатын тауарлар көлеміне қарай мемлекет валютасына деген сұраныс қалыптасады. Мемлекеттен көп тауарлар экспортталса мемлекеттің валютасына деген сұраныс артады. Ал мемлекет валютасының ұсынысы, бұл мемлекеттің басқа елден сатып алынатын импорт тауарларының көлеміне қарай қалыптасады. Мемлекет үшін қанша көп импорт тауарлары керек болса, мемлекет валютасының ұсынысы да сонша көп болады.



Білесің бе?

Өзбекстан Республикасында шетел валюталарының суммен салыстырғандағы курсың Өзбекстан Республикасы Орталық банк белгілеп береді. Коммерциялық банктер Орталық банк белгілеген курс бойынша жеке немесе заңды тұлғалардан валютаны сатып алу және сату курсың белгілейді. Сондықтан да түрлі коммерциялық банктердегі валютаны сатып алу немесе сату курсы ерекшеленеді. Мысалы, 2019 жылдың 7 шілде күні Туронбанк 1 АҚШ долларын 8430 сумнан сатып алып, 8480 сумнан сатса, Узкомстройбанк 8560 сумнан сатып алып, 8600 сумнан сатқан.

Валюта курсының өзгеруіне, әдетте, оған деген сұраныс пен ұсыныстың өзгеруі себеп болады. Егер Ресейдің Өзбекстан тауарларына деген сұранысы Өзбекстанның Ресей тауарларына сұранысынан кем болса, Ресей рублінің Өзбекстан сумына салыстырғанда курсы көтеріледі. Яғни бір рубль бұрын





100 сум болып тұрған болса, енді 102 сум болады. Керісінше болса, рубльдің курсы түседі. Кейде мемлекет сыртқы сауданы реттеу, мемлекеттің ішкі базарын қорғау мақсатында валюта курстарын ресми түрде асыруы да түсіруі де мүмкін. Оны айналымдағы ұлттық валютаны көп шығару немесе кеміту арқылы жүзеге асырады. Мысалы, айналымға көп мөлшерде ұлттық валюта шығарылса, оның шет ел валютасына салыстырғанда мөлшері көбейіп, ұлттық валюта курсы түседі. Ал шет ел валютасының курсы көтеріледі. Кейде мемлекет ұлттық валюта курсын көтеру ниетімен орталық банк қорындағы шет ел валютасын көп мөлшерде ішкі базарға шығарады. Бұл жағдайда базарда бір бірлік ұлттық валютаға сай келген шет ел валютасының мөлшері артады, яғни шет ел валютасының курсы түседі. Демек, дәл тауарлар сияқты шет ел валютасы көбейсе, оның бағасы, яғни курсы түседі екен. Мемлекет ұлттық валютасының курсы мемлекет экономикасының айнасы іспетті. Оның бір қалыпты, жайлап өзгеруі мемлекет экономикасының сәтті дамуының дәлелі.



БІЛІМІНДІ СЫНАП КӨР!

1. Неліктен валюта базарына қажеттілік туындайды?
2. Валютаның айырбастау курсы деген не және қандай фактор негізінде қалыптасады?
3. Ұлттық валютаның курсы асатын және түсетін жағдайларға екеуден мысал келтір.
4. Ұлттық валютаның айырбастау курсын мемлекет қандай жолдармен басқаруы мүмкін?
5. Ұлттық валютаның айырбастау курсына мемлекеттегі инфляция қандай әсер етеді?
6. Шет ел валютасы курсының өзгеруі импорт және экспорт көлеміне қалай әсер етеді?
7. Төмендегі факторлардың әсерінде ұлттық валютамыздың курсы қалай өзгереді?
 - а) Өзбекстанда туризм дамыды;
 - б) жалақы көбейді;
 - в) шетел валютасындағы сақтық қор жинақтары үшін берілетін банк пайыз ставкалары асты;
 - г) іскерлерге жеңілдетілген кредиттер беру көлемі артты;
 - д) шет елдерде істейтін өзбекстандық мамандардың саны өсті.
8. Егер АҚШ долларының суммен салыстырағандағы курсы артса, еліміз үшін экспорт жасау тиімді ме әлде импорт тиімді ме? Жауабыңды негізде.



9. Кеше Америка банкі 14 млн еуроны 16 млн. долларға, ал бүгін 20 млн АҚШ долларды 18 млн еуроға айырбастады. Мұның нәтижесінде доллардың еуроға салыстырғандағы курсы бүгін кешегіге қарағанда артты ма, кеміді ме? Қаншаға?
10. Криптовалюта дегеніміз не? Биткоин-ше?



Білесің бе?

Кейінгі жылдары биткоин термині жиі құлаққа естілетін болды. Биткоинның курсы, яғни әртүрлі валютадағы (әсіресе, АҚШ долларындағы) курсының соңғы жылдардағы өзгеруін бүкіл әлем бақылап отыр десек, қателеспейсіз. Биткоин – криптовалюта деп аталатын өзіне тән валютаның бір түрі. Криптовалюта дегеннің өзі не? Қарапайым тілмен айтқанда, цифрлы (сандық) ақша. Өз маңызына орай криптовалюта Интернет арқылы әртүрлі компьютерлерге арнаулы әдіс пен ережелер негізінде бөлінген мәліметтер блогы(жиынтығы).



Криптовалютаның әлемдегі басқа валюталармен негізгі ұқсастығы оны жұмсау қағидатында. Ол арқылы сатып алуға, сатуға, сақтау мен өткізуге болады. Алайда Интернет жүйесі арқылы ғана.

Криптовалютаны мамандар таяуда – бірнеше жыл алдын ойлап тапқан және ол өмірімізде өзінің нақты орнын иелеген жоқ.

Қазіргі кезде әлемде криптовалютаның жүзге жуық түрі бар, олардың ең алғашқысы әрі ең танымалы биткоин. Биткоин 2009 жылы ойлап табылғанына қарамай, өткен он жыл ішінде өз құнын бірнеше рет арттыруға және түсіруге үлгерді. Оның тербелу ерекшелігі де өте жоғары.

Биткоиннан тыс тағы мынадай криптовалюталарды мысалға келтіруге болады: Efirium, Ripl, Yota, Laytkoin, Neo, Nem, Dash, тағы басқалар.



Мұны есінде сақта!


- Халықаралық сауда бір мемлекет ақша бірлігін екінші мемлекет ақша бірлігіне айырбастауды талап етеді.
- Валюта курсының өзгеруі халықаралық саудаға және мемлекет экономикасына күшті әсер етеді.
- Криптовалюта – цифрлы (сандық) технологияларға негізделген ақша, ол интернет жүйесі арқылы айналымға енгізіледі.





29- ТАҚЫРЫП

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДІЛГІРЛІКТЕРІ



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Тағы да қандай дүние жүзілік экономиканың ділгірліктерін білесің?
2. Бұл ділгірліктердің келіп шығу себептерін анықта.
3. Бұл ділгірліктерді шешу саған байланысты болғанда шешудің қандай жолдарын ұсынасың?

Барлық елдерге тиісті экономикалық ділгірліктер бар. Адамзат алдындағы ең маңызды ділгірліктердің біреуі жер бетінде бейбітшілікті сақтау. Бір қарағанда саяси мәселе болып көрінгенмен, бұл ділгірлік тікелей экономикаға байланысты. Қандай соғыс болмасын экономиканың дамуын ондаған, жүздеген жылдарға кері кетіреді. Қазіргі күнде жер жүзінде әр күні миллиардтап доллар қаржы әскери мақсаттарға жұмсалуда. Дәл қазіргі күнде әлемнің әр түрлі бұрышында әр сегіз адамның біреуі аш-жалаңаш күн көруде. Адамзаттың әскери мақсаттағы қаражаттарын бейбітшілік мақсатқа жұмсаса, барлығымыз үшін де жақсы болатынына ешкім шүбә келтірмейді. Өкініштісі сол, бұл ділгірліктің шешілуі оңай шаруа емес. Бұл мәселеде әскери қаражаттарға өте аз қаржы жұмсап, экономикалық дамуда алдыңғы



орынға шыққан Жапония, Швеция, Норвегия сияқты елдердің жолымен жүру жалғыз-ақ шешім болып есептеледі.

Ғалымдардың пікірінше адамзаттың экономикалық іс-әрекетінің нәтижесінде қоршаған ортаның шектен тыс ластануы кез келген соғыстан да жаман зардаптарға душар етуі мүмкін. Ауа және су көздерінің ластануы, топырақ құрамының өзгеруінің салдарынан көптеген жерлердің жарамсыз болып қалуы адамзаттың тіршілігіне де қауіп төндіруі мүмкін. Табиғаттың 1 пайыз бөлігіне ғана адамзат зиянын тигізсе, ол өзін-өзі тіктей алуы мүмкін. Бірақ қазір адамдар табиғатқа 10 есе көп зиянын тигізіп жатыр.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша ең ірі халықаралық құқықтық құжат – Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен қабылданған Климаттық өзгеруге қарсы *Париж Келісімі*. Келісім 2015 жылы жасалған, оған 175 мемлекет қол қойған. Келісімнің негізгі мақсаты – жаһандық орташа температураның жылуын индустрияландыруға дейінгі кезеңдегімен салыстырғанда 1,5-2° С шекарасында ұстап тұру. Өйткені ғалымдардың пікірінше, температураның одан жоғары көтерілуі ғаламшарымыздың экологиясы үшін қайтаруға келмейтін зиян алып келеді екен.

Әлемдегі табиғи ресурстар мөлшері шектелген және бір тегіс бөлінбегені белгілі. Нәтижеде, миллиондаған жылдар бойы жиналған жер асты қазба байлықтары адамзаттың XX–XXI ғасырдағы екі жүз жылдық экономикалық қызметінің арқасында таусылуы мүмкін. Негізгі энергия көздері болып есептелінетін мұнай, газ және көмір қорлары XXI ғасырда-ақ таусылуы көзделген. Егер XXI ғасырда басқа энергия көздері ойлап табылмаса, адамзат ауыр экономикалық құлдырауға ұшырауы мүмкін.

Дамыған мемлекеттер тәрізді елімізде де баламалы энергия көздерінен пайдалану бойынша белсенді іс жүзіндік жұмыстар мен ғылыми зерттеулердің жүзеге асырылып жатқанының себебі де дәл осы. Атап айтқанда, күн, жел энергиясынан пайдаланатын электрстанциялар құрылысының іргетасы қаланғаны болашақта баламалы энергияның маңызы артатынына назар аударылып жатқанын көрсетеді.

Әлем бойынша әр жылы қолданылатын экономикалық байлық, материалдық игіліктердің 85 пайызын Жер бетіндегі халықтың 17 пайызы өмір сүретін 25 мемлекеттің тұрғындары тұтынуда. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі арасындағы ерекшелік күн сайын ұлғаюда. Бұл жағдай әлемдік экономиканың жаһандануы нәтижесінде күрделенуде. Әлем өте бай және кедей мемлекеттерден құралған екі полюске бөлінуде. Кейбір халықаралық ұйымдардың мәліметіне орай, адамзаттың кедейленген жарты



бөлігі бес жыл ішінде 1 триллион АҚШ долларына кедейленген. Сонымен бірге әлемнің ең бай 1% халқы, қалған 99% адамдармен тең табысқа ие. Бұл өз кезегінде болашақта әлем көлеміндегі әлеуметтік келіспеушілік, саяси және экономикалық құлдырауды туындатуы мүмкін.

Азық-түлік жетіспеушілігі ділгірлігі қазіргі күнге дейін әлемде өте күрделі мәселе болып отыр. Өкінішке орай, ашаршылық – кешегі күннің емес, бүгінгі күннің құбылысы. Біздің күндерімізде де Африкада, Азия және Латын Америкасының кейбір аумақтарында адамдардың аштықтан көз жұму жағдайлары тіркелуде. Бүгінгі күнде 1 миллиардқа жуық адам тойып тамақтану мүмкіндігіне ие емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, балалар өлімінің 54%-ына тойып тамақтанбау себепші. Аштықтың негізгі себебі қаржының жетіспеуі. Бірақ бұл жалғыз себеп емес. Сонымен қатар табиғи жағдайлар, құрғақшылық, құм басуы, әскери тартыс сияқтылар да ашаршылықты пайда етуде.

Жоғарыда айтылған дүние жүзілік деңгейдегі экономикалық ділгірліктерді тек барлық мемлекеттер ынтымақтаса отырып, дүние жүзілік экономиканы тиімді басқарғанда ғана шешуге болады.



Білесің бе?

Ағылшын діндары Роберт Мальтус өзінің әлем экономикасының дамуы туралы қара болжамдарымен әлемге танылған. Оның пікірінше, жер жүзінің халқы геометриялық, ал азық-түлік өндіру арифметикалық прогрессиямен өседі. Геометриялық прогрессия арифметикалық прогрессияға қарағанда тез өскендіктен, адамзат не істесе де аштық мәселесіне душар болады. Осы пікірге негізделіп Мальтус әлемдегі өлім деңгейінің өсуіне алып келетін факторларды, соғыстар мен эпидемияларды адамзаттың болашағын қамтамасыз ететін ұнамды фактор деп бағалаған.

Аштық мәселесі, әрине, тұрғындар табысының аздығы, яғни кедейлік ділгірлігімен тікелей байланысты. Бүгінгі күнде әлемде 1,2 миллиардтан астам адам бір күнде 1 АҚШ долларынан аз ақшаға күн көреді. Міне осы көрсеткіш бойынша БҰҰ-дың мәліметтеріне орай кедейлік ең жоғары болған мемлекеттер – Мадагаскар, Сиерра-Леоне, Мозамбик, Нигерия, Орталық Африка Республикасы және Замбия сияқты Африка құрлығындағы елдер. Бірақ мемлекеттердің кедейлік деңгейін есепке алу бойынша ұлттық нормалар да бар, ол нормалар бойынша тіпті ең дамыған елдерде де кедейлік



ділгірлігі бар тәрізденеді. Мысалы, АҚШ таяу жылдарға дейін 46 миллионнан астам халықты кедей деп есептеген. Бұл халықтың 15%-дан астам бөлігін құрайды. Бірақ АҚШ-тың Тұрғындарды есепке алу бюросы төрт адамнан артық жанұяның жылдық табысы 22 314 АҚШ долларынан кем болса, мұндай жанұяны кедей деп есептейді.

Мұндай кедейлік деңгейін белгілейтін көрсеткіштер өте күрделілігін көрсетеді. Кейбір дамыған елдерде кедей саналған халықтың буыны, дамушы елдердегі бай деп саналатын буындарынан көбірек табыс есебіне өмір сүреді. Бұл тағы бір жаһандық ділгірлік – табыстардың тепе-теңдіксіз бөліну ділгірлігімен үйлесімді.

Дүние жүзілік экономика базар экономикасы жағдайында әр түрлі дағдарыстарға душар болып тұрады. Бұл жағдай базар экономикасының біркелкі сарқыттарының алдын алуға нашарлығынан туындайды. Базар экономикасының бұл кемшілігінің салдарынан уақыты-уақытымен түрлі мемлекеттерде әр түрлі дағдарыстар болып тұрады. Бұл дағдарыстар тереңдей түсіп, басқа мемлекеттерге де өтіп дүние жүзі шеңберіне өтсе, дүние жүзілік дағдарыс жүзеге келеді. Дүние жүзілік дағдарысқа 2008 жылы басталған қаржы-экономикалық дағдарысты мысал етіп айтуға болады. Бұл туралы кейінгі тақырыптарда жан-жақты тоқталамыз.



БІЛІМІҢДІ СЫНАП КӨР!

1. Жер бетінде тыныштықты сақтаудың маңызы туралы әңгімеле.
2. Экономика және экология арасындағы қарама-қайшылықтың себебі неде?
4. Азық-түлік тапшылығы ділгірлігі қандай жолмен шешілуі керек?
5. Энергия тапшылығы ділгірлігін қалай шешуге болады?
6. Экономиканың әртүрлі мемлекеттердегі дамуының біртекті болмауы қандай жағдайларға себеп болуы мүмкін?
7. Әлем экономикасының әртүрлі дағдарыстарға бейімділігінің себебі неде?



Мұны есінде сақта!

- Дүние жүзілік экономиканың барған сайын дами түсуі адамзат алдына көптеген ділгірліктерді көлденең етіп қойып отыр.
- Бұл ділгірліктерді дүние жүзілік қауымдастық бірігіп шешпесе, болашақта адамзат ауыр экономикалық дағдарысқа душар болуы мүмкін.





30- ТАҚЫРЫП

ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

2004-2007 жылдары әлемдегі сауданың өсуі орташа қарқынмен 8,74%-ға тең болған еді. 2008 жылы бұл қарқын 2,95%-ға түсті, 2009 жылы әлем саудасы бірден 11,89%-ға төмендеді. 2009 жылы әлемдегі жалпы ішкі өнім де Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары бірінші рет 2,3%-ға төмендеді. 2009 жылдың ақпанында инфляция деңгейі рекордтық көрсеткішке жетті. Мұның салдарынан валюталарға сенім жоғалды және мұнай, алтын сияқты тауарлар бағасы күрт асып кетті.



БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУШЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

1. Әлем саудасының құлдырауымен әлемдік ЖІӨ-нің төмендеуі арасында қандай байланыс бар?
2. Сол 2009 жылы әлемдік ЖІӨ төмендеген, Өзбекстанда ЖІӨ-нің 8%-ға өскені жарияланды. Әлем экономикасы және Өзбекстан экономикасы арасындағы осындай деңгейдегі ерекшелік болуының себебі неде деп ойлайсың?
3. Әлем саудасының төмендеуі әрбір жеке алынған мемлекеттің ішкі базарына қалай әсер етуі мүмкін? Бұл жағдай мемлекеттің экономикасы үшін қандай ділгірліктерді туындатады? Сұрақтарға жауап іздегеніңде көпшілік мемлекеттердің ішкі базары жаһандық базарға, әлем базарына байланыстылығына көңіл бөл.
4. Әлемдегі ЖІӨ-нің төмендеуі нені білдіреді? Мұндай төмендеу жеке алынған мемлекеттер ЖІӨ көлемінде қалай көрінеді?
5. Мұнай, алтын сияқты тауарлар бағасының көтерілуімен әлем базарындағы дағдарыстық жағдай арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс АҚШ ипотекалық несиелер жүйесінде 2008 жылы пайда болған тоқыраудан басталды. АҚШ банктерінің бірнеше жылдар барысында ақшамен қамтамасыз етілмеген ипотекалық несиелерді беруінің салдарынан несиеге берілген ақшалар банкке қайтып келмеген. Нәтижеде бұл банктердің төлеу қабілеттері нашарлап, банкроттық дәрежесіне жетіп қалды. Өндіріс кәсіпорындары банктен кредит ала алмағандығының себебінен өздерінің өндірістік көлемдерін кемеітуге мәжбүр болды. Бұл, сонымен қатар, жұмыссыздар санының артуына себепкер болды. Бұл дағдарыс мемлекет шеңберіне көтерілді және АҚШ эконо-





микасымен тығыз байланысты болған дүние жүзінің көптеген елдеріне өз әсерін тигізді. Ақыры дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарыс пайда болды.

2008 жылы басталған әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс көлемі бойынша тек 1930 жылдары туындаған Ұлы депрессиямен ғана салыстыруға болады. Бұл реттегі әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс 2013 жылға дейін жалғасты және тарихтағы ең ұзақ жалғасқан дағдарыс болды. Бұл дағдарыс әрбір жеке алынған мемлекет экономикасында және бүкіл дүниежүзілік экономикада өте аянышты жағдайларға себеп болды.



Тарихқа назар

Базар экономикасының екі жүз жылдан көп тарихында, XIX ғасырда-ақ көптеген дамыған мемлекеттер экономикалық дағдарысқа ұшыраған. Мұндай жағдайларда тек жеке алынған тауарлар базарында емес, сондай-ақ, бүкіл мемлекет шеңберінде экономикалық қызметтің төмендеуі бақыланған. Мәселен, XX ғасырдың 30 жылдарында АҚШ-та болған, «Ұлы депрессия» деген экономикалық дағдарыс дәуірінде ЖІӨ көлемі 31%-ға түскен, тауарлар бағалары 40%-ға артқан, ал жұмыссыздық дәрежесі 8 есеге асып, еңбекке қабілетті халықтың 25%-ын қамтыған. Бұл дағдарыстан АҚШ XX ғасырдың 40 жылдарында II дүниежүзілік соғысы дәуірінде одақтас мемлекеттерге қару-жарак жеткізіп беру арқылы шығып алған.

Дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарыстың нәтижесінде 2008–2009 жылдары АҚШ, Канада, Еуропа Одағы, Жапония, Украина, тағы басқа бірнеше мемлекеттерде аса қауіпті жағдай пайда болды. Бұл мемлекеттерде көптеген компаниялар, кәсіпорын және фирмалар банкрот болды. 2008 жылдың нәтижелері бойынша, АҚШ-тың ЖІӨ көлемі 3,8%-ға түсіп кетті, ал жұмыссыздар саны 2,2 млн. адамнан асып кетті. Ал Жапонияда ЖІӨ көлемі 3,1%-ға төмендеді, ал жұмыссыздық дәрежесі 4,4%-ға жеткен. Еуропа Одағына мүше болған мемлекеттерде кәсіпорын өндірісі 12%-ға түсіп кеткен.

Өзбекстан экономикасының әлемдегі жаһандық экономикаға жеткілікті деңгейде интеграцияланбауы да мұнда үлкен маңызға ие болды. Мемлекет экономикасы сол кезеңдерде “жабық” экономикалардың қаратына кіретін. Мемлекетімізде шетел инвестицияларының көлемі өте шағын, Өзбекстан әлем қаржы базарында айтарлықтай қызмет жүргізбейтін, валютаның еркін конвертациясы жолға қойылмаған, ұлттық валютамыз халықаралық валюта базарында белсенді қатысушылар қатарында емес еді. Бұлардың барлығы мемлекетіміз экономикасының жаһандық базардағы қаржы-экономикалық





дағдарыстан біраз шетте қалуының себептері болды.

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсері Өзбекстанды да шет қалдырмады, өйткені республикамыз халықаралық қоғамдастықтың және дүниежүзілік қаржы-экономикалық базардың бөлінбес құрамдық бөлігі саналады.

Әлем базарында сұраныстың төмендеп баруының салдарынан Өзбекстан экспорт жасайтын бағалы және түсті металдар, мақта, уран, мұнай өнімдері, минерал тыңайтқыштар, тағы басқа өнімдердің бағасы түсіп кетті. Ал бұл, сондай-ақ, кәсіпорындар пайдасының кемеюіне себеп болды. Өндірістің төмендеуі, соның нәтижесінде макроэкономикалық көрсеткіштеріміздің өсу қарқындарына кері әсерін тигізе бастады.

Елімізде кейінгі жылдары кең көлемді экономикалық реформалар жүзеге асырылуының нәтижесінде экономикамыз әлемдік экономикаға белсенді түрде интеграциялана бастады. Отамызға әртүрлі мемлекеттерден ірі компаниялар өз капиталымен кіріп келе бастады. Шетел инвестициялары жұмылдырылуының нәтижесінде мемлекетіміздің экономикасы жекелену, даралану статусын жоюда. Елімізде өндірілетін өнімдер күн сайын әлемдік нарықта сұранысқа ие, Өзбекстан бренді жер бетіндегі мемлекеттерге танымал болуда. Халықаралық қаржы базарында да кейінгі жылдары Өзбекстан көптеген келісімдерді жүзеге асыруда. Заманалық технолиялармен жиһаздалған, ақпарат-коммуникация технологияларын өз қызметіне кеңінен енгізген ұлттық базар инфрақұрылымы халықаралық базар инфрақұрылымымен терең үйлесім табуда.

Аталғандардың барлығы, әрине, Өзбекстан экономикасының жедел дамуына негіз болады. Бірақ сонымен бір қатарда ұлттық экономикамыздың жаһандық экономикамен тікелей әрі тығыз байланыстылығы болашақта әлем экономикасында әртүрлі дағдарыстар пайда болатын болса, мұның мемлекетіміздің экономикасына кері әсерінің қаупін арттырады. Сондықтан да жаңа жағдай республикамыздың экономикасы алдында болашақта болуы мүмкін дағдарыстар кезінде қорғалуға дайын болу талабын қояды.

Елімізде экономикалық салада жүзеге асырылып жатқан жүйелі жұмыстардың мән-мазмұны да сонда. Мемлекетіміз экономикасының әлем базарындағы бәсекеге қабілеттілігін, оның әртүрлі тартылыспен дағдарысқа төзімділігін арттыру соңғы жылдардағы экономикалық реформалардың мақсаттарының бірі.

Кейінгі жылдары жүзеге асырылып жатқан реформалардың нәтижесінде төмендегі ерекшеліктерге ие ұлттық экономика құрылуда:

- инновацияларды жасайтын және оларды іс жүзіне енгізетін;
- халықаралық еңбек бөлінісінде өз орнына ие.





Мұнда экономиканың төмендегі бағандарына сүйенеді:

- жеке меншікті қорғау;
- кәсіпкерліктің жоғары нәтижелілікте жүргізілуіне негіздердің болуы;
- жоғары деңгейдегі бәсекелестік ортаның болуы;
- мамандану және көлем нәтижесінен пайдалану;
- қаржы ресурсының жеткілікті болуы.

Шын мәнінде дамыған экономиканы құру үшін елімізде мынадай жүйелі реформалар жүзеге асырылуда:

- ақша айналымы және валюта қарым-қатынасын реформалау;
- салықты реформалау;
- банкті реформалау;
- сыртқы сауданы реформалау;
- Әкімшілік реформалары.



БІЛІМДІ СЫНАП КӨР!

1. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың басталуына не себеп болды?
2. Неліктен бұл дағдарыс дүние жүзі бойынша жаһандық ділгірлікке айналды?
3. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың кері жақтарын ата.
4. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың еліміз экономикасына ықпалы қандай болды?
5. Мемлекетте дағдарыстың алдын алу, оны жою үшін қандай шаралар жасалуда?
6. Елімізде экономикалық реформаларды жүзеге асыруда туындайтын жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстан қорғау мәселелері қалай шешілуде?



Мұны есте сақта!

- Базар экономикасы жағдайында кейбір елдердің экономикасы жиі дағдарысқа ұшырайды.
- Мұндай құлдырау көлемінің кеңеюі және өзге мемлекеттерге таралуы жаһандық қаржы-экономикалық дағдарысқа соқтырады.
- Өзбекстанның экономикасын қаржы-экономикалық дағдарыстан қорғау кейінгі жылдары жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформалар барысында назарға алынуы қажет болған ең маңызды мәселелердің бірі.





VI ТАРАУДЫ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

А. СҰРАҚТАР

1. Республикамыздың сыртқы саудасы туралы не білесің?
2. Халықаралық сауда бойынша қандай көзқарастар бар?
3. Сыртқы сауданы шектеу тәсілдері және олардың нәтижелерін түсіндір.
4. Халықаралық сауда ұйымдарының қандай міндеттері бар?
5. Валюта базарының мәнін түсіндір.
6. Валютаны айырбастау курсының өзгеруіне нелер себеп болуы мүмкін?
7. Дүние жүзі экономикасы ділгірліктерінің қандай кері салдарлары бар?
8. Дүние жүзі экономикасы ділгірліктерінің қалайша алдын алуға болады?
9. Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың себептері неде?

Б. ТАПСЫРМАЛАР.

Әрбір атауға сай ұғымдарын тап.

АТАУЛАР:

- | | | |
|--------------------------|-------------|------------------|
| 1. Сыртқы сауда көлемі. | 3. Экспорт. | 5. Квота. |
| 2. Тариф (кедендік баж). | 4. Импорт. | 6. Валюта курсы. |

ҰҒЫМДАР

- а) шетелдерден сатып алынған тауарлар мен қызметтер;
- б) ел шекарасынан өтіп жатқанда алып кіретін тауар үшін төлеу қажет салық;
- в) елге шетелден алып кіретін немесе алып шығатын тауарлар мен қызметтердің көлеміне орнатылған жоғары шекара;
- г) елдің экспорты мен импортын құрайтын тауарлар мен қызметтердің жалпы құны;
- ғ) бір мемлекет валютасының басқа мемлекет валютасындағы бағасы;
- д) елде өндіріліп, шетелге сатылған тауарлар мен қызметтер.

Д. 133-бет VI Тарау титулындағы суреттер бойынша

Суреттердің қайсысы қандай тақырыпқа тиісті екені айт. Суреттер негізінде тақырыптардың мазмұнын сипатта.



E. ТЕСТТЕР

1. Импорт бажы көтерілсе:

- А) мемлекеттік бюджеттің табысы азаяды;
- Б) жергілікті тауар сапасы артады;
- Д) импорт көлемі асады;
- Е) импорт көлемі азаяды.

2. Импорт квотасы:

- А) тауар экспортын арттырады;
- Б) тауар импортын арттырады;
- Д) импорт көлеміне қойылған жоғары шекара;
- Е) импорт көлеміне қойылған төменгі шекара;

3. Мемлекеттің импорт көлемі 350 миллион долларды, ал экспорт көлемі 400 миллион долларды құрады. Бұл жағдайда:

- А) сыртқы сауда балансы теріс болады;
- Б) сыртқы сауда балансы оң болады;
- Д) шет ел валютасы азаяды;
- Е) мемлекеттің сыртқы қарызы көбейеді.

4. Сыртқы саудаға қойылған кедергілерден кім көп зиян көреді?

- А) үкімет;
- Б) жергілікті өндірісшілер;
- Д) шет елдік тұтынушылар;
- Е) шетелдік өндірісшілер;

5. Үкіметтің қайсы шаралары сыртқы сауданы шектеуге бағытталмаған?

- А) импорт салығының орнатылуы;
- Б) импорт квотасының белгіленуі;
- Д) сыртқы сауда лицензияларының енгізілуі;
- Е) мемлекет ішінде өндірістің ынталандырылуы.

6. Ұлттық валюталардың курсы қандай жағдайда артады?

- А) жалақы арттырылса;
- Ә) шет елге саяхат жасаушылар саны артса;
- Б) шет елде жұмыс істеп жатқан отандастарымыздың саны артса;
- В) іскерлерге жеңілдетілген кредиттер беру көбейсе.

7. Сыртқы сауда көлемін не анықтайды?

- А) импорт;
- Б) экспорт;
- Д) импорт пен экспорт жиынтығы;
- Е) импорт және экспорт айырмашылығы;

8. Төмендегілердің қайсысы экономикалық бірлестік ұйымы болып есептеледі:

- А) Еуропа Одағы;
- Б) БСҰ;
- ДБ) ASEAN;
- Е) барлығы дұрыс.





1. **Кәсіпкерлік — ... қызмет.**
А) Базар экономикасына тән;
Б) Аралас экономика жағдайында болмайтын;
Д) кәсіпкер үшін қажетті, мемлекет үшін аса маңызды болмаған;
Е) Өндіріске ғана тән.
2. **Кәсіпкерлік – ... басталады.**
А) есеп-қисаптан; Б) бизнес-жоспардан;
Д) бизнес идея және бизнес-жоспардан Е) банктен несие алудан.
3. **Төмендегілер кәсіпкерлік қызмет түрлеріне кіреді:**
А) мемлекеттік қаржы мекемелеріндегі қызмет, коммерция, сақтандыру;
Б) өндіріс, коммерция, қаржылық кәсіпкерлік, сақтандыру;
Д) коммерция, өндіріс, әскери қызмет, сақтандыру;
Е) сақтандыру, студенттік, өндіріс, коммерция.
4. **Тауардың өндірістік бағасы 500 сум болып, тұтынушыға жеткенге дейін 2 көтерме және бір бөлшек сауда фирмасынан өтті. Егер әрбір сатушы тауардың сатып алу бағасына 20% үстеме ақы қойғанда тауардың соңғы бөлшек бағасы неше сум болады?**
А) 864 сум; Б) 800 сум;
Д) 1036 сум; Е) 720 сум.
5. **Тауардың өзіндік құны дегеніміз не?**
А) бөлшек сауда дүңгіршегінің сату бағасы;
Б) бір бірлік өнім өндіру үшін жұмсалған қаражаттар;
Д) көтерме сауда фирмасының сату бағасы;
Е) тауардың базардағы бағасы.
6. **Фирмада көбірек нелер басқарылуы тиіс?**
А) еңбек ұжымының құрамы; Б) ақшалай қаржылар;
Д) шикізат қоры; Е) жоғарыдағылардың барлығы.
7. **Қайсы жауапта тек қана өндірістік құралдар келтірілген?**
А) көмір, станок, ғимарат, теледидар;
Б) жүк көлігі, құрал-жабдық, ғимарат;
Д) мебель, көмір, электр энергиясы; Е) бензин, өзен суы, аула.

8. Қайсы қатарда пайданы есептеу формуласы дұрыс жазылған?

- А) $P_r = TR - TC$; Б) $P_r = TR + TC$;
 Д) $P_r = TR : TC$; Е) $P_r = TR \times TC$.

9. Тауардың өндіруші кәсіпорын сататын бағасы не деп аталады?

- А) көтерме баға (толайым); Б) бөлшек баға;
 Д) өндірістік бағасы; Е) тұрақты баға.

10. Базар ұсына алмайтын, мемлекет жеткізіп беретін және ел тұрғындары жаппай тұтынатын тауарлар мен қызметтер ... деп аталады.

- А) материалдық байлықтар; Б) тұтыну тауарлары;
 Д) әлеуметтік игіліктер; Е) тегін игіліктер.

11. Мемлекеттің экономикалық міндеттеріне нелер кіреді?

- А) құқықтық негіздерін сақтау;
 Б) бәсекені қолдап-қуаттау және экономиканы тұрақтандыру;
 Д) табыстар мен байлықты бөліп отыру және қосымша сыртқы әсерлерді реттеу;
 Е) жоғарыдағылардың баршасы.

12. Мемлекеттік бюджет –

- А) шығынды болуы мүмкін;
 Б) тек қана дамыған елдерде шығынды болмайды;
 Д) тек қана кедей елдерде шығынды болады;
 Е) шығыны жанама салықтар есебінен толтырылады.

13. Төмендегілердің қай бірі мемлекеттік базар нашарлығы салдарының алдын алу міндетіне кірмейді:

- А) базардың монополиялануына қарсы күресу;
 Б) әлеуметтік тауарлар мен қызметтер жасау;
 Д) табыстар мен меншікті салыққа тарту;
 Е) қосымша сыртқы әсерлерді реттеумен бақылау.

14. Мемлекеттің табыстар мен байлықты қайта бөлу міндеті қай шара арқылы жүзеге асырылады?

- А) табысы аз отбасыларды әлеуметтік қорғау;
 Б) табысы көп азаматтардың табысынан сәйкесінше салық өндіру;
 Д) студенттерге стипендиялар төлеу;
 Е) жоғарыдағылардың баршасы.

15. Егер 1 000 000 сум ақша 24 пайыз жылдық пайыз ставкасымен банкке қойылған болса, жарты жылдан кейін қанша болады?





- А) 120 000 сум; Б) 1 120 000 сум;
Д) 12 400 000 сум; Е) 880 000 сум.

16. Жеке тұлғалардың жалпы жылдық табысы ... болып табылады.

- А) мемлекет тарапынан жеке тұлғаларға төленетін төлем;
Б) табыс салығының объектісі;
Д) салық жеңілдігіне ие табыс;
Е) жалақы.

17. Меншік салығы –

- А) жеке және заңды тұлғалардан алынады;
Б) тек қана жеке тұлғалардан алынады;
Д) тек қана заңды тұлғалардан алынады;
Е) дұрыс жауап жоқ.

18. Меншік құқығы, иелік ету құқы, пайдалану құқы немесе жалға беру құқы негізінде жер телімдеріне ие болған ... жер салығының төлеушілері болып табылады.

- А) жеке тұлғалар; Б) жеке және заңды тұлғалар;
Д) заңды тұлғалар; Е) мемлекеттік ұйымдар мен мекемелер.

19. Акциз салығы мен қосымша құн салығы –

- А) жеке тұлғалардан алынады;
Б) тікелей салықтар түріне жатады;
Д) жанама салықтар түріне жатады;
Е) жергілікті салықтар түріне жатады.

20. Ел аумағында жыл бойы өндірілген, толық көріністегі, пайдалануға дайын тауарлар мен қызметтердің базар бағаларындағы жалпы құны ... деп аталады.

- А) жалпы ұлттық өнім; Б) таза ішкі өнім;
Д) ұлттық табыс; Е) жалпы ішкі өнім.

21. Экономикалық көрсеткіштің нақты құны –

- А) оның ағымдағы бағаларда есептелген құны;
Б) бірер негіз етіп алынған жылдағы бағалармен салыстырмалы есептелген құны;
Д) базар бағаларындағы құны;
Е) мемлекет бағаларында есептелген құны.

22. Елдегі орташа бағалардың толассыз көтеріліп отыруы ... деп аталады.

- А) дефляция; Б) ақша тапшылығы;
Д) гиперинфляция; Е) инфляция.



S32 Сариқов Эргашбой Сотволдиевич
Экономикалық білім негіздері: Жалпы орта білім беретін
мектептердің 9-сыныбы үшін оқулық/ Э.С.Сариқов, Б.Қ.
Хайдаров. — Т.: 2019. — 160 б.

Ergashvoy Sotvoldiyevich Sariqov,
Bahodir Qayumovich Xaydarov

IQTISODIY BILIM ASOSLARI

9-sinf uchun darslik

Qozoq tilida

4-nashri

Original-maket "Huquq va Jamiyat" nashriyoti tomonidan tayyorlandi.

Аудармашы

А. Ақпанбетова

Редактор

К. Нұрбаева

Техникалық редактор

А. Умарова

Бас дизайнер

"Н&J" ұжымы

Беттеуші

А.Ақпанбетова

Лицензия жыл

Басуға қол қойылды

-ж. Пішімі 70×90^{1/16}. «Тауыс» гарнитурасы. Кеглі 11. Офсеттік

әдіспен басылды. Есептік баспа табағы 11,7. Баспа табағы 10,94.

Таралымы дана

санды тапсырыс.

Жалға берілген оқулық жағдайын көрсететін таблица

Р/Н	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылы соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы таблица сынып жетекшісінің қолымен төмендегі бағалау критерийлеріне негізделіп толтырылады

Жаңа	Оқулықтың пайдалануға алғаш берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен бөлектенбеген. Барлық беті түгел, өшірілмеген, жазу, сызық жоқ.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, біршама сызылып, беттері жемірілген, оқулықтың негізгі бөлігінен бөлектенуге жақын. Пайдаланушы біршама түптеп жыртылған беттерін желімдеген, кей беттері сызылған.
Қанағаттанарлықсыз	Мұқаба сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған немесе бүтіндей жоқ. Қанағаттанарсыз түптелген. Беттері жыртылған, парақтары жетпейді, сызып, бояп тасталған, оқулықты қайта түптеу мүмкін емес.